



**SAMRUK**  
K A Z Y N A



# САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА – ТҰРАҚТЫ БОЛАШАҚҚА ЖОЛБАСШЫ

**2023** Тұрақты даму  
туралы есеп

# Мазмұны

- 4 Есеп туралы
- 6 2023 тұрақты дамудың негізгі көрсеткіштері
- 8 Директорлар кеңесі мүшесінің жолдауы
- 10 Басқарма Төрағасының жолдауы
- 12 2023 жылдағы тұрақты даму саласындағы негізгі оқиғалар



1

14 бет

## Қор туралы

- 18 Мүдделі тараптар үшін құндылықты қалай жасаймыз
- 20 Біздің негізгі қызмет бағыттарымыз
- 22 Біздің стратегиямыз
- 24 Тұрақты даму қағидаттары
- 26 Тұрақты даму жолындағы сын-қатерлер
- 28 Тұрақты даму мақсаттары
- 31 Стратегиялық серіктестік және ынтымақтастық



2

38 бет

## Тұрақты дамуды басқару

- 47 Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау
- 48 Ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау
- 50 Сәйкестік және жүгінулермен жұмыс
- 52 Омбудсмен институты



3

54 бет

## Қордың еліміздің әл-ауқатына қосқан үлесі

- 57 Қаржылық нәтижелер және тұрақты өсу
- 59 Экономика мен қоғамды дамытуға инвестициялар
- 66 Әлеуметтік маңызы бар қызметтер мен инфрақұрылымды дамыту
- 71 Ғылыми-зерттеу қызметі
- 72 Халықаралық инвестициялар және ынтымақтастық
- 73 IPO және SPO: қор нарығын ынталандыру
- 74 Шағын және орта бизнесті дамытуға жәрдемдесу
- 76 Қайырымдылық және әлеуметтік жобалар

## Біздің адамдар

- 85 Тең мүмкіндіктерді құру
- 90 Лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету
- 92 Кәсіби даму
- 94 Корпоративтік мәдениет және құндылықтар
- 96 Жастарға арналған бағдарламалар
- 97 Әлеуметтік-еңбек қатынастары
- 100 Жұмыс орнындағы қауіпсіздік
- 108 Жұмыскерлердің денсаулығы мен амандығы



4

82 бет



5

110 бет

## Қоршаған орта

- 114 Климаттық әсерді азайту бастамалары
- 124 Атмосфералық ауаның сапасы
- 126 Энергияны оңтайландыру
- 130 Биоалуантүрлілікті сақтау
- 136 Су ресурстарын басқару
- 142 Қалдықтарды басқару
- 144 Талаптарды сақтау

## Қосымшалар

- 148 Есепті дайындау әдістемесі
- 152 Материалдық тақырыптарды бағалау
- 160 1-Қосымша. БҰҰ ТДМ-не қол жеткізудегі біздің үлесіміз
- 164 2-Қосымша. Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу тәсілі
- 168 3-Қосымша. Қордың қоржындық компанияларымен серіктестік және олардағы мүшелік
- 171 4-Қосымша. Мекендеу аумақтарында анықталған түрлер және олардың табиғат қорғау мәртебесі
- 176 5-Қосымша. Байланыс ақпараттары
- 178 6-Қосымша. Кері байланыс сауалнамасы
- 180 7-Қосымша. Есептілік шегі
- 192 8-Қосымша. GRI мазмұн көрсеткіші
- 204 9-Қосымша. SASB мазмұн көрсеткіші
- 205 10-Қосымша. TCFD көрсеткіштер кестесі
- 206 11-Қосымша. ESG data
- 230 12-Қосымша. Анықтамалық материалдар
- 235 13-Қосымша. Тәуелсіз кепілдік
- 238 14-Қосымша. Глоссарий



6

146 бет

## Есеп туралы

Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат Қоры» АҚ **GRI 2-1** (бұдан әрі – Қор) 2023 жылға арналған Тұрақты даму саласындағы есебі (бұдан әрі – Есеп) Қордың мүдделі тараптарының кең ауқымын біздің қызметіміздің нәтижелері туралы ақпараттандыруға арналған және еліміздің экономикалық, инфрақұрылымдық және әлеуметтік дамуына қосқан үлесіміз туралы, сондай-ақ Қор мен оның қоржындық компаниялары қызметінің экологиялық және экономикалық аспектілері бойынша ақпаратты қамтиды.

Біз мүдделі тараптармен тиімді және сапалы коммуникацияны қамтамасыз етуге талпынамыз, сондықтан тұрақты даму саласындағы ақпаратты ашқан кезде біз осы саладағы жетекші әлемдік есептілік стандарттарын қатаң ұстанамыз. Осы есеп жаһандық есептілік бастамасының (GRI Sustainability Reporting Standards - GRI) тұрақты даму саласындағы есептілікті дайындау жөніндегі халықаралық стандарттарына сәйкес және Sustainability Accounting Standards Board (SASB) стандарттарының тұрақты даму саласындағы ақпаратты ашуға қатысты қағидаттар мен тәсілдемелердің пайдаланылуымен дайындалған.

Қордың тұрақты даму саласындағы есептері 2016 жылдан бастап жыл сайын жарияланып келуде. Есепті кезең қаржылық есептіліктің есепті кезеңімен сәйкес келеді. Осы есеп «7-қосымша. Есептілік шегі» сәйкес 2023 жылдың 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығындағы кезеңдегі Қор және оның портфельдік компаниялары туралы шоғырландырылған ақпаратты қамтиды және Қордың Директорлар кеңесімен 2024 жылдың 26 маусымында бекітілген. **GRI 2-3, GRI 2-14**

Есеп 2024 жылдың 27 тамызында жарияланды. **GRI 2-3** 2022 жылға арналған алдыңғы есеп 2023 жылдың 29 қыркүйегінде жарияланған.

5-қосымшада сіздер Есеп және тұтастай алғанда Қордың тұрақты даму тәжірибесі бойынша сұрақтар мен кері байланыспен хабарласа алатын байланысушы тұлғаларды таба аласыздар.






# 2023 тұрақты дамудың негізгі көрсеткіштері




## Аймақтар мен жергілікті қауымдастықтардың дамуына үлес қосу

Құрылған тікелей экономикалық құн, млрд теңге



ҚР мемлекетіне төлемдер, млрд теңге



Инвестициялық қоржын

~49  
трлн теңге

Отандық жеткізушілерден сатып алу үлесі

92%


Қор компаниялары тобының қор нарығында акцияларға

167  
мыңнан астам бөлшек сауда инвесторларды тартты




## Еңбек тәжірибелері

LTIF көрсеткіші<sup>1</sup>



Жыл соңындағы штаттық жұмыскерлердің тізімдік саны, адам.



Мүмкіндігі шектеулі жұмыскерлер

2 764  
адам



Өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша инвестициялар

109  
млрд теңге




Қабылданған жұмыскер

41 075  
адам




## Қоршаған орта

Көміртек ізі, миллион тонна CO<sub>2</sub>-балама



Жалпы энергия тұтыну, млн ГДж



Су алудың жалпы көлемі

63 924  
млн м<sup>3</sup>



оның ішінде өндірістік компаниялардың қажеттіліктеріне су алу<sup>2</sup>

331  
млн м<sup>3</sup>



Ластаушы заттардың шығарындылары

500  
мың тонна



<sup>1</sup> LTIF (жұмыс уақытының жоғалуымен жарақаттар коэффициенті) – 1 миллион адам-сағатқа көбейтілген және 12 есептік ай ішінде жұмыс істелген адам-сағаттың жалпы санына бөлінген еңбек қабілеттілігін жоғалтуымен жазатайым оқиғаларда зардап шеккен жұмыскерлер саны (соның ішінде қаза болғандар).

<sup>2</sup> СЭС су алуын есепке алусыз.

# Директорлар Кеңесі мүшесінің жолдауы



**Болат Бидахметұлы  
Жәмішев**

Директорлар кеңесінің мүшесі,  
«Самұрық-Қазына» АҚ Тәуелсіз  
директоры

## Құрметті оқырмандар!

Сіздерге осы жылдар ішінде біздің қызметіміз туралы ақпаратты ашудың маңызды элементіне айналған Қордың тұрақты даму саласындағы кезекті, сегізінші есебін қуана ұсынамын. Біз барлық мүдделі тараптарға сапалы және пайдалы ақпарат беру үшін есептілігімізді жетілдіру бойынша үнемі жұмыс істейміз.

2023 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі - «Самұрық-Қазына» АҚ Жалғыз акционерімен – Қордың 2023-2032 жылдарға арналған Даму жоспары бекітілген. Тұрақты даму – ESG қағидаттарын енгізу – біз үшін жұмыстың стратегиялық бағыты болып қала береді. Адамдардың әл-ауқаты мен экожүйелерді сақтау, сондай-ақ корпоративтік басқарудың тиімді және айқын жүйесін сақтау ұзақ мерзімді тұрақты өсу мен активтердің дамуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысымыздың ажырамас бөлігі болып табылады. **GRI 2-22**

2023 жыл еліміздің экономикасына өз үлесімізді қосуға мүмкіндік беретін айтарлықтай қаржылық және операциялық нәтижелермен ерекшеленді. 2023 жылы біз Үкіметке 1 469 млрд теңгеден астам қаржы бөлдік. Соның ішінде дивидендтер түрінде біз 1 269 млрд теңге мөлшеріндегі рекордтық соманы төледік. Мемлекеттің әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларын қолдауға 133 млрд теңге бағытталды. Атап айтқанда, 2023 жылдан бастап Қор «Қазақстан халқына» Қоғамдық қорының атына таза табыстың кемінде жеті пайызы мөлшерінде қаражат бөліп тұрды. «Қазақстан халқына» ҚҚ қазақстандықтардың денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы өзекті мәселелерін және басқа да әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған қайырымдылық бағдарламалары мен жобаларын іске асырады. 2023 жылы Қоғамдық қорға 67 млрд теңге бағытталды.

## Корпоративтік басқарудың мықты жүйесін қамтамасыз ету

Корпоративтік басқару жүйесін дамытуда біз халықаралық қоғамдастықпен және қазақстандық мемлекеттік органдармен тығыз жұмыс істейміз. 2023 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) Қазақстанның квазимемлекеттік секторындағы корпоративтік басқару бойынша ауқымды шолуды аяқтады, онда қазақстандық мемлекеттік кәсіпорындарға қолданылатын корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша ұсынымдар берілді. ЭЫДҰ сарапшыларының көмегімен Қордың Корпоративтік басқару кодексі жаңартылып, жетекші қор биржаларының (ЭЫДҰ және Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексі) Премиум сегментіндегі листинг ережелерінің ең қатаң нұсқамаларына сәйкес келтірілді. Кодекстің жаңа редакциясы Қор Тобына инвестициялар тартудың негізі болып табылады.

Біздің қоржында IPO-ға әлдеқашан шыққан немесе болашақта мұны жоспарлап отырған компаниялар бар. Азаматтарға бұл сенімді қаржы құралдары арқылы қосымша табыс алуға мүмкіндік береді. Бұл ретте кәсіби Директорлар кеңесінің болуы инвесторлардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуі мүмкін.

Сондықтан біз Қордың барлық қоржындық компанияларында Директорлар кеңестері мен Байқаушы кеңестерінің құрамын күшейту және сапалы жаңарту бойынша жұмысты жоспарлы түрде жүргізудеміз. Қорда еліміздің жетекші мамандары жинақталған. Мысалы, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Төралқасы жанындағы Корпоративтік басқару жөніндегі ұлттық кеңесінің қамқорлығымен ұйымдастырылған корпоративтік басқару жөніндегі форумда «ҚазМұнайГаз» ҰК ДҚ бірден екі мүшесі өз саласында үздік деп танылғанын қуанышпен атап өткім келеді: Сая Найманбайқызы Мыңшарипова «Тәуелсіз директор 2023» және Арман Әнуарбекұлы Аргингазин «Директорлар кеңесінің Төрағасы 2023» номинацияларында.

Біз гендерлік теңдікке және компаниялардың басқару органдарында әйелдердің қатысу үлесін арттыруға жәрдемдесеміз. Корпоративтік басқару кодексі Директорлар кеңесі және Қор Тобының атқарушы органдары құрамының кемінде 30%-ын әйелдер құрайтынын ұсынады. Біздің міндетіміз – 7 жыл ішінде шешім қабылдау органдарындағы әйелдердің үлесін екі есе арттыру. Атап айтқанда, Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиямен бірлесіп, мемлекет қатысатын компаниялардың басқару органдарындағы әйелдердің үлесін арттыру бойынша «Гендерлік теңдік» бағдарламасы жүзеге асырылды. Жоба басқарушылық дағдыларды дамытуға және әйел көшбасшыларды дайындауға бағытталған. Нәтижесінде 71 адамнан тұратын әйелдер көшбасшыларының пулы құрылды.

## Қызметтің ашықтығы және ашық диалог

Қоғаммен өзара тиімді, тұрақты және тікелей диалог құру Қордың Қоғамдық кеңесі қызметінің басым бағыты болып табылады. 2023 жылы Қоғамдық кеңестің 12 отырысы өткізіліп, онда Қор мен қоржындық компаниялар жұмысының нәтижелері тыңдалды және Қор басшылығы азаматтарды толғандыратын өзекті сұрақтарға жауап берді. Жұртшылық көтерген маңызды тақырыптарға: Қордың сатып алу мәселелері, компанияларды бәсекелестік ортаға шығару, даму жоспары, өндірістік қауіпсіздік саласындағы қоржындық компаниялардың қызметі, инвестициялық жобаларды іске асыру мәртебесі, сондай-ақ корпоративтік басқарудағы өзгерістер кірді.

Қоржындық компаниялардың жаңа жария мәртебесі ашықтықты арттыруға және әлемдік стандарттарға сәйкес корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруге қосымша серпін береді.





# Басқарма Төрағасының жолдауы



**Нұрлан Қаршағұлы  
Жақыпов**

«Самұрық-Қазына» АҚ  
Басқарма Төрағасы

## Құрметті әріптестер мен достар!

Қор Тобы үшін өткен жыл әр түрлі салалардағы нәтижелі жұмыс пен әсерлі нәтижелер кезеңі болды. Қор қойылған міндеттерді ойдағыдай орындап, белгіленген мақсаттарға қол жеткізді.

2023 жыл Қор үшін маңызды болды. Біз Қордың 15 жылдығы, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ компаниясының IPO-ға шығуының бес жылдығы және «KEGOC» АҚ ұлттық компаниясының табысты SPO-сы сияқты маңызды мерейтойлар мен жетістіктерді атап өттік.

Әсіресе, Қазақстанның авиация саласы үшін тарихи сәтті атап өткім келеді: «Эйр Астана» АҚ авиакомпаниясының 2024 жылғы ақпандағы үш жетекші қор биржасындағы листингі. Бұл инвесторлардың сенімін көрсетіп, бізді әлемдік нарықта сенімді және перспективалы ойыншы ретінде таниды. Осылайша, бүгінде қор нарығында нарықтық капиталдандыруы 32 млрд АҚШ долларын құрайтын Қор Тобының 7 компаниясы саудаланады.

Бүгінгі таңда Қор – 267 мыңнан астам жұмыскерді біріктіретін үлкен отбасы. Қор елдің бизнес-тәсілдердегі драйвері және көшбасшысы болып, ел экономикасының жағдайына үлкен әсер етеді. Қордың 2023 жылы Қазақстанның тұрақты дамуына қосқан үлесі келесі бағыттар бойынша 10,1 трлн теңгеге бағаланады.

## Стратегиялық тәсіл

2023 жылдың қорытындысы бойынша Акционердің үлесіне шаққандағы таза пайда 1,7 трлн теңгені құрады, ал EBITDA көрсеткіші тіпті мұнай бағасының 18%-ға төмендеуі және ішкі нарықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін газ экспортының төмендеуі кезінде де 4,5 трлн теңге деңгейінде қалыптасты.

2023 жылы Қор Мемлекетке салықтар, дивидендтер және басқа да бөлулер түрінде 3 461,3 млрд теңге мөлшеріндегі рекордтық соманы төледі.

Қордың компаниялар Тобының инвестициялық қоржынына жиынтық сомасы ~49 трлн теңгені құрайтын 130-дан астам инвестициялық жоба кіреді. Бұл жобалар ел экономикасы мен жекелеген салалар үшін маңызды өсу нүктесіне айналады, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді және жоғары әлеуметтік-экономикалық маңызға ие болады.

2023 жылы жалпы сомасы 1,1 трлн теңгені құрайтын 15 жобаны іске асыру аяқталды. Мәселен, үш жаңа газ кен орны іске қосылды, онда табиғи газ өндіру толық көлемде игерілгенде жылына 1,1 млрд текше метрден астам газды құрайтын болады. Қазақстанның батысында тұтынушыларды

сенімді газбен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін «Мақат-Солтүстік Кавказ» газ құбырын кеңейту жобасы іске асырылып, «Бейнеу-Жаңаөзен» газ құбырының екінші желісінің өткізу қабілеті арттырылды. «Сарша» аумағын және «Жылы жағажай» курорттық аймағын газдандыру жобасы аяқталды. Жоба өңірде ауыл жылыжай шаруашылығын дамытуға мүмкіндік береді, сондай-ақ туристік объектілерге инвестициялар тартуға және өңірдегі бизнесті дамытуға себептесетін болады. Бұдан басқа, жоба өңірдегі су тапшылығы мәселесін де шешуге жағдай туғызатын болады. Газдың жаңа көлемін негізгі тұтынушылардың бірі газбен тұщыландыру зауыты болуы тиіс.

Атырау және Маңғыстау облыстарының тұрғындары, кәсіпорындары мен ауыл шаруашылығы үшін қосымша 60 мың текше метр ауыз су көздеріне айналатын «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбырын кешенді қайта құру жұмыстары аяқталды.

Электрмен жабдықтаудың сенімділігін қамтамасыз ету үшін Қазақстанның Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің Батыс аймағының электр желісін күшейту жөніндегі стратегиялық маңызды жоба іске асырылып, оның шеңберінде 780 км электр беру желілері салынды, бұл өткізу қабілетін екі еседен астам ұлғайтты.

Сондай-ақ, Орталық Азиядағы ең ірі орталықтардың біріне айналған Астанадағы Қазпошта жаңа логистикалық орталығының ашылуы да маңызды сәт болды. Бұл орталық пошта арқылы жеткізу қызметтерінің сапасын жақсартып қана қоймай, сонымен қатар біздің елімізде электрондық коммерцияның дамуына ықпал ететін болады.

Біз сондай-ақ заманауи байланыс технологияларына инвестиция салуды жалғастырамыз. 1 157 5G базалық станциясы орнатылды, бұл халыққа білім беру, жұмыс және кәсіпкерлік саласында жаңа мүмкіндіктер ашады.

## Әлеуметтік үлес

Біздің 2023 жылдағы әлеуметтік үлесіміз 396 млрд теңге сомасына бағаланады, оған әлеуметтік жобаларға, жұмыскерлер мен өңірлерді қолдауға, қайырымдылыққа, сондай-ақ өндірістегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған түрлі іс-шараларды қаржыландыруға жұмсалатын түрлі шығыстар кіреді.

«Vision Zero» нәлдік жарақаттану» қағидатын ұстана отырып, біз жұмыс орнындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету тек заңнамалық талаптарды орындау ғана емес, сонымен қатар жұмыскерлер, олардың отбасылары, сондай-ақ жалпы қоғам алдындағы моральдық борышымыз екеніне сенімдіміз. 2023 жылдың қорытындысы бойынша LTIFR коэффициенті 2022 жылмен салыстырғанда 13% - ға төмендеп, 0,14<sup>3</sup>- ке жетті.

Инклюзияны дамыту жөніндегі бастама шеңберінде 2021 жылдан бастап Қазақстанның бүкіл аумағында 34 оңалту орталығы (15 оңалту орталығы, 14 ерте араласу орталығы, аутизм бар балаларға арналған 5 орталық) ашылды, соның ішінде 2023 жылы 13 (7 ерте араласу орталығы, аутизм және басқа да ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған 5 орталық және 1 оңалту орталығы). Осылайша, 30 мыңнан астам бала тегін оңалтумен қамтылды. Келесі жылы қамтуды 35 мың балаға дейін ұлғайту, орталықтардың санын 50-ге жеткізу жоспарлануда.

Қайырымдылық қызметінің бірыңғай операторы арқылы Қор Тобы 2023 жылы денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт саласында құны 7,2 млрд теңге құрайтын 46 жобаны іске асырды, - көмекпен 524 мың адам қамтылды.

## Төмен көміртекті даму мен қоршаған ортаны қорғаудағы үлес

2023 жылы біз елімізде жаңартылатын энергия көздерін дамыту мақсатында энергетика секторына инвесторлар мен серіктестерді тартуда айтарлықтай жетістіктерге жеттік. Total Open, Masdar, ACWA Power және China Power International Holding сияқты ірі шетелдік серіктестермен қуаттылығы 4 ГВт-ты құрайтын ЖЭК жобалары, соның ішінде энергияны сақтау жүйелері бойынша келісімдерге қол жеткізілді.

Парниктік газдар эмиссияларын қысқарту бойынша жұмыс істей отырып, біз Алматы ЖЭО-ны көмірден газға ауыстыру жобасын іске асырамыз. Қордың қоржындық компаниялары қол жетімді үздік техниканы енгізіп, қоршаған ортаға теріс әсерді азайту үшін сүзгілерді және шығарындыларды бақылаудың автоматты жүйелерін орнатады.

2023 жылы энергетика секторында ластаушы заттардың шығарындыларын азайту мақсатында 1,6 млрд теңге сомасына шаң-газ тазарту жүйелеріне жөндеу және жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

Эмиссиялар тұрғысынан ең ірі 8 объектіде қоршаған ортаға эмиссияларды нақты уақыт режимінде мониторингілеуге мүмкіндік беретін эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйелері орнатылған. Келесі жылы мұндай жүйелер тағы 4 нысанға орнатылатын болады.

Соңында Қор Тобының жұмыскерлерін, сондай-ақ серіктестер мен стейкхолдерлерді Қордың мерейтойымен құттықтағым келеді. Сіздерге денсаулық, қуат, амандық және жаңа жеңістер тілеймін! Біз бірге әсерлі нәтижелерге қол жеткізуді жалғастыра аламыз және акционерлеріміз, клиенттеріміз және жалпы қоғамымыз үшін құндылық жасай аламыз.

<sup>3</sup> LTIFR в 2023 году равен 0,26.



# 2023 жылдағы тұрақты даму саласындағы негізгі оқиғалар

3

## Наурыз

«KEGOC» АҚ KASE сауда-саттық алаңында 16,9 млрд теңге сомасына KEGOC «жасыл» облигацияларының екінші орналастырылуын ойдағыдай іске асырды

«Самұрық-Қазына» АҚ өндірістік қауіпсіздік жөніндегі Қоғамдық кеңестің ашық отырысын Тобында өткізді

4

## Сәуір

«Самұрық-Қазына» АҚ сарапшылары Испанияда өндірістік қауіпсіздік тәуекелдерінің алдын алу жөніндегі XXIII Дүниежүзілік конгресте өз тәжірибесін ұсынды

«Әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникациялар орталығы» жеке мекемесі Қор компанияларының жұмыскерлері мен басшылығы арасындағы қарым-қатынастың жаңа тәсілін енгізді

5

## Мамыр

«Самұрық-Қазына» АҚ «Гендерлік теңдік» бағдарламасының түлектері Әйелдер істері жөніндегі мемлекеттік комиссияның құрамына енді

«Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС мен Степногорск күкірт қышқылы зауыты – «SSAP» ЖШС-да «Жасыл кеңсе» тұжырымдамасы енгізілді

6

## Маусым

Қоржындық компанияларының жұмыскерлері алықаралық стандарттары бойынша алғашқы медициналық көмек көрсету курстарынан өтті

«KEGOC» АҚ «жасыл» облигациялардың ең ірі шығарылымы үшін «Green Finance Awards 2023» жүлдесін алды

7

## Шілде

«Тау-Кен Самұрық» АҚ мен «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ «Болашақ» халықаралық стипендиясының түлектеріне өзара қолдау көрсету туралы келісім жасасты

9

## Қыркүйек

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ БҰҰ Жаһандық шартының «SDG Ambition» Бағдарламасына қатысушы атанды

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-та Корпоративтік волонтерлік мектебі ашылды

Топтағы кадршыларының кәсіби қоғамдастығы HR-connect іске қосылды

«Эйр Астана» АҚ елордада Еуропалық авиациялық қауіпсіздік агенттігінің сертификатына ие болған Жазғы даярлау орталығын ашты

10

## Қазан

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесі ресурстарын басқару және радиобелсенді қалдықтарды пайдалану бойынша 2030 жылға дейінгі Бағдарламаны бекітті

«Самұрық-Қазына» АҚ мен China Power International Holding компаниясы қуаты 1 ГВт ЖЭС құрылысы жобасын салу жөніндегі келісімге қол қойды

«Самұрық-Қазына» АҚ, China National Petroleum Corporation және ҚР Энергетика министрлігі Жаңартылатын энергетика саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Маңғыстауда газ құбырдың екінші желісін іске қосты

«Samruk Business Academy» ЖМ-нің «Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті» жобасы EMBRAS 2023 HR-жобалары байқауында жеңіске жетті

«Самұрық-Энерго» АҚ-тың Жылдық есебі MarCom Awards (АҚШ) беделді халықаралық байқауында платина (ең жоғары) марапатқа ие болды

«Тау-Кен Алтын» ЖШС-нің аффинаж зауытында өз өндірісінің қалдықтарынан алтын бөліп алу бойынша цех іске қосылды

11

## Қараша

Total Eren компаниясымен Қазақстанда жалпы қуаты 1 ГВт ЖЭС салу бойынша бірлескен кәсіпорын құру туралы келісімге қол қойылды

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы АҚШ-та Black Sea Energy and Security конференциясына қатысты

12

## Желтоқсан

«Самұрық-Қазына» АҚ тобының бес жұмыскері Президенттік жастар кадр резервіне алынды (алынған 50 қазақстандықтың ішінен)

«Самұрық-Қазына» АҚ, ҚР Энергетика министрлігі және БАӘ Инвестициялар министрлігі Қазақстанда жалпы қуаты 10 ГВт-ты құрайтын Төмен көміртекті энергетиканы дамыту туралы меморандумға қол қойды

COP 28 конференциясында «Самұрық-Қазына» АҚ ACWA Power және Masdar-мен бірлесіп, ЖЭС салу жөніндегі жобаларды іске асыру туралы келісімге қол қойды

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ COP 28 конференциясында OGMP 2.0 (The Oil & Gas methane Partnership) серіктестігіне қосылып, UNEP-пен Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды

«Қазақтелеком» АҚ Астанадағы жыл сайынғы IDC Government Innovation Forum-да киберқауіпсіздікті қамтамасыз етудің жаңа үлгісін ұсынды

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ және мердігерлер жайлы мектеп жөніндегі EPC-келісімшарттарына қол қойды

«Қазпошта» АҚ мен «Жасыл Даму» АҚ «жасыл» экономика мен ESG-ні дамыту бойынша меморандумға қол қойды

«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-тың 2033 жылға дейінгі Даму стратегиясы бекітілді, оның мақсаттарының бірі болып ESG қағидаттарын енгізу және таза көміртегі ізін 10%-ға азайту табылады

1

## Қор туралы

- 18** Мүдделі тараптар үшін құндылықты қалай жасаймыз
- 20** Біздің негізгі қызмет бағыттарымыз
- 22** Біздің стратегиямыз
- 24** Тұрақты даму қағидаттары
- 26** Тұрақты даму жолындағы сын-қатерлер
- 28** Тұрақты даму мақсаттары
- 31** Стратегиялық серіктестік және ынтымақтастық

«САМРҰҚ-ҚАЗЫНА»  
ҰЛТТЫҚ  
ӘЛ-АУҚАТ ҚОРЫ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ  
ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

10,1  
ТРЛН ТЕҢГЕ

267  
МЫҢ ЖҰМЫСҚЕРЛЕР





«САМУҒРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ 2008 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫМЕН ҚҰРЫЛДЫ. ҚОР АСА МАҢЫЗДЫ МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕРДІ БАСҚАРУ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНДА ТҮЙІНДІ РӨЛ АТҚАРАДЫ.

Қордың  
басқаруындағы  
жалпы активтер  
2023 жылдың аяғында

**36 926**

млрд  
теңгені  
құрады



Біз инвестиция тартамыз және бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдай жасаймыз, жаңартпаларды белсенді түрде қолдаймыз, шағын және орта бизнестің дамуына үлес қосамыз, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асырамыз.

Қордың Жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. **GRI 201-4** Үкімет пен Қор Тобы арасындағы қарым-қатынастар корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкес Директорлар кеңесі арқылы жүзеге асырылады.

Қордың компаниялар Тобына экономиканың әртүрлі секторларының қоржындық компаниялары кіреді. Қордың активтер қоржынына мұнай-газ және көлік-логистика секторларының, химия және атом өнеркәсібінің, тау-кен металлургия кешенінің, энергетика және жылжымайтын мүлік салаларының компаниялары кіреді. Қордың басқаруындағы жалпы активтер 2023 жылдың аяғында 36 926 млрд теңгені құрады. Қор өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүргізеді<sup>5</sup>. **GRI 2-1** **GRI 2-6**

Қордың рөліне мыналар кіреді:

- қоржындық компаниялар арасындағы синергияны қамтамасыз ету;
- инвестицияларды әсіресе шикізаттық емес салаларға және жеке сектор шектелген жаңа бағыттарға салу;
- сараптамаларды, құзыреттерді және инвестицияларды ұсыну арқылы мақсатты салаларды дамыту;
- стратегиялық серіктестік арқылы шетелдік инвестицияларды қоса алғанда, инвестицияларды тарту;
- меншік пен акционерлердің құқықтарын қорғау қағидаттарына негізделген озық іскерлік мәдениетті дамыту, және отандық компанияларды, соның ішінде шағын және орта бизнес өкілдерін қолдау;
- жаһандық стратегиялық инвесторлармен және сала жетекшілерімен, сондай-ақ басқа да тәуелсіз әл-ауқат қорларымен халықаралық серіктестікті дамыту.

## Миссия

Қазақстан Республикасы халқының мүддесі үшін әртараптандырылған активтер қоржынын тиімді басқару және бизнесті қолдау арқылы тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз ету және ұзақ мерзімді құнды құру.

## Біздің көзқарасымыз

Жауапты инвестициялар арқылы адамдардың әл-ауқаты мен қоршаған ортаны қорғау қағидаттарына негізделген жаңартпашыл дамуда серпіліс жасай отырып, ұлттық экономиканың көшбасшысы болу.

<sup>5</sup> Ірі портфельдік компаниялар қызметінің географиясы туралы толығырақ ақпаратты [Қордың 2023 жылғы жылдық есебінде «Активтер Қоржыны» бөлімінен](#) табуға болады.



## Мүдделі тараптар үшін құндылықты қалай жасаймыз GRI 2-6


### Қордың 2032 жылға дейінгі стратегиялық мақсаттары



### Қор активтерінің портфелі



### Қызметтің көлемі және ресурстары



### Қызметтің негізгі нәтижелері



# Біздің негізгі қызмет бағыттарымыз<sup>6</sup>

GRI 2-6

## Мұнай-газ секторы



## Мұнайгазхимиялық және химиялық секторлар



## Тау-кен металлургия секторы



## Көлік және логистика секторы



## Электр энергетикасы секторы



## Телекоммуникациялық сектор



- Геологиялық барлау
- Мұнай мен газды өндіру
- Мұнай мен газды тасымалдау
- Мұнай мен газды өңдеу
- Мұнай өнімдері, бензол мен параксилол өндірісі
- Мұнай сервистері






- Полипропилен өндірісі
- H<sub>2</sub>SO<sub>4</sub> өндірісі
- Гербицидтер өндірісі
- Полимер өнімдерін өндіру
- ҰИМТ АЭА инфрақұрылым объектілері

- Геологиялық барлау
- Fe, Mo, W кендерін, полиметалл кендерін, U<sub>3</sub>O<sub>8</sub> өндіру
- Кенді өңдеу
- Тазарту және конверсия
- U<sub>3</sub>O<sub>8</sub>, UO<sub>2</sub>, ұнтағын, отын таблеткаларын, Nb<sub>41</sub>Be<sub>4</sub> Ta<sub>73</sub>, Au, Ag, Si және кварцты өндіру
- Өткізу және тасымалдау

- Жүк тасымалы
- Жолаушылар тасымалы
- Пошталық және курьерлік қызметтер

- Энергетикалық көмір өндірісі
- Электр энергиясын өндіру
- Жылу энергиясын өндіру
- Электр энергиясын беру және тарату

Телекоммуникациялық қызметтердің барлық түрлерін көрсету




<sup>6</sup> 2023 жылы елеулі өзгерістер Топтың құрылымына екі СЭС-ті қосудан байланысты («АЭС Шүлбі СЭС» ЖШС және «АЭС Өскемен СЭС» ЖШС).

GRI 2-6

Саны, адам      Энергияны меншікті тұтыну  
 Су алу, млн м<sup>3</sup>      Түсімге шаққандағы парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығы, тонна CO<sub>2</sub>-балама./ млн теңге

# Біздің стратегиямыз

Тұрақты даму – біздің 2023-2032 жылдарға арналған Даму жоспарымыздың (стратегиямыздың) стратегиялық бағыттарының бірі. Ол біздің стратегиялық іс-әрекеттерімізді айқындайды және акционерлік құнды арттыра, сапалы өсуге көмектеседі. Қор экономикалық өсу, әлеуметтік қажеттіліктерге деген қамқорлық және қоршаған ортаны қорғау арасындағы теңгерімді құруға ұмтылады. Біз прогрессіміздің экономикаға да, қоғамға да пайдасын тигізіп, адамдардың өмір сүру сапасын жақсартып, сонымен қатар қоршаған ортаға түсетін жүктемені азайтқымыз келеді.



2032 жылға дейін Қор ESG қағидаттарын біріктіруге және келесі басым бағыттар бойынша бастамаларды іске асыруға назар аударатын болады:

- корпоративтік басқару
- H&S озық тәжірибелері
- көміртексіздендіру
- әлеуметтік жауапкершілік
- ашықтық, транспаренттік және комплаенс
- адам капиталын дамыту
- «жасыл» қаржыландыру
- ресурстарды үнемдеу

## Қағидаттар

- Адам құқықтарын сақтау
- Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік
- Есеп берушілік
- Этикалық мінез-құлық
- Айқындық
- Жеке үлгі
- Ашықтық
- Мүдделер қақтығысына жол бермеу



## Тұрақты даму қағидаттары

Біздің тұрақты даму стратегиямыз қызметіміздің негізі болатын және стратегиялық мақсаттарымызға қол жеткізуге көмектесетін қағидаттарға негізделген. Біз оларды іс жүзінде көрсете отырып, оларды сақтауда көшбасшы болуға ұмтыламыз.

### Адам құқықтарының құндылығы және этикалық мінез-құлық

GRI 2-23 GRI 2-24

Біз негізгі адам құқықтарын қатаң құрметтейміз және бүкіл қызметімізде этикалық қағидаттарды ұстанамыз.

Біздің Жүріс-тұрыс кодексіміз<sup>7</sup> сыбайлас жемқорлық және парақорлық, этикалық мінез-құлық, кемсітушілік, деректердің құпиялылығы, мүдделер қақтығысы, заңсыз іс-әрекеттер және қоршаған орта туралы хабарламалар, жұмыскерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігі тақырыптарындағы құндылықтарды, негізгі қағидаттар мен жүріс-тұрыс стандарттарын белгілейді. **GRI 3-3**

Кодексте белгіленген стандарттар мен қағидаттар Қордың барлық жұмыскерлері, лауазымды тұлғалары мен директорлары, сондай-ақ біздің Тобымызға кіретін компаниялар үшін міндетті болып табылады. Бізбен жұмыс істейтін немесе Қорды ұсынатын іскер серіктестер, жеткізушілер және басқа үшінші тұлғалар осы Кодекстің ережелерін ұстануға шақырылады. Қор іскери серіктестерге негізсіз артықшылықтар мен жеңілдіктер бермейді және олармен іскерлік қатынастарды өзара тиімділік негізінде қолдап тұрады. Біз жеткізушілерді ашық түрде таңдап, ең тиімді бағаны, тауарлар/қызметтер сапасын және жеткізушінің жақсы іскерлік беделін таңдаймыз.

Кодекстің сақталуы комплаенс бағдарламасымен, соның ішінде коммуникация және оқыту арқылы қамтамасыз етіледі.

**АДАМНЫҢ БАЗАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ӨЗГЕРІССІЗ ҚАЛАДЫ: БІЗ БАЛАЛАР ЕҢБЕГІН ПАЙДАЛАНБАЙМЫЗ, МӘЖБҮРЛІ ЕҢБЕКТІ ҚОЛДАНБАЙМЫЗ, НӘСІЛІНЕ, ДІНІНЕ ЖӘНЕ ЖЫНЫСЫНА ҚАРАМАСТАН БАРЛЫҚ ЖҰМЫСКЕРЛЕР МЕН КОНТРАГЕНТТЕРДІҢ ТЕҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН МОЙЫНДАЙМЫЗ.**

<sup>7</sup> Жүріс-тұрыс кодексі Директорлар кеңесімен бекітілген. **GRI 3-3**

<sup>8</sup> Қор Тобының қайырымдылық қызметінің бірыңғай операторы болып табылатын «Samruk-Kazyna Trust» КҚ қоспағанда.

### Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік

GRI 3-3

Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністерінде тиімсіздігі Қор Тобында елеулі назардың саласы болып қала береді. Қордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелерін реттейтін маңызды негізгі ішкі құжаттар болып Жүріс-тұрыс кодексі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты және Бастамашылықпен ақпарат беру саясаты табылады.

Біздің саясатымызға сәйкес, Қор және оның кәсіпорындары қайырымдылық және демеушілік жобаларды<sup>8</sup> қаржыландыруды жүзеге асырмауы тиіс, ал біздің лауазымды тұлғаларымыз бен жұмыскерлеріміз өз қызметінде артықшылық алу немесе сақтап қалу мақсатында саяси партияларды, қоғамдық бірлестіктерді қаржыландыруды жүзеге асырмауы тиіс.

Қордың Жүріс-тұрыс кодексіне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бізде біреудің пайдасына жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) үшін материалдық сыйақы, сыйлықтар немесе көрсетілетін қызметтерді алуға тыйым салынған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының негізгі қағидаттарының бірі – «жоғары басшылықтың бейілділігі мен «басшылықтың этикалық ойлауын» (Tone at the Top) орнату. Компанияның бірінші басшысы қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін дербес жауапкершілікті көтереді. Бұл ережелер бүкіл Қор Тобы бойынша қолданылады.

### Ашықтық, айқындық және есеп берушілік

Диалог пен мүдделі тараптардың тікелей қатысуы экономиканың тұрақты дамуын және ұзақ мерзімді құнды құруды қамтамасыз етудің кілті болып табылады. Сондықтан біз өзара сенімге, айқындыққа және адалдыққа негізделген қарым-қатынастарды құрамыз. Мүдделі тараптармен тұрақты өзара әрекеттесу жүйесі маңызды және дәйекті ақпараттың берілуін, екі жақты диалог мүмкіндігінің қамтамасыз етілуін, қоржындық компаниялардың қызметімен, шағымдарды берудің икемді механизмін өзірлеумен байланысты экологиялық қауіптер мен тәуекелдер туралы хабардар болуды түспалдайды.

Қордың және біздің қоржындық компанияларымыздың қызметіне қоғамдық бақылауды жүзеге асыру үшін Қоғамдық кеңес жұмыс істейді. Қордың Қоғамдық кеңесінің әрбір отырысы өзінің ақпараттық ресурстарында айқындалады, түрлі БАҚ шақырылып, ғаламтор-басылымдарда да, теледидарда да көрсетіледі. Корпоративтік сайтта ол берген Қоғамдық кеңес туралы барлық ұсынымдар мен ережелер жарияланған Қордың Қоғамдық кеңесінің беті жасалды.

Бұдан басқа, Қор Тобының басшыларының баспасөз брифингтері жүйелі түрде өткізіліп тұрады, онда олар БАҚ пен жұртшылықтың сұрақтарына жауап береді. Біз әлеуметтік желілерде, соның ішінде [@samrukkazynaofficial](https://www.instagram.com/samrukkazynaofficial) телеграм-каналында жұмысымыз туралы белсенді түрде айтып тұрамыз. Қоғаммен өзара әрекеттесудің тағы бір жаңа нысаны — IPO науқаны аясында азаматтармен ашық кездесулер.

Қор халықаралық деңгейде танылған және әлемдегі ең тиімді және айқын қорлардың бірі болып саналады. Активтер бойынша жетекші SWF арасында ТОП 30-ға кірді (Global SWF) — 2023 жылдың соңында 21 орын.

Активтер бойынша жетекші SWF арасында ТОП 30-ға кірді

**21**  
орын

### Мүдделер қақтығысына жол бермеу

Біз жеке өмірді жоғары бағалаймыз және Қордың әрбір лауазымды тұлғасы мен жұмыскерінің Қордан тыс заңды қызметпен айналысу құқығын түсінеміз және құрметтейміз. Дегенмен, Қордағы осындай жеке мүдделер мен кәсіби міндеттер арасындағы кез келген мүдделер қақтығысы Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатқа сәйкес ашылып, реттелуі тиіс. Осы Саясат Қор қызметінің барлық түрлеріне қолданылады, және Қордың барлық лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері қызметке кіріскен кезде онымен міндетті түрде танысып, қолданулары тиіс.





## Тұрақты даму жолындағы сын-қатерлер

Ұзақ мерзімді болашақта бизнестің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін біз жаһандық үрдістерді жүйелі түрде талдап, есепке алып тұрамыз. Бүгінгі таңда Қор Тобы компанияларының негізгі қызметіне мультипликативті әсер етуі мүмкін бірқатар сын-қатер бар.

### Ел халқы санының өсуі

Қазіргі жаһандық үрдістердің ішінде бүкіл әлем бойынша халықтың күтілетін өсімін атап өту керек. Қазақстанда 2030 жылға қарай халық саны 12%-ға жуық өсіп (2019 жылмен салыстырғанда), шамамен 20,7 млн адамға жетеді.<sup>9</sup> Халық санының өсуі, цифрландыру және автоматтандыру трендтері елімізде энергия тұтынудың 3 есеге дейін өсуіне және негізгі инфрақұрылымға жүктемені арттыруына әкелуі мүмкін. Климаттық жағдайлардың ескерілуімен, Қазақстанда үй-жайларды жылытуға арналған жылу энергиясының үлестік шығысы басқа елдермен салыстырғанда 2 еседен астам жоғары.

Қазіргі уақытта Қазақстанның энергетика жүйесінде базалық қуаттылықтың тапшылығы байқалады, электр энергетикасы желілерінің инфрақұрылымының тозуы шамамен 70%-ды құрайды. Бұдан басқа, ЖЭК-ті энергия жүйесіне біріктіру үшін ұлттық электр желісі күшейтіліп, дер кезінде дайын болып тұруы тиіс.

Осыған байланысты Қордың басым жобалары базалық инфрақұрылымды, маневрлік қуатты салуға және кеңейтуге, желілік инфрақұрылымды қайта құруға және жаңғыртуға, сондай-ақ жаңа жоғары вольтты электр беріліс желілерін салуға бағытталған. Бұл ретте, инфрақұрылымды жаңартып, оның жаңа объектілерін салу үшін әділ тарифтер қажет. Қолданыстағы тарифтер кәсіпорындардың активтерін толық жаңартып алуы үшін жеткілікті кіріс деңгейін қамтамасыз етпейді.

Қор түпкілікті тұтынушылардың мүдделері мен Қор тобының компанияларының инфрақұрылымды жаңартуға және жаңғыртуға инвестициялауға, сондай-ақ өндірістік жұмыскерлер үшін лайықты жалақы деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін әділ тариф белгілеуге құқығы арасындағы теңгерімді табу бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізеді. Қор тобы табысының едәуір бөлігі компаниялардың реттелетін кірістерінен құралады және мұнай және мұнай өнімдері, газ және газбен жабдықтау, теміржол тасымалы, су беру және пошта қызметтері саласындағы уәкілетті органдардың тарифтер мен бағаларды белгілеуімен тығыз байланысты.

2022 жылдан бастап мемлекет тарифтік саясатты жетілдіру және экономиканыераықтандыру шеңберінде тоғыспалы субсидиялау тәжірибесін болдырмау жөнінде белсенді шараларды қолдануда. Дегенмен, 2023 жылы тоғыспалы субсидиялау көлемі 1,2 трлн теңге деңгейінде сақталып тұр, шығынды бағыттардың кіріс бағыттары есебінен тоғыспалы субсидиялануы жалғасуда.

Тұтынушылардың нақты топтарының кіріс деңгейінің ескерілуімен реттелетін тарифтер мен бағалардың нарықтық деңгейге кезең-кезеңімен және бірқалыпты ауысуы бойынша іс-шаралар жүргізіледі. 2023 жылы тарифтердің өсуі жекелеген сегменттер бойынша шығындарды толығымен болдырмауға мүмкіндік бермеді. Заңнамалық шектеулердің болуы, әлеуметтік аспектілер және заңнамалық базаның жетілмегендігі бағалар мен тарифтерді олардың әділ деңгейіне толық дәрежеде жеткізуге мүмкіндік бермейді.

### Энергияның ауысуы

2060 жылға қарай көміртекті бейтараптыққа жету әлеуметтік тұрақтылықтың сақталуымен, энергетикалық және экологиялық қауіпсіздік арасындағы теңгерімге негізде-луі тиіс.

Қор көміртексіздендіру жолында дәстүрлі энергия тасымалдаушылардан бас тартпай, төмен көміртекті технологияларға жоспарлы және орынды көшуге сүйенеді. Жаңартылатын энергия көздеріне екпінді көшу жүйелік энергетикалық қауіпсіздік қиыншылықтарын тудыруы мүмкін, ал көмір мен мұнайдан күтпеген жерден бас тарту бүкіл экономиканың күйреуіне әкеліп соқтырады, және де бүкіл ел бойынша көмір өнеркәсібі саласындағы 40 мыңға жуық жұмыскер жұмыссыз қалатын болады.

### ГАЗ КӨМІРТЕКТІК БЕЙТАРАПТЫҚ ЖОЛЫНДА «ТРАНЗИТТІК ОТЫН» РЕТІНДЕ ТҮЙІНДІ РӨЛ АТҚАРА БЕРЕТІН БОЛАДЫ ЖӘНЕ АЛДАҒЫ 10-15 ЖЫЛДА НАРЫҚТАҒЫ ҮЛЕСІН АРТТЫРЫП ТҰРАДЫ.

Бұл ретте Қазақстанда газ генерациясын ауқымды дамыту үшін қажетті көлемдегі тауарлық газ ресурстары шектелген. Оның үстіне ішкі нарықтағы газ бағасы экспорт бағасына қарағанда әлдеқайда төмен, бұл ел ішіндегі жеткізілімдерді экономикалық тұрғыдан тартымдылығын азайтады.

Сондықтан Қордың күш-жігері геологиялық барлау және жаңа жобалар арқылы газдың ресурстық базасын ұлғайтуға бағытталатын болады. Бұл ретте, газ генерациясын дамыту біз үшін сын-қатер әрі өсу нүктесі болып табылады, бұл кен орындарын барлауға және газ инфрақұрылымына инвестиция салуға әкеліп соқтырады.

Біз зиянды шығарындыларды азайту үшін қолданыстағы көмірмен жұмыс істейтін электр станцияларын табиғи газға ауыстырып, көмірмен жұмыс істейтін станцияларда заманауи сүзгілерді орнатудамыз.

Қор қазірдің өзінде Қазақстанда жаңартылатын энергия көздері бойынша бірқатар жобаны іске асыруда. Орта және ұзақ мерзімді болашақта жаңартылатын энергия көздері бойынша бірқатар жаңа ірі жобаны іске асыру жоспарланған.

### Су тапшылығы

Әлемде жалпы экологиялық дағдарысты ауырлататын және экономикаға зиян келтіретін судың өткір тапшылығы байқалуда.

### АЛДАҒЫ 20 ЖЫЛДА ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ СУДЫҢ ЖЕТІСПЕУШІЛІГІ СУ БАССЕЙНДЕРІН ПАЙДАЛАНУДАҒЫ ЕЛАРАЛЫҚ ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ ӨСУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ 2,8 ЕСЕ АРТАТЫН БОЛАДЫ<sup>10</sup>.

Біздің қоржындық компанияларымыздың технологиялық үдерістеріндегі судың маңыздылығын ескере отырып, су тапшылығы мәселесі біз үшін ерекше маңызды мәселеге айналады. Судың жетіспеушілігі өндірістік үдерістердің тоқтап қалуына дейін біздің компанияларымыздың, технологиялық үдерістерін айтарлықтай қиындатуы мүмкін.

Өзіміздің қызмет аясында біз өзіміз әрекет ететін аймақтарды сумен қамтамасыз ету мәселелерін шешуге бағытталған бірқатар жобаны жүзеге асырудамыз. Тұщыландыру зауыттарын іске қосу өндірістік үдерістерде тазартылған суды пайдалану арқылы сумен жабдықтау көздеріне жүктемені азайтып, осылайша тұрғындарға судың қосымша көлемін қайта бөліп береді. Су құбырын кеңейту жобасы халықты, кәсіпорындарды және ауыл шаруашылығын қосымша текше метр сумен қамтамасыз етудің тағы бір көзі болмақ.

Қолданыстағы сын-қатерлер мен міндеттердің ескерілуімен, 2023 жылы басты назар өзгермелі сыртқы ортаға ойдағыдай бейімделу үшін қажетті жобаларды іске асыруға аударылды. Бұл жобалар біздің болашақ табысымыз және еліміздің ұзақ мерзімді дамуы үшін түйінді болып табылады.

Біз Директорлар кеңесінің әрбір отырысында оларды мониторингілеу туралы есептерді жүйелі түрде ұсынып, осы жобалардың жүзеге асырылуын қатаң қадағалап тұрамыз. Бұдан басқа, біз топ-менеджмент пен басшы жұмыскерлердің мақсаттарына түзетулерді (ПӘК карталары) енгізіп, оларға басым жобаларды іске асыру бойынша метрикаларды қостық. Бұл прогресті бақылап қана қоймай, жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу үшін оны белсенді басқарып тұруға да мүмкіндік береді.

Өз жобаларымыз толығырақ біз Экономика мен қоғамды дамытуға инвестициялар бөлімінде айтып береміз.

<sup>9</sup> АО «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ жүргізген зерттеуге сәйкес.

<sup>10</sup> Еуразиялық Даму Банкі (eabr.org).



## Тұрақты даму мақсаттары

Біз тап болатын сын-қатерлерге табысты жауап қайтару үшін біз өз алдымызға өршіл мақсаттар қоямыз. Қор және оның қоржындық компаниялары Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған Тұрақты даму мақсаттарына (бұдан әрі – БҰҰ ТДМ), БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарына, БҰҰ-ның жауапты инвестициялау қағидаттарына және Экватор қағидаттарына бей-ілділікті бөліседі.

### Тұрақты даму мақсаттары

Түйінді бастамалар	ТДМ	Мақсат	Мақсатты көрсеткіш	2023 жылы қол жеткізілген көрсеткіш	Есеп бөлімі
<b>Корпоративтік басқару</b>		Қор Тобының ESG-рейтингі Қор компанияларының басшылық органдарындағы әйелдер үлесін арттыру Қордың және қоржындық компаниялардың ДК құрамындағы тәуелсіз директорлардың үлесі	2032 жылға қарай 70 перцентиль 2030 жылға қарай 30% 50% деңгейінде ұстап тұру	Орташа өлшенген ESG рейтингі 57 перцентиль Қоржындық компаниялардағы ДК-дегі/БК-дегі әйелдер үлесінің орташа өлшенген көрсеткіші Басқармадағы құрамында 13%-ды және 17%-ды құрайды (2022 жылы 14% және 15%). «Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС қоржындық компаниясында БК құрамында 67%-ы әйелдер. Қордың Директорлар кеңесінің құрамына 3 тәуелсіз директор кіреді 43% (2022 жылы 43%)	қар.: 1-Қосымша. БҰҰ ТДМ-не қол жеткізудегі біздің үлесіміз Тең мүмкіндіктерді құру бөлімін қар. қар.: 1-Қосымша. БҰҰ ТДМ-не қол жеткізудегі біздің үлесіміз Директорлар кеңесін іріктеу бөлімін қар. қар.: 1-Қосымша. БҰҰ ТДМ-не қол жеткізудегі біздің үлесіміз
<b>H&amp;S озық тәжірибелері</b>		LTIF 0,12-ге жету	2027 жыл	LTIF 0,14-ке тең (2022 жылы 0,16) <sup>11</sup>	Жұмыс орнындағы қауіпсіздік бөлімін қар. қар.: 1-Қосымша. БҰҰ ТДМ-не қол жеткізудегі біздің үлесіміз
<b>Адам капиталын дамыту</b>		Кадрлық әлеуетті арттыру, жаңа салаларда құзыреттілікті нығайту		Бір жұмыскерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа саны 23 академиялық сағатты құрады (2022 жылы – 19 сағат). 232 081 жұмыскер ҚР еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және ерт қауіпсіздігі саласындағы заңнамасының талаптары шеңберінде оқытылды 59 176 жұмыскер ҚР заңнамасынан тыс курстарда оқытылды	Кәсіби даму бөлімін қар. қар.: 1-Қосымша. БҰҰ ТДМ-не қол жеткізудегі біздің үлесіміз
<b>Ресурстарды үнемдеу</b>		Өндірістік қызметтің энергиялық сыйымдылығын төмендету	-10% 2027 жылға қарай	Энергетикалық ресурстардың жиынтық үнемделуі-2021 жылғы энергия тұтынумен салыстырғанда 6% <sup>12</sup> (қысқарту жөніндегі бастамалар нәтижесінде энергия тұтынуды қысқарту – 2023 жылы 11 497 мың ГДж)	Энергияны оңтайландыру бөлімін қар. қар.: 1-Қосымша. БҰҰ ТДМ-не қол жеткізудегі біздің үлесіміз
<b>Ашықтық, транспаренттік және комплаенс</b>		Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жүйелерінің ISO 37001:2016 «Парақорлыққа қарсы менеджмент жүйелері» және ISO 37301:2021 «Сәйкестікті басқару жүйесі» халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігіне сертификаттау		2027 жылға дейін Комплаенс функциясын дамыту стратегиясы бекітілді.	Ашықтық, мөлдірлік және есеп берушілік бөлімін қар. қар.: 1-Қосымша. БҰҰ ТДМ-не қол жеткізудегі біздің үлесіміз
<b>Әлеуметтік жауапкершілік</b>		Корпоративтік құндылықтарды енгізу және корпоративтік мәдениетті дамыту бойынша іс-шараларды іске асыру Аз ақы төленетін мамандықтар мен лауазымдар жұмыскерлерінің жалақысын көтеру	В 2023–2027 жж. В 2023–2027 жж.	Адам капиталын дамыту атты басты тақырыбымен «Болашағымыз – бірлікте!» HR-форумы өтті 2% - дан 33% - ға дейінгі диапазонда жалақысы төмен лауазымдарға баса назар аудара отырып, шамамен 243 мың жұмыскердің жалақысы көтерілді.	Корпоративтік мәдениет және құндылықтар бөлімін қар. қар.: 1-Қосымша. БҰҰ ТДМ-не қол жеткізудегі біздің үлесіміз Лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бөлімін қар. қар.: 1-Қосымша. БҰҰ ТДМ-не қол жеткізудегі біздің үлесіміз
<b>Көміртектендіру</b>		Тікелей және жанама парниктік газдар шығарындыларын азайту (1-ші және 2-ші қамту) Электр энергиясын сатып алуда төмен көміртекті генерация үлесін арттыру	2032 жылға қарай ≥ [-10%] 2032 жылға қарай 45%	Парниктік газдардың шығарындылары 2021 жылмен салыстырғанда 14%-ға қысқарды Электр энергиясын сатып алудағы төмен көміртекті генерацияның үлесі 2022 жылғы деңгейде қалды – 1%-дан аз	Климаттық әсерді азайту бастамалары бөлімін қар. қар.: 1-Қосымша. БҰҰ ТДМ-не қол жеткізудегі біздің үлесіміз Энергияны оңтайландыру бөлімін қар. қар.: 1-Қосымша. БҰҰ ТДМ-не қол жеткізудегі біздің үлесіміз
<b>«Жасыл» қаржыландыру</b>		Офсеттік жобалар қоржынын қалыптастыру ЖЭК пен СЭС-тің электр энергиясын өндірудегі үлесі	2032 жылға қарай 5,8 млн тонна CO <sub>2</sub> -балама 2032 жылға қарай 26 %	307 мың тонна CO <sub>2</sub> -балама 15% (2022 <sup>13</sup> жылы 14,5%).	Климаттық әсерді азайту бастамалары бөлімін қар. қар.: 1-Қосымша. БҰҰ ТДМ-не қол жеткізудегі біздің үлесіміз Энергияны оңтайландыру бөлімін қар. қар.: 1-Қосымша. БҰҰ ТДМ-не қол жеткізудегі біздің үлесіміз

<sup>11</sup> LTIFR 2023 жылы 0,26-ға тең.

<sup>12</sup> Энергия үнемдеу бойынша ілгерілеу 2021 жылға қарай – «Самұрық-Қазына» АҚ төмен көміртекті даму Тұжырымдамасын қабылдау сәтіндегі төтенше есепті жылға қарай бақыланады.

<sup>13</sup> Су электр станциялары бар компаниялар үшін еспетілік шегінің өзгеруін ескере отырып қайта есептелген.

## БҰҰ-ның Жаһандық шарты

Біздің қызметімізде біз компаниялардың стратегияларын адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес салаларындағы он әмбебап қағидатпен сәйкестендіруге бағытталған әлемдік басты бастамалардың бірі – БҰҰ-ның Жаһандық шартының қағидаттарын басшылыққа аламыз.

Шартқа қазірдің өзінде 167 елдің 24 625 компаниясы қосылды, соның ішінде Қазақстаннан 70 компания. Қор Тобының бірқатар компаниялары әлдеқашан көп жыл бұрын Шартқа қол қойған.

### БҰҰ-ның Жаһандық шартына қосылған Қор Тобының компаниялары



### БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттары

Қағидат	Есеп бөлімі
<b>Адам құқықтары</b>	
Іскер топтар халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қолдап, құрметтеуі тиіс	<a href="#">«Тең мүмкіндіктерді құру» бөлімі</a>
Іскер топтардың адам құқықтарының бұзылуына қатысы болмауы тиіс	<a href="#">«Тең мүмкіндіктерді құру» бөлімі</a>
<b>Еңбек қатынастары</b>	
Іскер топтар бірлестік еркіндігін және ұжымдық шарттар жасасу құқығын нақты мойындауды қолдауы тиіс	<a href="#">«Әлеуметтік-еңбек қатынастары» бөлімі</a>
Іскер топтар мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық нысандарын жоюды жақтауы тиіс	<a href="#">«Тұрақты даму қағидаттары» бөлімі</a>
Іскер топтар балалар еңбегін толығымен жоюды жақтауы тиіс	<a href="#">«Тұрақты даму қағидаттары» бөлімі</a>
Іскер топтар еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды жақтауы тиіс	<a href="#">«Тең мүмкіндіктерді құру» бөлімі</a>
<b>Қоршаған ортаны қорғау</b>	
Іскер топтар сақтық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасты қолдауы тиіс	<a href="#">«Қоршаған орта» бөлімі</a>
Іскер топтар қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдауы тиіс	<a href="#">«Қоршаған орта» бөлімі</a>
Іскер топтар экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуға және таратуға жәрдемдесуі тиіс	<a href="#">«Климаттық әсерді азайту бастамалары» бөлімі</a>
<b>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес</b>	
Іскер топтар сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына, соның ішінде бопсалау мен парақорлыққа қарсы тұруы тиіс	<a href="#">«Сәйкестік және жүгінулермен жұмыс» бөлімі</a>

## Стратегиялық серіктестік және ынтымақтастық

GRI 2-28

Ынтымақтастық пен серіктестік энергияның ауысуының ірі проблемасын шешуде орта рөлді атқарады.



Климаттың өзгеруімен күресу және тұрақты дамуға қол жеткізу – ортақ жауапкершілік. Қор өз рөлін атқаруға ұмтылады, және біз ынтымақтастық пен жаңартпалардың арқасында жолымыздағы шұғыл және ең маңызды қиыншылықтарды еңсере аламыз деп сенеміз.

Біздің әлемдік қоғамдастықпен серіктестігіміз:

- IFSWF (Халықаралық тәуелсіз әл-ауқат қорлары форумының) мүшесі;
- Қазақстан-Қытай іскерлік кеңесі аясында ҚХР-дың Халықаралық саудаға жәрдемдесу комитетімен серіктестік;
- Қазақстан-Британ іскерлік кеңесі шеңберінде Ұлыбритания Сыртқы істер министрлігінің Халықаралық сауда департаменті DIT-пен серіктестік;
- Қазақстан-Корея іскерлік кеңесі аясында Корея халықаралық сауда қауымдастығы KITA-мен серіктестік;

- «Vision Zero» халықаралық нөлдік жарақаттану тұжырымдамасының мүшесі. [GRI 2-28](#)

Бұдан басқа, біз шетелдік серіктестермен ірі жобаларды жүзеге асыруда белсенді жұмыс істейміз. Шетелдік серіктестермен бірлескен күш-жігеріміз инфрақұрылымды дамытуға, жаңартпаларды қолдауға және экономикалық өсуге жәрдемдесуге бағытталған. Мұндай жобалар жаһандық сын-қатерлерді шешуге себептесіп қана қоймай, халықаралық байланыстарды нығайтады.


[Ірі жобаларды жүзеге асыру бойынша біздің серіктестігіміз туралы толығырақ ақпарат Халықаралық инвестициялар және ынтымақтастық бөлімінде берілген.](#)



# Әсер матрицасы, млрд теңге

GRI 203-1 | GRI 203-2

2023: ● ● ● ●  
2022: ● ● ● ●



<sup>14</sup> ЖТС есебінсіз.  
<sup>15</sup> ҚҚС есептемегенде, есептеу әдісі бойынша.  
<sup>16</sup> Қордың бағалар мен тарифтердің өсуін тежеу мақсатында әлеуметтік маңызы бар салаларды айқас субсидиялауы.  
<sup>17</sup> Субсидиялау экспорттық кедендік баждар мен тасымалдауды (нетбэк) шегергендегі ішкі нарыққа жеткізілген мұнай көлемі үшін экспорттық және реттелетін ішкі бағалар айырмасы есебінен мұнай өндіруші компаниялардың жіберіп алған пайдасынан көрінеді.  
<sup>18</sup> ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитеті (ТМРК) тарифтік сметада бекіткен шығындар «Қазақстан Темір Жолы» Ұлттық Компаниясы» АҚ («ҚТЖ») магистральдық темір жол желісі және локомотив тартқышы қызметтеріне реттелетін тарифтер бойынша республикаішілік қатынаста жүк және жолаушылар тасымалы бойынша нақты шығындарды өтемейді. Тиісінше, субсидиялау тарифтік сметада бекітілген нақты шығындар мен реттелетін қызметтер шығындары арасындағы айырмашылық ретінде есептелді.  
<sup>19</sup> Газды сатып алуға және тасымалдауға жұмсалатын нақты шығындар ішкі нарықтағы тауарлық газға бекітілген тарифтер бойынша кірістерден асып түседі. Осылайша, субсидиялау-газдың өзіндік құнын және көлік шығындарын шегергендегі кіріс.  
<sup>20</sup> Бекітілген тарифтермен жабылмаған күрделі салымдар ТМРК бекіткен күрделі шығындар мен нақты күрделі шығындар арасындағы айырмашылық ретінде есептеледі.  
<sup>21</sup> Соның ішінде «Қазақстан халқына» Қоғамдық Қорына есептеу әдісі бойынша бөлу.

<sup>20</sup> Есептемегенде, есептеу әдісі бойынша.  
<sup>21</sup> ЖТС есебінсіз.



2

ҚАПШАҒАЙ  
КЭС  
ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫ

ҚҰРЫЛЫМДЫҚ  
ҚУАТ 2 МВТ

## Тұрақты дамуды басқару

- 47 Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау
- 48 Ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау
- 50 Сәйкестік және жүгінулермен жұмыс
- 52 Омбудсмен институты



## БІЗ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫНЫҢ ЕСКЕРІЛУІМЕН ҮНЕМІ ДАМЫТАМЫЗ. ЖӘНЕ ДЕ ЖОҒАРЫ СТАНДАРТТАР МЕН ТАЛАПТАРДЫ ҚОЯ ОТЫРЫП, ҚОРЖЫНДЫҚ КОМПАНИЯЛАРДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ДРАЙВЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛАМЫЗ.

Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу – біздің стратегиялық басымдығымыз. Біз табиғи және әлеуметтік қоршаған ортаның амандығын, сондай-ақ экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге ұмтыламыз. Бұл жұмыстағы маңызды табысқа жету факторы болып тұрақты даму қағидаттарын корпоративтік басқару жүйесіне біріктіру табылады.

Біздің Корпоративтік басқару кодексіміз (бұдан әрі - Кодекс)<sup>22</sup> Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (бұдан әрі – ЭЫДҰ) корпоративтік басқару саласындағы халықаралық тәжірибесі мен қағидаттарын ескерілуімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген.

Қордағы және оның қоржындық компанияларындағы корпоративтік басқару активтер құнының ұзақ мерзімді өсуіне және тұрақты дамуға қол жеткізуге бағытталған. Бүкіл Қор Тобы бойынша біз барлық деңгейлерде тиімділік, жеделдік және айқындық қағидаттарын енгіземіз.

### БАРЛЫҚ ҚОРЖЫНДЫҚ КОМПАНИЯЛАРЫНА ЖЕТЕКШІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИРЖАЛАРДЫҢ ЛИСТИНГ ТАЛАПТАРЫ ДЕҢГЕЙІНЕ ДЕЙІН КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТӘЖІРИБЕСІН ЖЕТІЛДІРУ МАҚСАТЫ ҚОЙЫЛДЫ.

Корпоративтік басқару жүйесіне атқарушы орган, Директорлар кеңесі, акционерлер мен мүдделі тараптар арасындағы қарым-қатынастар жүйесі кіреді.

Директорлар кеңестерінде және Байқаушы кеңестерде, сондай-ақ олардың жанындағы комитеттерде біз Қордың мүдделері үшін тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдердің қабылдануын қамтамасыз ететін дағдылардың, тәжірибе мен білімнің теңгерімін сақтаймыз. Оның ішінде Директорлар кеңесінің құрамына экономика, Өңірлік даму, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, қоғаммен жұмыс және әлеуметтік қызмет, жаңартылатын энергия көздері саласындағы сараптамасы бар кәсіби мамандар кіреді. **GRI 2-9**


Директорлар кеңесінің мүшелері заңнама, корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару, қаржы және аудит, орнықты даму, саланы және ұйым қызметінің ерекшеліктерін білу сияқты бағыттарды қоса алғанда, өз білімдерін тұрақты негізде арттыруы тиіс. Қорда Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби даму ережелері қолданылады <sup>23</sup>. **GRI 2-17**

Біздің жалғыз акционеріміз болып Қазақстан Республикасының Үкіметі табылады. Оның өкілеттіктеріне Қордың Даму стратегиясын бекіту, директорлар мен Басқарма Төрағасын тағайындау, қаржылық нәтижелерді бекіту және дивидендтер алу кіреді.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қордың Директорлар кеңесінің Төрағасы болып табылады. Ішкі нормативтік ережелерге сәйкес Қор Басқармасының Төрағасы Қордың Директорлар кеңесі Комитетінің төрағасы бола алмайды. **GRI 2-11**

2023 жылы Қордың Директорлар кеңесінің 20 отырысы өткізілді. Директорлар кеңесі Жалғыз акционер айқындаған тізім шеңберінде Қор Тобы жүзеге асыратын инвестициялық жобаларды іске асыру мониторингіне ерекше көңіл бөлді.

Директорлар кеңесі отырыстарының саны




<sup>22</sup> «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексі ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 5 қарашадағы № 1403 қаулысымен бекітілген.

<sup>23</sup> Есепті жылы кәсіби даму бойынша іс-шаралар өткізілмеді.



### Қордың корпоративтік басқару құрылымы:

**GRI 2-9**





## Тұрақты даму мәселелері

Тұрақты даму мәселелерін басқару корпоративтік басқару жүйесіне біріктірілген, осының арқасында бұл мәселелер әртүрлі деңгейлерде қаралады: жоғары стратегиялық басқару органы – Директорлар кеңесінен бастап, атқарушы органдар мен құрылымдық бөлімшелердің басшыларына дейін. **GRI 2-12**

Директорлар кеңесі тұрақты даму саласындағы стратегиялық мәселелерді қарайды. Тұрақты даму саласындағы есепті қарайды және оны бекітеді. **GRI 2-14**

Директорлар кеңесі Қордың экономикалық қызметіне, қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне және әлеуметтік мәселелерге, оның ішінде стратегиялық жоспарларды бекітуге және олардың орындалуы туралы есептерді қарауға байланысты мәселелерді қарастырады. Директорлар кеңесі барлық мүдделі тұлғалармен, оның ішінде жалғыз акционермен және Қор Басқармасымен тікелей не қорда қабылданған ресми коммуникациялар арналары арқылы әрекеттеседі. Даму стратегиясы мен жоспарына, оның ішінде орнықты дамуға байланысты мәселелерді Директорлар кеңесі тоқсан сайын қарайды - жүргізіліп жатқан жұмыстың тиімділігі мен нәтижелілігі қаралады. **GRI 2-12**

Директорлар кеңесінің комитеттері, әсіресе тұрақты даму бағыты бойынша мәселелерді терең қарастыруға және қабылданған шешімдердің сапасын арттыруға себептеседі.

Директорлар кеңесі жанында келесі комитеттер жұмыс істейді:

- Аудит жөніндегі комитет;
- Стратегия жөніндегі комитет;
- Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет;
- Түрлендіру бағдарламасының іске асырылуын бақылау жөніндегі комитет; **GRI 2-9**
- Мамандандырылған комитет.

Басқарма Қордың операциялық қызметіне басшылық жасайды, экономикалық мәселелерді, сондай-ақ тұрақты даму мәселелерін шешеді, стратегияның іске асырылуына жауапты болады. Басқарма тоқсан сайын Директорлар кеңесіне Қор қызметінің нәтижелері туралы есеп беріп тұрады. Тұрақты даму саласындағы жұмысқа тартылған бейінді бөлімшелер Басқарма алдында есеп береді. **GRI 2-12**

**GRI 2-13**

Басқарма жанында тұрақты даму саласындағы келесі комитеттер жұмыс істейді:

- Еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет,
- Тұрақты даму жөніндегі комитет,
- Ғылыми-техникалық кеңес,
- Инвестициялық және стратегиялық комитет.

2023 жылы Қор Басқармасы қазақстандық заңнама талаптарының, Листинг ережелерінің және Қазақстан Қор Биржасының Ережелерінің, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы озық халықаралық тәжірибенің ескерілуімен, Қор ақпаратының ашылу және сақталу Қағидаларын жаңа редакцияда бекітті.

Қордың қоржындық компаниялары қаржылық емес ақпаратты ашу сапасын арттыру бойынша жұмыс істейді, және тұрақты даму саласындағы жыл сайын қаржылық емес есептілікті немесе біріктірілген жылдық есепті жариялап отырады. Біз халықаралық тәжірибедегі қолданыстағы және жаңа стандарттардың (SASB, TNFD, GRI, ISSB, CDP) жетілдірілуін қадағалап тұрамыз және оларды Қорда және қоржындық компанияларда бейімдеу бойынша жұмыстарды жүргіземіз.

Мүдделі тұлғаларға ашылатын ақпараттың сапасы мен қолжетімділігі Сантьяго Қағидаттарын сақтау жөніндегі IFSWF (International Forum of Sovereign Wealth Funds) жүйелік есептілік арқылы қамтамасыз етіледі.

**ҚОРДЫҢ ҚОРЖЫНДЫҚ КОМПАНИЯЛАРЫ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ СЕКТОРЫНАН АТОМ СЕКТОРЫНА ДЕЙІНГІ ӨЗ САЛАЛАРЫНДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КОМПАНИЯЛАР АРАСЫНДА ДА, ӘЛЕМДІК АРЕНАДА ДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ESG-РЕЙТИНГТЕРІНДЕ ЖАҚСЫ НӘТИЖЕЛЕРДІ КӨРСЕТЕДІ. БІЗДІҢ ІРІ ҚОРЖЫНДЫҚ КОМПАНИЯЛАРЫМЫЗ ТҰРАҚТЫ ДАМУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАРЫНДАҒЫ ӨЗ ПРОГРЕСІН РАСТАП, 2024 ЖЫЛЫ ОДАН ДА КӨБІРЕК ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ESG-РЕЙТИНГТЕРІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗЕДІ.**

## Директорлар кеңесін іріктеу

Директорлар кеңесінің мүшелерін, соның ішінде тәуелсіз директорларды және Директорлар кеңесінің төрағасын таңдау және сайлау өлшемшарттары Қор Жарғысында, Корпоративтік басқару кодексінде және Директорлар кеңесі туралы Ережеде айқындалған, сондай-ақ «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарды ескереді.

**КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ЖАҢА РЕДАКЦИЯСЫ ҚОР ТОБЫНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРЫНА КЕМІНДЕ 30% ӘЙЕЛДЕРДІ ЕНГІЗУДІ ҰСЫНАДЫ. БІЗДІҢ МАҚСАТЫМЫЗ – 7 ЖЫЛ ІШІНДЕ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ОРГАНДАРЫНДА ӘЙЕЛДЕР ҮЛЕСІН ЕКІ ЕСЕГЕ АРТТЫРУ.**

Қор Тобының комплаенс бөлімшелері кандидатты Директорлар кеңесі/Байқаушы кеңестер мүшелері ретінде сайлау үшін кандидаттар тізіміне қосқанға дейін қоржындық компаниялардың кандидаттарының тәуелсіздік<sup>24</sup> өлшемшарттарына<sup>25</sup> сәйкестігі және аффилиренуінің болуы туралы қорытынды береді. **GRI 2-10**

Қордың Директорлар кеңесінің құрамы келесі тұлғалардан құрылады:

- мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы – Қордың жалғыз акционерінің өкілі,
- Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі,
- үш тәуелсіз директор,
- Қордың басқарма төрағасы. **GRI 2-9**

2023 жылы Қордың Директорлар кеңесінің құрамы 7 тұлғадан тұрған, оның 3-і тәуелсіз директорлар болып, олардың үлесі 43%-ды құрады, бұл озық халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді. **GRI 2-9**

Акционерлердің жалпы жиналысы кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделін және кәсіби тәжірибесін ескере отырып, анық және ашық рәсімдер негізінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлайды. **GRI 2-10**

Тәуелсіз директорлардың  
Қордың  
Директорлар кеңесі  
құрамындағы үлесі

43%

**GRI 2-10**

**Директорлар кеңесі<sup>26</sup> құрамына кандидаттарды іріктеген кезде төмендегі шарттар ескеріледі:**

**1** басшылық лауазымдардағы жұмыс тәжірибесі;

**2** Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі жұмыс тәжірибесі;

**3** жұмыс өтілі;

**4** білімі, мамандығы, соның ішінде халықаралық сертификаттарының болуы;

**5** бағыттар мен салалар бойынша құзыреттерінің болуы

(салалар активтер қоржынына қарай өзгеріп тұруы мүмкін);

**6** іскерлік бедел;

**7** Қордың Директорлар кеңесіне сайланған жағдайда тікелей немесе әлеуетті мүдделер қақтығысының болуы

<sup>24</sup> «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының Директорлар кеңестері мен Байқаушы кеңестерінің құрамын қалыптастыру қағидаларына сәйкес.

<sup>25</sup> Тәуелсіздік өлшемшарттары «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен айқындалған.

<sup>26</sup> Қордың Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес.

Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланады, кейіннен қызметтің қанағаттанарлық нәтижелері болған жағдайда тағы үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлау болуы мүмкін. 2024 жылғы наурыздағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің бес мүшесі ДК құрамында бір жылдан кем уақыт бойы, Директорлар кеңесінің бір мүшесі бір жылдан астам уақыт бойы және тағы біреуі үш жылдан астам уақыт бойы жұмыс істеп келуде. **GRI 2-9**

Қоржындық компаниялардың директорлар кеңестері компаниялар қызметінің ашықтығы мен заңдылығын, атқарушы органды тиімді басқаруды, даму стратегиялары мен жоспарларының орындалуын қамтамасыз етеді, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін дамыту бойынша қажетті шаралардың қабылдануына қадағалау жүргізеді.

### Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

Біз жыл сайын «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі комитеттерінің, Директорлар кеңесінің Төрағасы мен мүшелерінің тиімділігін бағалап тұрамыз. Бағалау 2023 жылы Қордың Директорлар кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кіруіне байланысты жаңартылған Директорлар кеңесінің қызметін бағалау туралы Ереженің негізінде жүргізіледі. **GRI 2-18**

Бағалау Директорлар кеңесінің және оның әрбір мүшесінің Қордың ұзақ мерзімді құнының өсуіне және тұрақты дамуына қосқан үлесін анықтауға, сондай-ақ бағыттарды айқындап, жақсарту іс-шараларын ұсынуға мүмкіндік береді. Біз баға-

лау сапасын арттыру үшін өзін-өзі бағалау әдісін де пайдаланамыз, тәуелсіз кеңесшіні де тартамыз. Бұл ретте тәуелсіз кеңесшіні жұмылдырылуымен орындалатын бағалау кемінде үш жылда бір рет жүргізіледі. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің мүшелерін қайта сайлаған немесе өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде есепке алынады. **GRI 2-18**

2023 жылы тиісті салалық сараптамасы және жұмыс тәжірибесі бар сарапшыларды тарту барысында Қордың қоржындық компанияларындағы Директорлар кеңестері мен Байқаушы кеңестерінің құрамдары жаңартылды, — бұл жүргізіліп жатқан Қордың қоржындық компанияларының IPO-сы аясында ерекше маңызды.

2024 жылы Директорлар кеңесінің мүшелеріне сауалнама жүргізу арқылы 2023 жылдың қорытындысы бойынша Қордың Директорлар кеңесінің қызметіне өзін-өзі бағалауды жүргізу жоспарлануда.

### Тұрақты даму саласындағы рейтинг

Прогресті, оның ішінде корпоративтік басқару саласындағы прогресті қадағалау үшін біз Қордың қоржындық компанияларын ESG-критерийлері бойынша тәуелсіз халықаралық рейтингтік агенттіктермен бағалау тәжірибесін енгіздік және кеңейтетін боламыз. Бұл тәуелсіз рейтингтер қордың стратегиясына сәйкес қоршаған орта, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару аспектілерін басқарудың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Біздің стратегиялық мақсатымыз – 2032 жылға қарай «ESG-рейтинг» көрсеткіштері бойынша 70% перцентильге кіру (аралық мақсаттармен: 2025 жылға қарай 40% перцентильге және 2028 жылға қарай 60%-ге кіру).

Қордың қоржындық компаниялары 2023 жылы Қазақстан компаниялары арасында да, әлемдік аренада да ESG-рейтингтерінде тамаша нәтижелер көрсетті.

2032 жылға қарай Қордың «ESG-рейтинг» көрсеткіштері бойынша

**70**

перцентильге кіру стратегиялық мақсаты

Тұтастай алғанда, компаниялардың корпоративтік басқару деңгейі салалық орташа мәндерден жоғары, бұл қордың ESG факторларын стратегия мен бизнес-үдерістерге интеграциялау, корпоративтік басқару, әлеуметтік жауапкершілік және іскерлік этикаға қатысты қағидаттарды ұстану және қызмет туралы ақпаратты ашу сапасы бойынша көпжылдық күш-жігерінің арқасында мүмкін болды.

### MORNINGSTAR | SUSTAINALYTICS



**22,9** балл  
(орташа тәуекел)



**19,2** балл  
(төмен тәуекел)



**24,1** балл  
(орташа тәуекел)



**32,3** балл  
(жоғары тәуекел)

### S&P Global



**54/100**



**51/100**



**43/100**



**32/100**



## Мүдделер қақтығысын болдырмау

GRI 2-15

Біз өз қызметімізде және шешім қабылдау үдерістерінде мүдделер қақтығысын болдырмаудың маңыздылығын мойындаймыз. Бізде осындай қақтығыстарды болдырмау жөніндегі міндеттемені қамтып көрсететін Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясат бар. Барлық жұмыскерлер мен директорлар мүдделер қақтығысына қатысты өз міндеттемелері мен жауапкершіліктерін түсінеді және қолданыстағы Саясатты толығымен ұстанады.

Біз жұмыскерлеріміз бен директорларымыздан кез келген нақты немесе әлеуетті мүдделер қақтығыстары туралы ақпаратты толық көлемде және тез ашуды талап етеміз. Директорлар кеңесі мен Басқарма лауазымды тұлғалар деңгейінде әлеуетті мүдделер қақтығыстарын қадағалап, жоюға тырысады.

Біз мүдделер қақтығысының саясатының сақталуын қамтамасыз ету үшін сенімді мониторинг және орындау ме-

ханизмдерін қолдаймыз. Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда, Қорда жеке тұлғалардың жеке мүдделері олардың объективтілігіне нұқсан келтіруі мүмкін шешімдер қабылдау үдерістерінен олардың бас тартуына мүмкіндік беретін нақты рәсімдер ескерілген. Мұндай жағдайда шешім қабылдаудың балама механизмдері бізге үдерістің тұтастығын сақтауға және қақтығыстардың нәтижелерге әсер етуіне жол бермеуге көмектеседі.

### МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН АНЫҚТАУ, АШУ ЖӘНЕ ЖЕҢІЛДЕТУ БОЙЫНША САЯСАТТАР МЕН РӘСІМДЕРДІ ЕНГІЗУ АРҚЫЛЫ БІЗ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ҮДЕРІСТЕРІНІҢ ӘДІЛ, ОБЪЕКТИВТІ БОЛУЫН ЖӘНЕ ҚОР МЕН БІЗДІҢ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРЫМЫЗДЫҢ МҮДДЕЛЕРІНЕ СӘЙКЕС КЕЛУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕМІЗ.

## Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу саясаты

Тәуелсіз директорларға сыйақының мөлшері мен төлеу шарттарын Қордың Жарғысына сәйкес Қордың Жалғыз акционерімен анықталады<sup>27</sup>. [GRI 2-19](#) [GRI 2-20](#)

Тәуелсіз директорға сыйақы төлеу олардың Қор мүдделері үшін міндеттерін адал атқаруы және отырыстарға қатысуы негізінде анықталады. [GRI 2-19](#)

Сыйақы мөлшерін белгілеген кезде Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттері, компания қызметінің ауқымы, даму стратегиясында айқындалатын ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер, Директорлар кеңесі қарастыратын мәселелердің күрделілігі, ұқсас компаниялардағы сыйақы деңгейі (бенчмаркинг, сыйақыларды шолу) ескеріледі. [GRI 2-19](#)

Әдетте, Директорлар кеңесінің мүшелеріне жыл сайынғы тұрақты сыйақы, сондай-ақ Директорлар кеңесіне төрағалығы, Директорлар кеңесі комитеттеріне қатысқаны және төрағалығы үшін қосымша сыйақы төленеді. [GRI 2-19](#)

Басқарма мүшелеріне төленетін сыйақы тұрақты және ауыспалы құрамдастарды қамтиды<sup>28</sup>. Ауыспалы құрамдас орта мерзімді мақсаттар мен міндеттерді іске асыруға байланыстырылған және Директорлар кеңесі бекіткен Қордың корпоративтік және функционалдық ПӘК-ке сәйкес белгіленеді. Нәтижеге байланыстырылған сыйақыға қатысты анық мақсатты өлшенетін ПӘК айқындалды. Сыйақыны анықтау саясаты мен үдерісі туралы қосымша ақпаратты [Қордың 2023 жылға арналған жылдық есебінде](#) тауып алуға болады.

<sup>27</sup> Үшінші тарап кеңесшілері сыйақыны анықтауға қатыспайды.

<sup>28</sup> ДК және Басқарма мүшелерінің сыйақысына жұмысқа қабылдау кезінде бонустар немесе көтермелеу төлемдері, жұмыстан босату кезінде төлемдер, қайтарулар, зейнетақы төлемдері кірмейді. [GRI 2-19](#)

## Ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау

Біз қоржындық компаниялар арасында тұрақтылық пен сенімділікті қолдап тұруға ұмтыламыз және жұмыскерлеріміз бен клиенттеріміздің дербес деректерін жайылып кетуден, ұрланудан немесе жоғалудан қорғау үшін бар күш-жігерімізді саламыз.

Қор қоржындық компанияларда ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша ұсыныстар беретін, сондай-ақ ақпараттық кеңістіктегі қауіпсіздік мәселелерін тиімдірек шешу үшін мемлекеттік органдармен және басқа да мүдделі тараптармен тұрақты өзара іс-әрекетті жүзеге асыратын Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі комитетті ұйымдастырды.

Біз «Ақпараттық қауіпсіздік саясатының негізгі ережелерін» ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларын орындау бөлігінде ақпараттық қауіпсіздік пен ақпараттық технологиялар мамандарының, сондай-ақ барлық жұмыскерлердің талап етілетін қызметін қамтуды жүзеге асыратын әдістемелер, нұсқаулықтар және ережелер түріндегі қосымшалармен бірге енгіздік. [GRI 3-3](#)

Біз ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қағидалардың жалпы жиынтығын реттейтін ақпараттық қауіпсіздіктің корпоративтік стандартын әзірлеу және Қор компаниялары тобындағы қызметті үйлестіру процесін басқару бойынша жұмыс жүргіземіз. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ақпараттық қауіпсіздік инциденттерін шешу, пайдаланушылардың ақпараттық жүйелерге және басқаларға қол жеткізуін басқару бойынша рәсімдер бар. [GRI 3-3](#)

Жыл сайын киберқауіпсіздік бойынша тәуекелдер тізілімі және тәуекелдер бойынша тоқсан сайын, оның ішінде Қор компаниясының тобына қатысты есеп қалыптастырылады.

2023 жылы Қордың қоржындық компанияларына ақпараттық қауіпсіздік талаптарын орындауға аудиттер жүргізілді, ақпараттық қауіпсіздік деңгейін сәйкестендіру және арттыру бойынша ұсынымдар әзірленді. [GRI 3-3](#)

Біздің ақпараттық қауіпсіздік саласындағы тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі қағидаттарымыз:

- Қор қызметінің тұрақтылығы мен сенімділігіне теріс әсерін тигізуі мүмкін ақпараттық технологияларда қатерлердің дамуын жедел анықтау, талдау және болжау;

- қолайсыз факторлардың әсерін бағалау;
- ақпараттық қауіпсіздік бойынша талаптардың басымдылығы;
- ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің үздіксіздігі;
- шаралардың бақылаушылығы мен тиімділігі.

Қорда ISO 27001 ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық стандартты енгізу бойынша іс-шаралар басталды. Ақпараттық активтер тізілімін қалыптастыруға қатысу және активтерді маңыздылық дәрежелері бойынша жіктеуді жүргізу үшін жұмыс тобы құрылды.

Сондай-ақ, кибергигиенаны сақтау шеңберінде пайдаланушылар үшін арнайы бағдарламалық қамтамасыз етудің көмегімен қор жұмыскерлерін оқыту және тестілеу жүргізіледі.

Ақпараттық қауіпсіздік жүйелерін АТ-инфрақұрылымының сыртқы және ішкі қатерлерінен сүйемелдеу үшін құрылған мониторингтік орталық базасында Қор және «QazCloud» ЖШС Ақпараттық қауіпсіздік жедел орталығы жағдайында деректерді қорғауды қамтамасыз етеміз. Қор тобындағы компаниялар ақпараттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіруді жалғастыруда. Өзара іс-қимыл шеңберінде саясат мәселелері, қоржындық компанияларда ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және деңгейін арттыру жөніндегі жобалар қаралды.

Сандық трансформация және өсіп келе жатқан киберқауіпсіздік қатерлері жағдайында ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызы ұлға түсуде. Атап айтқанда, біздің күш-жігеріміз клиенттердің деректерінің құпиялылығын қорғауға бағытталған.

Ақпараттық қауіпсіздікке байланысты оқиғалардың жалпы саны есепті жылы 16 094 жағдайды құрады, оның ішінде 49% зиянды бағдарламалық жасақтаманы анықтауға және рұқсатсыз кіруге/бұзуға байланысты. Барлық оқиғалар уақтылы пысықталып, клиенттердің деректерінің ағып кетуіне жол бермейді. Клиенттердің деректерімен байланысты оқиғалар болған жоқ.



## Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі (бұдан әрі – ТБКЖ) ұйымның стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпалын тигізуі мүмкін тәуекелдерді дер кезінде анықтауға, бағалауға, басқаруға және бақылауға бағытталған.

Қордың Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы Қордың үздік тәжірибесі мен әдіснамасын есепке ала отырып, жүйенің мақсаттарына сүйене, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдерін айқындады.

Тәуекелдерді басқару мәселелерін реттейтін негізгі ішкі нормативтік құжатымыз болып Қордың тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі саясаты табылады. Бұл Саясат COSO-ның «Ұйымдардың тәуекелдерді басқарудың тұжырымдамалық негіздері: стратегиямен және тиімділік көрсеткіштерімен біріктіру» ұсынымдарының ескерілуімен жасалған, және Қордың барлық деңгейлерінде тәуекелдерді басқару үшін тәуекел иелерінің жауапкершілігінің күшеюін қамтамасыз етуге, Қордың барлық үдерістеріне тәуекел-менеджменттің интеграциясын арттыруға арналған.

**ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТИІМДІ БАСҚАРУ МАҚСАТЫНДА ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ «ҮШ ҚОРҒАНЫС ЖЕЛІСІ» ҚАҒИДАТЫН АЙҚЫНДАДЫ. БІРІНШІ ҚОРҒАНЫС ЖЕЛІСІ – ТӘУЕКЕЛДЕРДІҢ ТІКЕЛЕЙ ИЕЛЕРІ. ЕКІНШІ ҚОРҒАНЫС ЖЕЛІСІ – БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ МОНИТОРИНГ ФУНКЦИЯЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МЕН ІШКІ БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ ЖӘНЕ КОМПАЕНС ҚЫЗМЕТІ. ҮШІНШІ ҚОРҒАНЫС ЖЕЛІСІ БОЛЫП ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН ОБЪЕКТИВТІ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ БАҒАЛАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ ТАБЫЛАДЫ.**

Тәуекелдерді басқару департаменті, комплаенс қызметі және ішкі аудит қызметі туындайтын маңызды мәселелер мен назар аударуды талап ететін мәселелер туралы ақпаратты Директорлар кеңесінің назарына жеткізеді. **GRI 2-16**

Ішкі бақылау жүйесі Қордың ТБКЖ-нің ажырамас бөлігі болып табылады және процестік тәуекелдерге жылдам жауап беруге, негізгі және қосалқы үдерістер мен күнделікті операцияларды бақылауды жүзеге асыруға қабілетті басқару жүйесін құруға бағытталған және COSO «ішкі бақылау – интеграцияланған модель» үлгісіне сәйкес құрылған, сонымен қатар өзара тәуелді бес құрамдастан тұрады:

- бақылау ортасы;
- тәуекелдерді бағалау;
- бақылау процедуралары;
- ақпарат және байланыс;
- мониторинг.

2023 жылы Қордың ішкі нормативтік құжаттарында бақылау рәсімдерін құжаттау және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ішкі нормативтік құжаттарды сақтау арқылы ішкі бақылаудың тиімді жүйесін құру бойынша жұмыс жалғастырылды.

Қордың Ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару және бақылау жүйесінің маңызды элементі болып табылады. Қызмет өз қызметін ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына, оның ішінде халықаралық ішкі аудиторлар институтының Эдеп кодексіне сәйкес жүргізеді. 2023 жылы Ішкі аудит қызметі ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына және ішкі аудиторлар Институты әзірлеген Этика Кодексіне сәйкестігіне сыртқы тәуелсіз бағалаудан сәтті өтті.

Директорлар кеңесінің рөлі болып Қор үшін жалпы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясатын бекіту табылады. 2023 жылы барлық негізгі тәуекелдер, соның ішінде



жазатайым оқиғалар тәуекелдері, маңызды инвестициялық жобалардың тәуекелдері, әлеуметтік тұрақсыздық тәуекелдері, қаржылық тәуекелдер, соттың істі қарау тәуекелдері, беделге нұқсан келтіру тәуекелдері, санкциялық заңнаманың әсер ету тәуекелі, акттерді жекешелендіру бағдарламасының тәуекелдері Директорлар кеңесінің назары мен бақылауында болып тұрды.

Басқарма Тәуекелдерді стратегиялық басқару комитетінің ұйымдастырылуы мен тиімді жұмыс істеуі үшін жауапты болады.

2023 жылы тәуекелдер тізіліміне Қор қызметі үшін ең маңызды болған 22 тәуекел кірген. Тәуекелдер стратегиялық, қаржылық, операциялық және құқықтық тәуекелдер топтарына бөлінеді.

2023 жылғы тәуекелдер тізіліміне жазатайым оқиғалар тәуекелі, әлеуметтік тұрақсыздық тәуекелі, жұмыскерлер құрамының тәуекелдері, соттың істі қарау тәуекелдері, комплаенс тәуекелдері сияқты ESG-қа қатысты тәуекелдер кіреді, сондай-ақ экологиялық және климаттық тәуекелді қамтитын экологиялық тәуекелдер ерекшеленіп көрсетілді.



## Сәйкестік және жүгінулермен жұмыс

GRI 2-24 | GRI 3-3 | SASB

Қордың комплаенс қызметі Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының сақталуын қамтамасыз етеді және комплаенс бағдарламасын әзірлейді:

- қоржындық компаниялардың комплаенс қызметтерінің әрекетін үйлестіреді,
- коммуникация мен оқытуды ұйымдастырады,
- жедел желі жұмысын қолдайды,
- тексерістер мен тергеулер жүргізеді,
- үшінші тараптармен өзара әрекеттеседі,
- мүдделер қақтығысын анықтайды және шешеді,
- Қордың компаниялар Тобында комплаенстың басқа аспектілерін дамытады.

Комплаенс қызметі Комплаенс қызметі туралы Ережені, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын және комплаенс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үздік әлемдік тәжірибені басшылыққа алады.

2023 жыл бойы Комплаенс қызметі нормативтік-құқықтық және әдістемелік базаны әзірлеу және жетілдіру бойынша жұмыс жүргізді. Атап айтқанда, Қордың Жүріс-тұрыс кодексі жаңартылып, 2023–2027 жылдарға арналған Қор

компаниялары Тобындағы комплаенс функциясын дамыту стратегиясы бекітілді.

Қордың қоржындық компанияларындағы комплаенс саласындағы қызметті реттейтін Қор компаниялары Тобының Комплаенс функциясының Корпоративтік стандарты толығымен қайта қаралды. Стандартта комплаенс функциясын құру, тиімді комплаенс жүйелерін әзірлеу, енгізу, бағалау, қолдау және жақсарту бойынша басшылық нұсқаулар қамтылған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарына және ISO 37001 стандартының талаптарына сәйкестікті ескере отырып, Қордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінің тиімділігін бағалау мақсатында «Комплаенс қызметінің әрекетін талдау» ішкі аудиті жүргізілді. Мүдделер қақтығыстарын бақылау жүйесінің тиімділігіне баға берілді, және шетелдіктердің қоса алғанда, контрагенттердің санкциялық тәуекелдерге сенімділігін тексеру рәсіміне талдау жасалды. **GRI 3-3**

Өтініштерді барлық адамдар орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде келесі байланыс арналары арқылы бере алады:

**8 800 080 4747**  
телефон нөмірі бойынша  
(ҚР аумағы бойынша қоңырау шалу тегін)

**mail@sk-hotline.kz**

электрондық поштаға

**www.sk-hotline.kz**

интернет-портал арқылы

**+7 771 191 8816**

WhatsApp Мессенджер нөмірі арқылы

Құпиялылық пен анонимділікті қамтамасыз ету мақсатында алынған барлық өтініштерді сыртқы тәуелсіз оператор қабылдайды және өңдейді, ол күн сайын Комплаенс қызметіне келіп түскен өтініштер туралы ақпаратты береді.

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕ ҚОРДЫҢ ҚОРЖЫНДЫҚ КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ 46% - ДАН АСТАМЫНДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАҒАЛАУ ЖҮРГІЗІЛДІ. **GRI 205-1**

2023 жылы Комплаенс қызметі жұмыскерлердің «Жедел желінің» жұмысы туралы хабардарлықты арттыру бойынша іс-шаралар өткізді. Жалпыға қолжетімді орындарда бейнероликтер, плакаттар тұрақты түрде орналастырылып, «Жедел желінің» байланыс ақпараты бар скринсейверлер пайдаланылады. **GRI 2-25**, **GRI 2-24** Бұзушылықтар туралы хабарлау мәдениетін арттыру мақсатында, компаниялардың жоғары басшылығын тарта отырып, түсіндіру жұмыстары және «жедел желіні» танымал ету жұмыстары жүргізілуде. Жедел желінің операторы болып Қорға қатысты тәуелсіз компания табылады, бұл арыз берушінің құпиялылығы мен анонимділігінің тиісті деңгейін қамтамасыз етуі мүмкіндік береді.

Комплаенс қызметі Жедел желіге келіп түскен жүгінулерді қарау және контрагенттердің сенімділігін тексеру үдерісін автоматтандырған болатын. **GRI 2-26**

2023 жылы «Жедел желіге» барлығы 540 жүгіну келіп түсті, оның жартысына жуығы еңбек жанжалдарына байланысты жүгінулерге түсті. 2023 жылы келіп түскен, расталған және ішінара расталған жүгінулердің жалпы санынан - бір жылдағы өтініштердің жалпы санының 174 немесе 32%-ы. Ішінара расталған жүгінулердің ішінде ұйым қараған және кейінгі сатыларға берілген кемсітушілікке ішінара қатысты 2 жағдай бар. Бұл ретте кемсітушіліктің расталған жағдайлары болған жоқ.


Біз келіп түскен өтініштер негізінде қоғамға туындайтын немесе ықтимал теріс әсерлерді ескереміз және қажетті түзету шараларын қолданамыз. **GRI 2-25**

«Жедел желіге» түскен жүгінулердің саны

**540**

Шағымдарды қарау тетіктерінің тиімділігі расталған жүгінулер бойынша жұмыстың нәтижелілігі арқылы бағаланады. Мүдделі тараптардың белгіленген байланыс арналары арқылы ұсыныстармен, сұрақтармен немесе шағымдармен жүгіну мүмкіндігі бар. **GRI 2-25**

«Жедел желіге» түскен жүгінулердің түрлері



● Еңбек жанжалдары ● Рәсімдерді бұзу  
● Сыбайлас жемқорлық ● Сатып алу ● Денсаулыққа қатер  
● Алаяқтық, ұрлық, жымқыру

«ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ» ОПЕРАТОРЫНЫҢ БАРЛЫҚ ӨТІНІШТЕРІ ҚОР КОМПАНИЯЛАРЫ ТОБЫНЫҢ КОМПАЛЕНС-ОФИЦЕРЛЕРІНІҢ ҚАРАУЫНА НАҚТЫ УАҚЫТ РЕЖИМІНДЕ КЕЛІП ТҮСЕДІ.

Қор қызметінің транспаренттілігін қамтамасыз ету шеңберінде орта мерзімді болашақта сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен, қаржы мониторингі органдарымен және прокуратурамен тиімді және тығыз өзара әрекеттесу жоспарлануда.





## Омбудсмен институты

Қордағы және қоржындық компаниялардағы Омбудсмен іскерлік этика қағидаттарының сақталуын және әлеуметтік-еңбек дауларының тиімді шешілуін қамтамасыз етеді.

Ол оған жүгінген жұмыскерлерге, еңбек даулары мен жан-жалдарға қатысушыларға ақыл-кеңес беріп, оларға әділ және сындарлы шешімдерді әзірлеуге көмектеседі. **GRI 2-24**

Омбудсмен Қордың Директорлар кеңесімен екі жыл сайын тағайындалады.

Қор Омбудсменінің қызметі тиісті заңнамамен, Қордың Корпоративтік басқару кодексімен, «Самұрық-Қазына» АҚ-тың Қор Тобына кіретін ұйымдардың Омбудсмені туралы» Ережесімен реттеледі, сондай-ақ Халықаралық Омбудсмендер қауымдастығының (International Ombudsman Association) үздік тәжірибесіне сүйенеді.

Омбудсмен институты 9-дан астам қоржындық компанияда, сондай-ақ Қордың еншілес және тәуелді ұйымдарында жұмыс істейді.

Жүгінулерді қабылдау үшін Әлеуметтік өзара әрекеттесу және коммуникациялар орталығымен бірлесіп Қор компаниялары Тобының барлық Омбудсмендері қосылған «Нысана» Call-орталығының жедел желісі құрылды. **GRI 2-25**

**GRI 2-26** 2023 жылы 22 586-дан астам жүгіну түсті, оның 1 722-сі орынды болды. 2022 жылмен салыстырғанда жүгінулер саны 66%-ға өсті, бұл жұмыскерлердің Омбудсменге деген сенімінің артқанын және Қордағы жариялылық деңгейінің жоғарылағанын көрсетуі мүмкін.



2023 жылы

**1 722**

орынды  
жүгінулер  
болды

БАРЛЫҚ ОРЫНДЫ ЖҮГІНУЛЕР БОЙЫНША ТҮРЛІ АҚЫЛ-КЕҢЕСТЕР МЕН ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР БЕРІЛІП, ТҮРЛІ ПІШІМДЕГІ КЕЛІССӨЗДЕР ЖҮРГІЗІЛДІ.

2023 жылы Қордың қоржындық компанияларының омбудсмендері тәжірибе алмасып, тәжірибесіндегі негізгі істерді қарайтын «Омбудсмен кеңесі» жұмысын бастады.

Шалғайдағы әлеуметтік және еңбек мәселелерін тереңірек түсіну үшін Қордың Омбудсмені Павлодар, Түркістан, Қызылорда, Атырау және Маңғыстау облыстарына сапарлармен барып келді. Сапарлар барысында Қор Омбудсмені мұнай-газ секторы, атом өнеркәсібі және Қордың басқа да салаларындағы кәсіпорындарды аралап шықты. 2024 жылы Омбудсменнің біз әрекет ететін аймақтарға барып-қайту тәжірибесін жалғастыру жоспарлануда.



ДҮНИЕЖҮЗІЛІК  
ПОЛИПРОПИЛЕН  
ӨНДІРІСІНЕН

KAZAKHSTAN  
PETROCHEMICAL INDUSTRIES INC

3

1%  
жуық

## Қордың еліміздің әл-ауқатына қосқан үлесі

- 57 Қаржылық нәтижелер және тұрақты өсу
- 59 Экономика мен қоғамды дамытуға инвестициялар
- 66 Әлеуметтік маңызы бар қызметтер мен инфрақұрылымды дамыту
- 71 Ғылыми-зерттеу қызметі
- 72 Халықаралық инвестициялар және ынтымақтастық
- 73 IPO және SPO: қор нарығын ынталандыру
- 74 Шағын және орта бизнесті дамытуға жәрдемдесу
- 76 Қайырымдылық және әлеуметтік жобалар

64

полипропиленнің

маркасына дейін  
шығаруға қабілетті

жылына

500

мың тонна  
полипропилен

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ  
БІРІКТІРІЛГЕН ГАЗ-ХИМИЯ  
КЕШЕНІ



## БІЗ ЖҰМЫС ІСТЕП ЖАТҚАН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ АУҚЫМДЫ ТІЗБЕСІ БҮГІНГІ ТАҢДА ЖӘНЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ КЕЛЕШЕКТЕ АДАМДАРДЫҢ ӨМІРІН ЖАҚСARTУҒА АРНАЛҒАН. БІЗ ЕЛІМІЗДІҢ ТҰРАҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ МЕН ҚОҒАМНЫҢ АМАНДЫҒЫНА ҰМТЫЛАМЫЗ.

Тұрақты қаржылық жағдайды қамтамасыз ету бізге акционер үшін дивидендтер, салықтар және мемлекет пайдасына басқа да бөлулер түрінде төлейтін кірістер жасауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұл бізге әрдайым пайда әкеле бермейтін, бірақ халық үшін және экономика объектілерінің жұмыс істеуі үшін өте маңызды әлеуметтік мәні бар инфрақұрылым мен сервистердің маңызды объектілерін салуға және дамытуға инвестиция салуға мүмкіндік береді. **GRI 3-3**

Біз орта және ұзақ мерзімді келешекте экономиканың өсуін қамтамасыз ететін инвестициялық жобалардың қомақты қоржынын іске асырудамыз. Бұл жобалар елдің өсіп келе жатқан қажеттіліктері үшін маңызды инфрақұрылымды дамытуға бағытталған және жұмыс орындарын қамтамасыз етіп, азаматтардың әлеуметтік қорғалуын арттырып, негізгі әлеуметтік сервистер мен мүмкіндіктерге кепілдендірілген қолжетімділікті қамтамасыз ете отыра айтарлықтай әлеуметтік нәтижеге қол жеткізеді.

Қор шетелдік әріптестермен бірлесіп жобаларға бірлесіп инвестициялай отырып және ұлттық компаниялардың акцияларын қор нарығына орналастыру арқылы одан әрі дамытуға қосымша қаражат тарта отырып, елге инвестициялар тартуда шешуші рөл атқарады. Инвестициялар ел үшін маңызды бастамаларды қаржыландыруды қамтамасыз етіп қана қоймай, жаңа білім мен технологияларды тартуға да көмектеседі. Ал жергілікті қор нарығының дамуы халықтың экономикаға қатысуын кеңейтеді.

Біз шағын және орта бизнестің ел экономикасындағы басты рөлін түсінеміз және сатып алу жүйесі арқылы отандық кәсіпкерлерді инфрақұрылыммен қамтамасыз ету және қолдау және оффтейк-келісімшарттар беру арқылы Қазақстанның ЖІӨ-дегі үлесін ұлғайту үшін жағдай жасаймыз.

Қордың қоржындық компанияларымен, халықпен, жұртшылықпен және жергілікті атқарушы билікпен тығыз өзара іс-қимылда іске асырылатын біздің әлеуметтік және қайырымдылық бағдарламаларымыз бен жобаларымыз халықты тікелей қолдауға және бүкіл ел бойынша қоғамның өзекті мәселелерін шешуге қатысуға бағытталған. Біз жыл сайын денсаулық сақтау, медицина, спорт, өңірлерді қолдау және төтенше жағдайларда көмек көрсету салаларында көптеген жобаны жүзеге асырып келеміз. Біздің ресурстарымыз, қаржылық тұрақтылығымыз және және тиімді корпоративтік басқаруымыз экономиканың әртүрлі салаларында жобаларды тиімді жүзеге асыруға және қоғам өмірінің әртүрлі аспектілеріне үлес қосуға мүмкіндік береді. **GRI 3-3**



## Қаржылық нәтижелер және тұрақты өсу

2023 жылдың соңына қарай Қор Тобының активтері 36,9 трлн теңгені құрады, бұл 2022 жылмен (33,6 трлн теңге) салыстырғанда 9,8%-ға артық. Кіріс 3%-ға өсіп, 17,2 трлн теңгеге жетті.

2023 жылы Мемлекет 61 млрд теңге (2022 жылы 53 млрд теңге) көлемінде субсидия төледі. **GRI 201-4**

2023 жылдың аяғында Қор Тобының активтері

**36,9**  
трлн теңге

### 4-кесте. Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн, млрд теңге<sup>30</sup> **GRI 201-1**

Көрсеткіш	2020	2021	2022 <sup>31</sup>	2023
Құрылған тікелей экономикалық құн				
<b>Жиынтық кіріс<sup>32</sup></b>	<b>9 557</b>	<b>13 179</b>	<b>16 705</b>	<b>17 218</b>
Бөлінген экономикалық құн				
<b>Жиынтық шығыс<sup>33</sup></b>	<b>-8 974</b>	<b>-11 270</b>	<b>-14 331</b>	<b>-15 090</b>
Бөлінбеген экономикалық құн				
<b>Пайда</b>	<b>583</b>	<b>1 908</b>	<b>2 374</b>	<b>2 128</b>
<b>Соның ішінде Акционердің үлесіне шаққандағы пайда</b>	<b>558</b>	<b>1 629</b>	<b>1 927</b>	<b>1 698</b>
Мемлекетке салық төлемдер <sup>34</sup>	-1 523	-2 065	-2 630	-2 941
Капитал жеткізушілерге төлемдер <sup>35</sup>	-252	-248	-306	-1 469
Күрделі салымдар	1 434	1 572	1 880	2 747

### Біздің тұрақты қаржылық нәтижелеріміз несиелік рейтингтермен расталады:

FitchRatings

**BBB**

болжамы «Тұрақты»

S&P Global

**BBB-**

болжамы «Тұрақты»

MOODY'S

**Baa2**

болжамы «Оң»

<sup>29</sup> Субсидиялардан басқа компаниялар қор топтары мемлекеттен басқа қаржылық көмек алмайды.

<sup>30</sup> GRI-дің ақпаратты ашу жөніндегі 201-1 ұсынымдарына сәйкес кестені дайындау үшін ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес дайындалған Қордың қаржылық есептілігі пайдаланылды.

<sup>31</sup> 2022 жылға арналған қаржылық деректер 2023 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес қайта есептелді.

<sup>32</sup> Жиынтық кіріс туралы есептегі түсім және басқа да кірістер жиыны.

<sup>33</sup> Жиынтық кіріс туралы есептегі шығыстар және шығындар жиыны.

<sup>34</sup> Қор Тобы қызметінің барлық өңірлеріндегі бюджетке төленген төлемдер және КТС.

<sup>35</sup> Дивидендтер мен басқа да үлестірулерді қамтиды.

## Экономика мен қоғамды дамытуға инвестициялар

GRI 203-1 | GRI 203-2 | GRI 3-3

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етіп және халықтың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік жасай отырып, біз экономиканың әр түрлі салаларына белсенді түрде инвестициялаймыз. GRI 3-3

Алдағы 6 жылда біз еліміздің әлеуметтік және инфрақұрылымдық дамуын қолдауға ерекше назар аударатын боламыз. Жеке бизнес тәуекелдің жоғары деңгейі немесе жеткіліксіз қаржылық база сияқты әртүрлі себептерге байланысты жобаларды өз бетінше жүзеге асыра алмайтын секторларда біз инвестициялау тәуекелдерін бөлісу және мемлекеттік органдармен байланыста қолдау көрсету арқылы бірлескен инвестор рөлін аламыз. Біздің инвестициялық жобаларымыз біз жұмыс істейтін өңірлерде маңызды рөл атқарып, мыналарды қамтамасыз етеді:

- әлеуметтік пайда: жұмыс орындарын құру, өмір сүру деңгейін арттыру;
- экономикалық даму: өңірлік экономиканы кеңейту, табыстың өсуі, шағын бизнестің дамыту;
- адами капиталдың кадрлық әлеуетін дамыту: мамандарды тарту және дамыту, олардың жаңа технологиялық өндіріске қатысуы;
- экономиканы әртараптандыру: жекелеген секторларға тәуелділікті төмендету, және өсу үшін жаңа мүмкіндіктер жасау.

Қордың ағымдағы инвестициялық қоржыны сомасы 49 трлн теңгені құрайтын экономиканың түрлі секторларындағы жобалардан тұрады.

2023 жылы Қордың Директорлар кеңесі Қордың тарапынан жүйелі мониторингке жататын жиынтық сомасы ~24 трлн теңге құрайтын 42 ірі инвестициялық жобаның тізбесін айқындады. Олардың едәуір бөлігі мемлекеттік бағдарламалар, ҚР Үкіметінің бағдарламалары шеңберінде бастамаланған. Оларды жүзеге асыру экономиканың әртүрлі салалары үшін маңызды рөл атқарады. Жобалардың әрқайсысы өңірлердің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына себептеседі, сондай-ақ экономиканың басым секторларына шетелдік инвестицияларды тарту үшін қолайлы орта жасайды.

Қордың инвестициялық қоржыны, трлн теңге



● Энергетика ● Барлау және өндіру ● Мұнайгазхимия  
● Газ тасымалдау инфрақұрылымы ● Көлік және коммуникациялар  
● Тау-кен секторы



### Дивидендтер және бюджетке төленген өзге төлемдер

Біз дивидендтерді жүйелі түрде төлеп, жалғыз акционеріміз мемлекетті табыспен қамтамасыз етеміз. 2023 жылы біз 1 269 миллиард теңге дивиденд төледік.


Сондай-ақ, біз Қазақстан үкіметі белгілеген түрлі салықтар мен алымдарды төлеп тұрамыз. Өткен жылы біз 1 993 миллиард теңге көлемінде салық төледік – бұл мемлекеттік бюджетке түскен барлық салық түсімдерінің шамамен 9%-ын құрайды.

2023 жылы акционерге басқа да бөлулер 133 млрд теңгені құрады және әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды қолдауға бағытталды.

### 2023 ЖЫЛЫ БІЗ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ПЕН САЛЫҚТЫҚ ЕСЕПТІҢ АШЫҚТЫҒЫН АРТТЫРУ ҮШІН КӨЛДЕНЕҢ БАҚЫЛАУ ПЛАТФОРМАСЫН ІСКЕ ҚОСТЫҚ.

Ақпараттық өзара әрекеттесудің жаңа түрі салық органдарына біздің деректерімізді нақты уақытта көруге мүмкіндік береді және салық төлеудегі қателіктер қаупін азайтады. Инновация сонымен қатар салықтық бұзушылықтар үшін ықтимал айыппұлдар мен өсімпұлдарды азайтуға мүмкіндік береді және инвестициялық тартымдылықты арттырады. GRI 3-3

ҚР Мемлекетке төленген төлемдер, млрд теңге



● ҚР бюджетіне төленген салықтар<sup>37</sup>  
● Дивидендтер  
● Акционерге төленген өзге бөлулер  
● Басқалар

<sup>36</sup> 2022 жылдың қорытындысы бойынша төлемдерден басқа, 2023 жылғы қазан мен қараша аралығында Қор Үкіметтің 2023 жылғы 20 қазандағы қаулысына сәйкес акционерге 2021 жылғы бөлінбеген пайдадан 1 026,7 млрд теңге мөлшерінде дивидендтер төлеуді жүзеге асырды.

<sup>37</sup> ЖТС-ты есепке алуымыз.



## Басым жобалардың негізгі бағыттары:

### 1 Маңызды инфрақұрылымды кеңейту

112 елді мекеннің

**213** мыңнан астам жаңа тұтынушылары газға қол жеткізді

Біз қоғам мен өнеркәсіптің өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыратын инфрақұрылымдық жобаларға, соның ішінде көлік желілеріне, энергетика мен телекоммуникацияларға ерекше назар аударамыз.

2023 жылы біз Атырау және Маңғыстау облыстарының халқын және ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарын сенімді газбен жабдықтауды қамтамасыз еттік. 2023 жылы 112 елді мекеннің 213 мыңнан астам жаңа тұтынушысы газға қол жеткізді. Атап айтқанда, Маңғыстау облысында ауыл шаруашылығы мен туризм өнеркәсібі объектілеріне тұрақты газ беру қамсыздандырылды, бұл өңірдегі туризмді дамытуға септігін тигізеді. Бұл өңірді одан әрі дамыту үшін жасалған маңызды қадам.

Сондай-ақ біздің жобалар еліміздің оңтүстік, орталық және солтүстік өңірлерін, соның ішінде өңірлердегі жүйелік маңызы бар кәсіпорындарды газбен жабдықтауды қамтамасыз етуге жағдай туғызатын болады.

2023 жылдан бастап Қазақстанда 5G желісін белсенді түрде өрістету басталды, бұл адамдарға өмір, білім және жұмыс сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Жылдың аяғына лицензиялық міндеттемелер шеңберінде 1 157 5G базалық станциясы орнатылды. Каспий теңізінің түбімен талшықты-оптикалық байланыс желілерінің магистралін тарту жобасы іске асырылуда, бұл транзиттік қуатты арттыру және негізінен, Ресей Федерациясы аумағы арқылы төселген ағымдағы бағдарларды әртараптандыру арқылы бізге еліміздің телекоммуникациялық қауіпсіздігі мен ақпараттық егемендігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Біз Қазақстанның көрші елдермен транзиттік дәліздерінің өткізу қабілеті мен тасымалдау қабілетін арттыру бойынша жұмыс істеудеміз. Мысалы, жобалардың бірі Қытайдан Еуропаға теміржол учаскесінің өткізу қабілетін 5 есеге арттыруға мүмкіндік береді. Соның ішінде Алматы т/ж торабына түсетін жүктемелі 40%-ға төмендетуге мүмкіндік беретін жобаны іске асырылуда.

### 2 Әлеуметтік инфрақұрылым құрылысы

2023-2024 жылдар кезеңінде

**208** «жайлы мектептерді» салу жоспарланған

Оқу жағдайлары ыңғайлы оқушы орындарының тапшылығын жою, шамадан тыс жүктелген сыныптар, апаттық мектептер және орта білім беру ұйымдарында үш ауысымдық оқыту мәселесін түпкілікті шешу үшін біз «жайлы мектептер» жобасын іске асырамыз.

Есепті мерзімде бірінші кезеңде (2023-2024 жылдар) 208 жайлы мектеп жоспарланған, олардың барлығы бойынша «толық аяқталған» түрдегі объектілерді жобалау және салу бойынша кешенді жұмыстарды сатып алу шарттарына қол қойылды.

Объектілер құрылысын тиімді мониторингілеу үшін Битрикс жобалық басқарудың ақпараттық жүйесіне 24/7 форматында объектілерді бейнемониторинг сервисі біріктірілген. Бұл сервис «online» режимінде объектілер құрылысының барысын бақылауға мүмкіндік береді. 208 нысанның 205-і бейнемониторинг жүйесіне қосылған. Бейнебақылау жүйесінде 4 шолу камерасы шығарылды. Барлық мүдделі тараптарға 4 шолу камерасына қолжеткізуі қамтамасыз етілді.

Ақпараттық жүйеде ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында құрылыстың бастапқы кезеңінен бастап аяқталғанға дейінгі міндеттер толығымен қамтылған. Мердігерлер ұйымдар күн сайынғы есептерден басқа, апта сайын дроннан фотосуреттерді, есептерді шығарып, жұмыс барысын көрсетеді. Барлық құрылыс жұмыстарын нысандарға орнатылған камералардың көмегімен онлайн режимінде толығымен бақылап тұруға болады. Сондай-ақ, құрылыс басталғаннан бастап мердігерлердің жұмысы бойынша авторлық, техникалық қадағалау есептері күн сайын, апта сайын және ай сайын қолжетімді болып тұрады.

Жалпы жұртшылықпен ғимараттардың қасбеттерінің сәулеттік шешімдерін, сыртқы және ішкі дизайнын, интерьерін, сондай-ақ жайлы мектептердің көлемдік-жоспарлау шешімдерінің жоспарларын талқылауға ерекше назар аударылды. Жобалау-сметалық құжаттамада ауыстырылатын киімді қайта кию және жеке заттарды сақтау, балалардың сыныптан тыс жерде жайлы болуы және т.б. бойынша жабдықталған орындарды ұлғайту жөніндегі тілектер ескерілген.

### 3 Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

газдың ресурстық базасы

**19%** 2022 жылмен салыстырғанда ұлғайды

Біздің инвестициялық жобалар қоржынының елеулі үлесін мемлекеттің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жобалар алады.

«Богатырь» көмір кенішінде 2023 жылы енгізілген жаңа технологиялар өндіру көлемін жылына 32 миллион тоннадан 40 миллион тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік берді.

Геологиялық барлау мен жаңа жобаларды іске қосу есебінен газдың ресурстық базасы 2022 жылмен салыстырғанда 19%-ға ұлғайып, Анабай кен орны пайдалануға берілді.

Тұтынушыларды ажырату ықтималдығының барынша азайтылумен, еліміздің батыс өңірлеріндегі электрмен жабдықтау желілерінің өткізу қабілетін 2 есеге арттырған жобаны аяқтадық. Осыған ұқсас жоба оңтүстік өңірлер үшін де жүзеге асырылуда.

Жаңа энергия өндіруші қуаттарды іске қосу және қолданыстағы қуаттарды ұлғайту жоспарлануда. Бұл жобалар энергиямен жабдықтаудың тұрақтылығын арттыруға және ең жоғары жүктемелер кезеңінде электр қуатының тапшылығы мәселесін шешуге көмектеседі.

Мұнай өнімдерінің ұзақ мерзімді тапшылығының сақталуына байланысты біз мұнай өңдеу қуаттарын кеңейту жөніндегі жобаларды іске асырамыз. Ең алдымен, біздің міндетіміз, бағасы экспорттық бағадан төмен белгіленген мұнай өнімдеріне ішкі нарықтың энергетикалық қажеттілігін қанағаттандыру болып табылады. Ішкі нарыққа жеткізілімдер бойынша шығындар маржалық экспорт есебінен жабылады.

Нарықтық баға белгілеуге көшу тетіктері ҚР отын-энергетикалық кешенін дамыту тұжырымдамасында ескерілген. Соған қарамастан, 2023 жылы кросс-субсидиялау көлемі шамамен 199 млрд теңгені құрады. Алдағы жылдары тұтынудың болжамды өсуі салдарынан шикі мұнайды ішкі нарыққа жеткізудің өсуі күтілуде, бұл Қор Тобы үшін жаңа сын-қателер туғызады.

### 4 Жаңартылатын энергия көздерін дамыту

КЭС және ЖЭС құрылысы бойынша жобалардың жиынтық қуаты

**~6** ГВт

Төмен көміртекті даму тұжырымдамामызда көрсетілген шығарындыларды азайту жөніндегі міндеттемелердің ескерілуімен, жаңартылатын энергия көздерін дамыту және дәстүрлі көмірмен жұмыс істейтін электр станцияларын газға ауыстыру жобалары ерекше маңызға ие болуда.

Біз жиынтық қуаты ~6 ГВт-қа дейінгі күн және жел электр станцияларының құрылысы бойынша жобаларды пысықтап әзірлеудеміз. Бұл жобаларды Total Eren, ACWA Power, Masdar, China Power International Holding Ltd, Power China және т.б. сияқты осыған ұқсас жобаларды орындауда тәжірибесі үлкен әлемдегі ірі сала ойыншыларымен серкітестікте іске асыру жоспарлануда. Біз қазірдің өзінде Алматы облысының Шелек дәлізінде қуаттылығы 60 МВт-ты құрайтын жел электр станциясының жобасын жүзеге асырдық, 2030 жылға қарай оның қуатын 810 МВт-қа дейін арттыру жоспарлануда.

Сондай-ақ sany Renewable Energy Co. Ltd компаниясымен бірлесіп жел электр станцияларына арналған құрамдас бөліктерді (қалақтарды, гондолаларды және мұнараларды) шығаратын зауыт салу жоспарлануда.





## 5 Өнімдерді қайта бөлуге

Полипропиленнің алты маркасын игерілді, ел ішінде клиенттер қатарына

# 58

компания қосылды

Біз жүзеге асырып жатқан бірқатар жоба экономиканың түрлі салаларында жаңа мүмкіндіктер ашып, заманауи жұмыс орындарын құруда. Атап айтқанда, мұнай-газ және мұнай-газхимия салаларының дамуы мультипликативтік әсерге ие және сабақтас салалардың дамуын ынталандыруы мүмкін. Мысалы, 2022 жылдың аяғында іске қосылған «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» зауыты 2023 жылы ішкі нарықтағы полипропиленге деген сұранысты қанағаттандырып қана қоймай, сонымен қатар құрылыс және медицина салалары, автомобиль жасау, тамақ өнеркәсібі үшін полипропилен өнімдерін шығаратын шағын және орта бизнес субъектілерінің қызметіне болысты. 2023 жылы зауыт елімізде және әлемде сұранысқа ие полипропиленнің алты маркасын игерді және ел ішінде 58 компания клиенттер қатарына қосылды. 2024 жылы фирмалық сұрыпталым санын он екі маркаға дейін ұлғайту жоспарлануда.

Қазіргі уақытта біз өнімді қайта бөлуді арттыруға бағытталған 7 жобаны бір мезгілде жүзеге асырып жатырмыз. Біз газ өңдеу зауыттарын, газды ажырату кешенін және полиэтилен өндіру зауытын салу бойынша жұмыстарды жобалау үстіндеміз. Полиэтилен өндірісі жобасын жүзеге асыру елімізге озық шетелдік технологияларды тартуға мүмкіндік беретін болады, ал жоба өнімдері одан әрі өңдеу үшін полимер өнімдерінің 50-ден астам түріне шикізатқа айналады.

## 6 Таза ауыз суға қол жеткізу

176 км магистралдық суағар жаңартылды, оның өткізу қабілеті тәулігіне артты

# 60

тыс. м<sup>3</sup>

Инвестициялық жобаларымызды іске асыру арқылы таза ауыз суға қол жеткізу адамдардың өмір сүру сапасын жақсартып қана қоймай, өңірлердегі экономикалық даму мен әлеуметтік тұрақтылық үшін қолайлы жағдай туғызады.

2023 жылы Атырау және Маңғыстау облыстарын, сондай-ақ Жаңаөзен қаласын сумен қамтамасыз ететін магистралдық суағарды қайта жаңғырту және кеңейту жобасын жүзеге асыру аяқталды. 176 км суағар жаңартылды, оның өткізу қабілеті тәулігіне 60 мың м<sup>3</sup>-ге артып (2022 жылмен салыстырғанда +54%), батыс өңірлердің тұрғындары мен бизнесті сумен қамтамасыз етті.

Жаңаөзен қ. тұрғындары мен кәсіпорындарын сумен қамту мәселесін шешу, сондай-ақ Маңғыстау облысының әлеуметтік қамсыздандыру саласына түсетін жүктемені азайту үшін тұтыландыру зауытын салу жобасы іске асырылуда. Зауыт қаланы тәулігіне қосымша 50 мың м<sup>3</sup> сумен қамтамасыз ететін болады.



## 2023 жылдың нәтижелері:

ҚҰНЫ 1,1 ТРЛН ТЕҢГЕНІ ҚҰРАЙТЫН 15 ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ, СОНЫҢ ІШІНДЕ 5-ЕУІ БАСЫМ ЖОБАЛАРҒА ЖАТАДЫ.

Инвестициялық жобалардың толық тізімі және олардың әсері кестеде келтірілген.

Қор Тобының басым инвестициялық жобалары **GRI 203-1** **GRI 203-2** **GRI 3-3**

1	Жобаның атауы	Жобаның әсері	Іске асыру мерзімі
	<b>Маңызды инфрақұрылымды кеңейту</b>		
	Алматы қ. ЖЭО-2, ЖЭО-3 үшін газ инфрақұрылымын салу	Алматы ЖЭО-ны газға ауыстыру үшін қажетті инфрақұрылым. 450 уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 22 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.	2021-2024 гг.
	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистралдық газ құбырының екінші желісінің құрылысы	Газ тасымалдау көлемін арттыру, Қазақстанның оңтүстік және орталық өңірлерін газбен жабдықтауды дамыту үшін инфрақұрылымды қамтамасыз ету. 4,5 мың уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 200 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.	2023-2026 гг.
	КС-14 және «КС-14 – Қостанай» магистралдық газ құбыры негізінде компрессорлық станцияларды салу	Қостанай қаласы мен Қостанай облысының тұрғындарын, сондай-ақ жүйе құраушы кәсіпорындарды сенімді газбен жабдықтауды қамтамасыз ету. 1,2 мың уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 400-ден астам тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.	2023-2026 гг.
	«Достық – Мойынты» т/ж учаскесінде екінші жол салу	Пойыздар қозғалысының жылдамдығын ұлғайту, Қытай – Еуропа бағдары бойынша Қазақстанның негізгі транзиттік дәлізінің өткізу және тасымалдау қабілетін арттыру. 1,5 мың уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 235 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.	2022-2025 гг.
	Алматы торабын айналып өтетін айналма т/ж желісін салу	Алматы темір жол торабына түсетін жүктемені 40%-ға азайту; Жүк ағындарының болжамды өсуін ескере отырып, Қытай-Еуропа және Қытай-Орталық Азия транзиттік дәлізі бойынша жүк өткізу қабілеті мен өту жылдамдығын арттыру. 1 мыңнан астам уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 500 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.	2023-2025 гг.
	«Дарбаза – Мақтаарал» теміржол желісінің құрылысы	«Сарыағаш» өткізу пунктінің жүктемесін түсіру және жылына 10 млн тоннаға дейін қосымша жүк ағынын тарту, сондай-ақ жоба Түркістан облысының республиканың негізгі теміржол желісімен байланыстыру арқылы оның дамуына себептесетін болады. 3,4 мыңнан астам уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 600 тұрақты жұмыс орнын (пайдалану кезеңі) құру.	2023-2026 гг.
	Қолданыстағы Семей – Ақтоғай теміржол учаскесіне шыға отырып, Қазақстан-Қытай шекарасында «Бақты» үшінші теміржол шекара өткелін салу	Қазақстан мен Қытай арасындағы өткізу қабілетін 20 млн тоннаға дейін ұлғайту. 1,7 мыңнан астам уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 500 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.	2023-2027 гг.
	Қазақстан Республикасында 5G желісін салу	Мобильді ғаламторға кең жолақты қолжетімділікті қамтамасыз ету және деректерді беру жылдамдығының тиісті артуы. 100 жаңа жұмыс орындарын құру.	2023-2027 гг.
	Каспий теңізінің түбімен талшықты-оптикалық байланыс магистралын тарту	Еліміздің өңірлік цифрлық хаб ретіндегі мәртебесін арттыру. Еуропадан Қытайға цифрлық дәліз құру, елдің телекоммуникациялық қауіпсіздігі мен ақпараттық егемендігін қамтамасыз ету, ағымдағы баңдарларды әртарапандыру.	2023-2025 гг.
	«Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркi» арнайы экономикалық аймағы инфрақұрылымының объектілері	Экономикалық саладағы еркін экономикалық аймақ әлеуетінің тиімділігін арттыру. 400-ден астам уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 300 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.	2014-2026 гг.

2

Жобаның атауы

Жобаның әсері

Іске асыру мерзімі

**Әлеуметтік инфрақұрылым құрылысы**

3

Жайлы мектептер

Оқушы орындары тапшылығы мәселесін шешу. Экономика мен бизнестің дамуына үлкен серпін бере алатын жобаны іске асыруға отандық тауар өндірушілерді тарту.

2023-2026 жж.

**Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету**

ГРЭС-1-дің №1 энергия блогын қалпына келтіру

Энергия блогын қалпына келтіру, жаңа электр сүзгілерін орнату арқылы эмиссияларды азайту. 500-ден астам уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 54 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2012-2024 жж.

№3 ст. энергия блогын орната отырып, Екібастұз ГРЭС-2-ні кеңейту және қайта құру

Сенімді электрмен жабдықтау мақсатында базалық электр өндірудің қуатын 1,2 ГВт-тан астамға арттыру. 1,5 мыңнан астам уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 400 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2006-2027 жж.

№4 ст. Энергия блогын орната отырып, Екібастұз ГРЭС-2-ні кеңейту

Сенімді электрмен жабдықтау мақсатында базалық электр өндірудің қуатын 1,2 ГВт-тан астамға арттыру. 1,5 мыңнан астам уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 400 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2022-2029 жж.

Таза көмір технологиясы негізінде №1 және №2 энергия блоктарын орнатумен Екібастұз ГРЭС-3 құрылысы

Қуаттылығы 1,2 ГВт-қа дейінгі таза көмір технологиясы негізінде базалық электр генерациясының қуатын арттыру. 1,5 мыңнан астам уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 500 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2023-2029 жж.

Түркістан облысында қуаты 1 000 МВт-қа дейінгі БГҚ базасында электр станциясының құрылысы

Энергия тапшылығы проблемасын шешу, оңтүстік аймақтың шамадан тыс жүктеме сағаттарында энергия тұтыну шығын тегістеу, ЖЭК-ті ұлттық энергетикалық жүйеге біріктіру үшін жағдайлар жасау. 2 мыңнан астам уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 500 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2022-2026 жж.

Батыс Қазақстан энергетикалық жүйесін Қазақстанның Бірыңғай электр энергетикалық жүйесімен біріктіру

Еліміздің Батыс облыстары арасында 220 кВт электр желілерін күшейте отырып, Қазақстанның Бірыңғай электр энергетикалық жүйесі Батыс аймағының тұтынушыларын электрмен жабдықтаудың өткізу қабілеті мен сенімділігін арттыру, сондай-ақ болашақ жел және газ генерациясының ірі объектілерінің қуатын беруді қамтамасыз ету. 900-ден астам уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 20 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2021-2027 жж.

Қазақстанның Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің Оңтүстік аймағының электр желісін күшейту жобасының бірінші кезеңі

Тұтынушыларды электрмен жабдықтаудың сенімділігін қамтамасыз ету және Оңтүстік аймақ облыстары арасындағы электр байланысын күшейту үшін электр энергетикасы жүйесін күшейту. 400-ге жуық уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 17 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2021-2026 жж.

Қуаттылығы 600 МВт-қа дейінгі Алматы ЖЭО-2 БГҚ-ны жаңғырту

Станцияны газға ауыстыру және Алматының экологиялық жағдайына теріс әсерді азайту. Алматы және Алматы өңірінің тұтынушыларын сенімді және үздіксіз энергия және жылу энергиясын жабдықтаумен қамтамасыз ету. 700-ге жуық уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 250 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2021-2026 жж.

Станцияның қуатын 450 МВт-қа дейін ұлғайта отырып, БГҚ базасында Алматы ЖЭО-3-ті қайта құру

Станцияны газға ауыстыру және Алматының экологиялық жағдайына теріс әсерді азайту. Алматы және Алматы өңірінің тұтынушыларын сенімді және үздіксіз энергия және жылу энергиясын жабдықтаумен қамтамасыз ету. 650-ге жуық уақытша жұмыс орындарын құру (құрылыс кезеңі).

2021-2026 жж.

4

«Богатырь» кенішінде циклдік-ағынды аршу кешенінің (ЦААК) құрылысы

«Богатырь» кенішінің өндірістік қуатын арттыру.

2023-2026 жж.

**Жаңартылатын энергия көздерін дамыту**

Power China-мен бірлесіп 810 МВт-қа дейінгі ЖЭС-ті салу

Жаңартылатын энергия көздерінің генерациясын 60 МВт-тан 810 МВт-қа дейін кеңейту. 400-ге жуық уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 40 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2023-2030 жж.

Қазақстанның оңтүстік-шығысында «Total Egen»-мен бірлесіп энергия жинақтау жүйесімен қуаты 1 ГВт-ты құрайтын ЖЭС-ті салу

Жаңартылатын энергияны көздерін өндіру, көмірқышқыл газы шығарындыларының алдын алу (шамамен 3 млн тонна CO2-балама). 400-ге жуық уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 40 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2022-2028 жж.

Жобаның атауы

Жобаның әсері

Іске асыру мерзімі

«ACWA Power»-мен бірлесіп қуаты 1 ГВт-ты құрайтын жел электр станциясын салу

Жаңартылатын энергияны өндіру, көмірқышқыл газдың шығарылуын болдырмау. 400-ге жуық уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 40 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2023 – 2029 жж.

«Masdar»-мен бірлесіп қуаты 1 ГВт-ты құрайтын ЖЭС-ті салу

Жаңартылатын энергияны өндірісі, көмірқышқыл газдың шығарылуын болдырмау. 400-ге жуық уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 40 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2023 – 2028 жж.

«China Power International Holding Ltd.»-мен бірлесіп қуаты 1 ГВт-ты құрайтын ЖЭС-ті салу

Жаңартылатын энергияны өндірісі, көмірқышқыл газдың шығарылуын болдырмау. 400-ге жуық уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 40 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2023 – 2028 жж.

«Юнигрин Энерджи» компаниясымен қуаты 1 ГВт-ты құрайтын КЭС-ті салу

Жаңартылатын энергияны өндірісі, көмірқышқыл газдың шығарылуын болдырмау. 500-ге жуық уақытша жұмыс орындарын құру (құрылыс кезеңі).

2025 – 2028 жж.

5

**Өнімдерді қайта бөлүлер**

Полиэтиленді өндіру бойынша жоба

Технологиялық және жоғары маржиналды өнімдерін шығару есебінен экономиканың шикізат бағытынан кету, көмірсүтек шикізатынан өндірілетін өнімдер қоржынын кеңейту.

2022-2028 жж.

«Полиэтилен» жобасы үшін газ айыру кешенінің құрылысы

8 мыңға жуық уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 800-ден астам тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру. Газ айыру кешенінің құрылысы кезеңінде 4 мыңға жуық уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 138-ден астам тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2018-2028 жж.

Жаңаөзен қ. жаңа газ өңдеу зауытының құрылысы

Маңғыстау облысының халқы мен өнеркәсіп кәсіпорындарын өнеркәсіптік және әлеуметтік маңызы бар отынмен қамтамасыз ету. Құрылыс кезеңінде 400 – ге жуық жаңа жұмыс орны, пайдалану кезеңінде-171 жұмыс орны құрылатын болды. 400-ге жуық уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 171 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2018-2026 жж.

«Қашаған» газ өңдеу зауытының құрылысы (1-кезең)

Елді одан әрі газдандыру үшін ресурстық базаны ұлғайту, Қазақстанның газ өңдеу саласын дамыту. 2 мыңға жуық уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 600 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2021-2026 жж.

Қуаттылығы жылына 800 мың тонна құрайтын күкірт қышқылы зауытын салу

Импорты алмастыру (импорт: 2021 ж. ≈ 10%, 2022 ≈ 38%). Таза электр энергиясының ілеспе өндірісі 30 МВт. 700-ге жуық уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 121 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2022-2026 жж.

«Шалқия» полиметалл кен орнын игеру

Қорғасын-мырыш кені ресурстық базасын кеңейту. 1,1 мыңға жуық уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 1,5 мың тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2015-2026 жж.

«Алайғыр» кен орнын игеру

Түсті металлургияның технологиялық тұрғыдан озық кіші саласын дамыту және полиметалл кендерін қайта өңдеу өнімдерінің импортын алмастыру. 250-ге жуық уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 500 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2013-2026 жж.

**Таза ауыз суға қол жеткізу**

6

«Кендірлі» теңіз суын тұщыландыру зауытын салу

Жаңаөзен қаласының халқы мен кәсіпорындарын сумен қамтамасыз ету және «Астрахан-Маңғышлақ» су құбырына жүктемені азайту. 200-ге жуық уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 100 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2021-2025 жж.



## Әлеуметтік маңызы бар қызметтер мен инфрақұрылымды дамыту

Біздің қоржынымызда халықты қажетті қызметтермен және инфрақұрылыммен қамтамасыз ететін және экономиканың жұмыс істеуі үшін маңызды болатын стратегиялық және әлеуметтік маңызы бар активтер бар.

Бұл қызметтер халыққа лайықты өмір сүру және еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге жәрдемдесіп, шағын және орта бизнестің дамуына себептеседі.

Қор экономиканың түрлі секторларында әлеуметтік маңызы бар жобаларды белсенді іске асырады, соның ішінде:

- халықтың газға қол жеткізуін қамтамасыз ету;
- елішілік теміржол жолаушылар және жүк тасымалы;

- әлеуметтік маңызы бар объектілерді салу;
- телекоммуникациялық қызметтерді көрсету;
- пошталық қызметтерді ұсыну, мерзімді баспасөз ба-сылымдарын тарату, зейнетақы мен жәрдемақыларды жеткізу;
- ішкі жолаушылар әуе тасымалы **GRI 3-3**

### Әлеуметтік даму үшін газдандыру

Біздің ең ауқымды және әлеуметтік маңызы бар жұмыс бағыттарымыздың бірі – ел өңірлерін газдандыру. Біз сенімді және үздіксіз газбен жабдықтауды қамтамасыз ете отырып, газ инфрақұрылымын жаңғырту және жаңа объектілерді салу бойынша жұмыстарды жүргізудеміз. Бұдан басқа, біз өнеркәсіп объектілері мен кәсіпкерлік субъектілерін табиғи газға көшіріп, қоршаған ортаға әсерді азайтудамыз.

Біздің күш-жігеріміздің арқасында еліміздің газдандыру деңгейі 60%-ға жетті. 2023 жылдың басындағы энергетика саласында бұрын-соңды болмаған сын-қатерлерге қарамастан, республиканы жыл бойы үздіксіз газбен жабдықтау қамтамасыз етілді.

Қор Солтүстік өңірлерді қоса алғанда, елімізді одан әрі газдандыру 2030 жылға қарай халықты табиғи газбен қамту-ды 13,5 миллион адамға дейін ұлғайтуды болжайды, бұл ел халқының шамамен 65%-ын құрайды. Бұл күш-жігер азаматтардың өміріндегі жайлылық пен қауіпсіздік деңгейін арттырып қана қоймай, өңірлердің экономикалық дамуын ынталандыруға да септігін тигізеді, - газ өнеркәсіп пен бизнес үшін маңызды энергетикалық ресурс болып табылады.

**GRI 203-1**

Сонымен қатар, бекітілген көтерме бағалар ішкі нарықтағы тауарлық газдың құнын өтпейді. Ішкі нарықтағы 208 млрд теңге мөлшеріндегі шығындар экспорттан, газ транзитінен және ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар мен майнерлер үшін жекелеген тарифтік санатты енгізуден түскен кірістер есебінен тегістелді. Реттеуші саясаттың жетілмегендігіне байланысты 163 млрд теңгедегі күрделі салымдар тарифке кірген жоқ.

Инфляциялық дәліз шеңберінде заңнамалық-нормативтік шектеулердің болуы және бағаны тежеу саясаты осы сегмент бойынша залалсыз деңгейге шығуға мүмкіндік бермейді. Қор Тобы түпкілікті тұтынушыларды субсидиялаудың атаулы сипаты қағидатын ұстана отырып, 3-5 жыл ішінде ішкі нарықта залалсыздыққа кезең-кезеңімен қол жеткізу жөніндегі іс-шараларды жүргізеді.



### Ашық көлік дәліздері және логистика

Біз «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-тың көмегімен қалалар арасындағы байланысты қамтамасыз етуде, әсіресе, басқа көлік түрлері қолжетімсіз немесе шектеулі болуы мүмкін еліміздің шалғай аймақтарында азаматтарға сенімді және қолжетімді көлік қызметтерін ұсынуда түйінді рөл атқарамыз. Кең желінің арқасында – елдегі 138 теміржол бағыты мен 16 мың шақырым теміржол және жол жүрудің қолжетімді тарифтерінің арқасында біз халқымызды қалалар мен елді мекендер арасында қауіпсіз әрі жайлы жүру мүмкіндігімен қамтамасыз етеміз.

2023 жылы «Жолаушылар тасымалы» АҚ-тың пойыздары 13 681 мыңнан астам жолаушыны тасымалдады. «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ өз қызметінде инклюзивтілік пен қауіпсіздікті қолдайды. Осылайша, 2022 жылмен салыстырғанда, ерекше қажеттіліктері бар жолаушыларды тасымалдау көлемі 42%-ға өсті. Қозғалысы шектеулі адамдарға арналған орындармен қамтамасыз етілген 87 вагон бар. Олар 36 бағыт бойынша жүріп тұрады. 2025 жылға қарай осы санаттағы жолаушыларға арналған купе-лермен жабдықталған қосымша 11 вагонды (көтергіш механизмдерімен, мамандандырылған санитарлық тораптармен және т.б.) сатып алу жоспарлануда. Мүмкіншіліктері шектеулі тұлғаларға жол жүруге 50%-ға дейін жеңілдіктер ескерілген, сондай-ақ 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап онлайн билеттерді сатып алу үдерісі жеңілдетілген. **GRI 203-1**

2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның 161 мыңға жуық жолаушысы «Әйелдер вагоны» қызметін пайдаланды. Салыстыруды жүргізсек, 2022 жылы мұндай вагондармен 114 мыңнан астам адам жол жүрген. 2023 жылдың аяғына қарай «Әйелдер вагондары» 8 жолаушы пойызында жүріп тұрады. Жолаушыларға жайлы жол жүру үшін барлық қажетті жағдай жасалған, олармен жол бойында жолсерік-әйелдер ілесіп жүреді. **GRI 203-2**

Өндірістік жұмыскерлерге бәсекеге қабілетті жалақыны қамтамасыз ету үшін теміржол желісі мен локомотив тарту қызметтеріне тарифтер көтерілді. Алайда, республикаішілік қатынастар бойынша жүк тасымалдаудың жекелеген түрлері бойынша залал әлі де сақталуда. 2023 жылдың қорытындысы бойынша тоғыспалы субсидиялау көлемі 580 млрд теңгені құрады, соның ішінде 219 млрд теңге – тарифтермен өтелмейтін негізгі қорларды қолдауға арналған күрделі салымдар. Реттелетін қатынастардан орын алатын шығындар маржалық жүк тасымалы мен транзиттен түскен кірістер есебінен жабылады. **GRI 203-1**





## Құрылыс экономика мен халық амандығының іргетасы ретінде

Қазақстанда құрылыс саласын дамытуға жәрдемдесу біздің қоржындық компания «Samruk-Kazyna Construction» АҚ-тың қатысуымен жүзеге асырылады. Өңірлерде құрылыс сегментін қолдау халықтың әртүрлі санаттары үшін баспананың қолжетімділігін арттыруға себептеседі. Компанияның жұмысы:

- жаңа тұрғын үй объектілерін пайдалануға беру арқылы халықтың баспанаға қолжетімділігін арттыруға;
- тозығы жеткен және апатты тұрғын үйлерді жаңғырту бағдарламасын іске асыру арқылы тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы және жайлы жағдай жасауға;
- қаланың сәулеттік келбетін жаңартуға;
- тұрғын үй құрылысы және аумақтарды дамыту саласындағы инвестициялық ахуалды жақсартуға бағытталған.

### 2023 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ 5 ҚАЛАСЫНДА БІРҚАТАР ТҰРҒЫН ҮЙ КЕШЕНДЕРІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ.

Сондай-ақ Астанадағы шатыр және қаптайтын материалдарын жасап шығару зауыты салынып, пайдалануға берілді, бұл Ресей, Қытай және Финляндиядан келетін өнімдер импортын азайтатын болады.

«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС инвестициялық компаниясы өңдеуші өнеркәсіпті, машина жасау, жеңіл және тамақ өнеркәсібін қаржыландыруды іске асыруда. Бұл жаңа өндірісті, сапалы жұмыс орындарын құрайды, импортқа тәуелділікті азайтып, шетелдік инвестиция мен технологияларды тартады.

## Әлеуметтік прогресс үшін телекоммуникацияны дамыту

Біз телекоммуникациялық қызметтерді көрсетуді қамтамасыз етілуін «Қазақтелеком» АҚ қоржындық компаниясы арқылы іске асырамыз. Қазіргі таңда біз байланыспен қамтуды негізінен ауылдық елді мекендерде кеңейтіп жатырмыз. Барлығы 2023 жылға қарай 5 351 ауылдық елді мекені ғаламтормен қамтамасыз етілді.

Қазақстан мен Әзірбайжанның жетекші телекоммуникация операторлары «Қазақтелеком» АҚ мен «AzerTelecom» ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың Бакуге сапары аясында Каспий теңізінің түбі бойынша Транскаспий талшықты-оптикалық байланыс желісін (ТОБЖ) салу мен пайдалану жөніндегі бірлескен кәсіпорын құру туралы Акционерлер келісіміне қол қойды.

Желілік инфрақұрылымды жаңғырту жобасы аясында 2023 жылы «Қазақтелеком» АҚ бүкіл республика бойынша 55 мың дерлік абонентті талшықты-оптикалық байланыс желісіне ауыстырды. Дәл сол жылдың соңында Степногорск қаласының тұрғындары үшін клиенттердің сымды Ғаламтор-қосылысының неғұрлым заманауи тәсіліне (ADSL-ден GPON-ға) ауқымды көші-қоны аяқталды. Нәтижесінде осы шағын қалада тұратын 11 мың дерлік отбасы GPON жүйесіне көшірілді. 2022 жылдан бері телеком-операторының 170 мыңға жуық клиенті мыс технологияларынан оптикалық технологияларға ауысты. **GRI 203-2**



2023 жылға  
қарай ғаламтормен  
қамтамасыз етілді  
**5 351**  
ауылдық  
елді  
мекен

## Әлеуметтік аман-есендік үшін пошталық инфрақұрылым

Еліміздің шалғай аймақтарын қоса алғанда, пошталық сервистерге қолжетімділікті қамтамасыз ету Қор Тобының әлеуметтік қолдаудың маңызды аспектісі болып табылады. Біздің қоржындық компания «Қазпошта» АҚ Қазақстандағы пошталық қызметтердің ұлттық операторы болып табылады, және ҚР-дың барлық дерлік аумағын, әсіресе облыстық және ауылдық деңгейде (3000-ға жуық пошта бөлімшесі) қамтитын елдегі ең ірі филиалдық желісіне ие.

Оның көмегімен біз халыққа қызметтердің кең спектрін ұсынамыз:

- Пошталық қызметтер саласында біз хаттар мен сәлемдемелерді жеткізуді, жеделдетілген және курьерлік пошта қызметтерін, пошталық ақша аударымдарын, мерзімді баспасөз басылымдарды таратуды іске асырамыз.
- Қаржылық қызметтер саласында біз төлемдерді қабылдау, заңды тұлғаларға есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету, зейнетақы мен жәрдемақыларды төлеу, валюталық-айырбастау операциялары, депозиттер, электронды ақша аударымдары, төлем карточкаларын шығару және т.б. секілді қызметтерді көрсетеміз;
- Агенттік қызметтерге негізгі өнімдердің қатарында екінші деңгейлі банктердің несиелері мен депозиттерін рәсімдеу, сақтандыру полистерін рәсімдеу, әуе және теміржол билеттерін сату кіреді. Бұл саланы дамытудың негізгі міндеті болып бөлімшелер қызметінің тиімділігін арттыру, қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету және әлеуметтік маңызы бар қызметтерді ауыл тұрғындарына жеткізу табылады.

Мемлекеттік қызметтерге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету және ауыл мен қала арасындағы сандық теңсіздікті жою мақсатында 2023 жылдың мамырынан бастап ауылдық пошта бөлімшелерінде мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша сынамалы жоба іске қосылды. Жоба 11 өңірде енгізіліп, 200-ден астам ауылдық пошта байланысы бөлімшесін қамтиды. Іске қосылғаннан бері 16 мыңнан астам мемлекеттік қызмет көрсетілді. 900 мыңнан астам ауыл тұрғындарының мемлекеттік қызметтерге қолжетімділігі қамтамасыз етіліп тұр. Сонымен қатар, комиссиялық сыйақының белгіленген мөлшерлемесі қызметтердің өзіндік құнын өтемейді, осы бағыт бойынша шығындар шамамен 17 млрд теңгені құрады. 2023 жылы «Корпоративтік банкинг» жобасын енгізу арқылы қаржылық қызметтер сегменті күшейтілді, бұл белгіленген комиссиялық сыйақымен сомада залалсыз деңгейге шығуға мүмкіндік берді **GRI 203-1**

Штаттық режимде «Қазпошта» АҚ жасы 80-нен асқан және ерекше санаттағы азаматтарға зейнетақыны тегін жеткізуді іске асырады. Ақша тікелей пәтерлерге дейін жеткізіледі. **GRI 203-2**

«Қазпошта» АҚ пошта желісі бизнес пен азаматтар үшін электрондық коммерцияны, логистикалық қызметтерді және қаржылық қызмет көрсетуді дамытудың тиімді құралы болып табылады. Біздің ең шалғай аудандарда болуымыздың арқасында пошта бөлімшелері ауылдық аймақтарда экономикалық белсенділіктің орталығына айналып, бізді Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының баға жетпес элементіне айналдырады.

Халыққа пошталық,  
қаржылық және агенттік  
қызметтердің кең спектрін  
қамтамасыз етеді

**~3 000**  
пошталық  
бөлімшелер





## Барлық санаттағы азаматтар үшін қолжетімді әуе қатынасы

«ЭЙР АСТАНА» АҚ ӘУЕ КОМПАНИЯСЫ АРҚЫЛЫ БІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯСЫН ДАМУҒА ЖӘНЕ ҚОЛЖЕТИМДІ ӘУЕ ҚАТЫНАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ЕЛЕУЛІ ҮЛЕС ҚОСУДАМЫЗ.

«Эйр Астана» АҚ әуе компаниясы 43 бағыт (халықаралық және ішкі дестинациялар) бойынша 91 бағдарды орындайды. 2023 жылы қазақстандықтардың әлем бойынша сапар шегу мүмкіндіктері артты: халықаралық бағдарлар желісі Қытайға, Үндістанға, Орталық және Оңтүстік-Шығыс Азияға, Кавказға, Жерорта теңізіне, Таяу Шығыс пен Ұлыбританияға бағыттарына жаңа сапарлар мен жиіліктер есебінен кеңейтілді. Есепті кезеңде «Эйр Астана» АҚ мен лоукостер «FlyArystan» АҚ флоты 49 әуе кемесіне дейін артты.

«Эйр Астана» АҚ

91

бағдарды  
орындайды

43

бағыттарда

Компания Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттары үшін жеңілдетілген әуе тасымалдарын ұсынады:

- Емделуге немесе ота жасатуға ұшатын, Қазақстанда емделмейтін онкологиялық немесе жүрек-қан тамырлары аурулары бар күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан балаларға. Билеттер балаға және бір алып жүрушіге екі бағытта да беріледі.
- Емделуге немесе ота жасатуға ұшатын азаматтық авиация ардагерлеріне.
- Ұлы Отан соғысының (ҰОС) ардагерлеріне және азаматтық авиация ардагерлеріне, Қазақстан Республикасының азаматтарына, әуе компания әуежайлық және басқа да алымдарды есептемегенде ұшуға 100% жеңілдік бере отырып, Қазақстан мен ТМД елдері бойынша саяхаттауға көмектеседі.
- «Жас Қыран» әлеуметтік бағдарламасы аясында тегін әуе сапарларын ұсыну. Бағдарлама халықаралық шығармашылық, спорттық және зияткерлік сайыстар мен байқауларға қатысатын 7-17 жас аралығындағы дарынды жастарды қолдауға бағытталған және балаға және бір ілесуші тұлғаға екі бағытта да билеттер беріледі.

Қор қоржынының бір бөлігі болып табылатын «QAZAQ AIR» АҚ Қазақстан Республикасындағы субсидияланатын әлеуметтік маңызы бар бағдарларға 7 бағыт бойынша қызмет көрсетеді. Әуе компаниясы ауыр науқас балаларға, мүгедек балаларға және олардың ілесуші тұлғаларына жеңілдіктер ұсынады, сонымен қатар жасы 16-дан 22-ге дейінгі, сондай-ақ жасы 60-тан асқан жолаушылар үшін арнайы жеңілдіктер ескерілген. [GRI 203-2](#)

## Ғылыми-зерттеу қызметі

Жоғары сапалы экономикалық және әлеуметтік түбегейлі өзгерістердің негізі болатын жоғары технологиялық өнімдер өндірісін кеңейту үшін Қор ғылыми-зерттеу қызметіне назар аударады.

ҒЗТКЖ-ға

84

астам  
өтінімді  
қарастырды

5


жобалар  
мақұлданды

Отандық ғылыми әлеуетке дем беру үшін жергілікті мамандардың ғылыми-зерттеу жұмыстары белсенді түрде ынталандырылуда.

Біз мерзімді экономикалық нәтижеге қол жеткізу үшін тәжірибелік-құрастырымдық талдамаларды коммерцияландыруға ерекше көңіл бөліп тұрамыз. Жұмысты үйлестіру мақсатында ғылыми-жаңартпашыл жобалар үшін өзінше «бір терезеге» айналған «Самғау» Ғылыми-Технологиялық Бастамалар Орталығы (бұдан әрі – ҒТБО) құрылды. Бұл бізге қоржындық компанияларда ғылыми өнімдерді, өнеркәсіптік инновацияларды және инновациялық мәдениетті әзірлеу үдерісін тиімді басқаруға мүмкіндік береді, сонымен қатар отандық ғылыми әзірлемелерді өндіріске табысты енгізуді қамтамасыз етеді.

2023 жылдың желтоқсанынан бастап Қордың жер қойнауын пайдаланушылары ғылыми зерттеулерді ҒТБО арқылы қаржыландыруды жүзеге асырады. «Бір терезе» қағидатына негізделген іріктеу мен қаржыландырудың жаңа тетігі Қор ішінде ресурстарды оңтайлы және ашық бөлудің негізгі құралына айналды. Бұл инновациялық жүйе ғылыми жобаларға тиімді қолдау көрсете отырып, ғылым мен өндірістің басым бағыттарын дамытады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша ҒТБО әлдеқашан ҒЗТКЖ-ға 84-тен астам өтінімді (2022 жылғы 17 қарашада қабылданған ҒЗТКЖ және жаңартпалар жөніндегі Корпоративтік стандарт рәсімдеріне сәйкес) қарады, оның ішінде Қордың Ғылыми-техникалық кеңесінің отырысында жалпы сомасы 2,7 млрд теңгені құрайтын 5 жобаны іске асыруға мақұлданды.





## Халықаралық инвестициялар және ынтымақтастық

Ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру және жоғары технологиялық өнімдерді жасап шығару іске қосу және дамыту үшін қомақты инвестицияны қажет етеді. Дәл сол себеппен біз қажетті капиталды қамтамасыз ететін және әртүрлі елдерден озық технологиялар мен білімді тартуға себептесетін шетелдік инвестицияларды белсенді түрде тартамыз.

Біз әртүрлі елдердің серіктестерімен ынтымақтаса отырып, инвестиция ағынын ынталандырамыз. Бірлескен инвестициялау арқылы біз инвестициялық тәуекелдерді азайтамыз және мемлекеттік органдармен коммуникациясында қолдау көрсетеміз.

### ШТЕЛДІК ӘРІПТЕСТЕРМЕН БІРЛЕСІП 21 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУДАМЫЗ

Бүгінде біз Қытай, БАӘ, Сауд Арабиясы, Ресей, Италия, АҚШ, Катар, Франция және Әзірбайжандағы серіктестермен бірге мұнайгазхимия, энергетика, көлік пен логистика, машина жасау, цифрландыру жобаларына инвестиция салудамыз. **GRI 2-6**

Атап айтқанда, Қор зиянды заттардың шығарындыларын азайтуға және климаттың өзгеруіне қарсы тұруға жәрдемдесетін жаңартылатын энергия көздері бойынша жобалар аясында елеулі жұмыс жүргізуде. 2023 жылы біз келесі серіктестіктерді жасастық:

- Жетісу аймағында (Жоңғар қақпасы) жалпы қуаттылығы 1 ГВт-ты құрайтын жел электр станциясын салу және пайдалану жөніндегі қағидаттар мен бірлескен әзірлеу туралы келісімдерге, Жол картасына ACWA Power компаниясымен қол қойылды, құрылысты бастау 2025 жылға жоспарланған.
- Қытайлық China Power International Holding (CPIH) компаниясымен бірлесіп, түсіністік туралы Меморандумға, Жол картасына және энергияны жинақтау жүйесімен жиынтық қуаты 1 ГВт-ты құрайтын жел электр станциясын салу жобасы бойынша бірлескен әзірлеу туралы келісімге қол қойылды. Алғашқы 500 МВт-ты Жамбыл облысында іске асыру жоспарлануда.

- Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) және Masdar (БАӘ) энергетикалық компаниясымен Жамбыл облысында энергияны жинақтау жүйесімен орнатылған қуаты 1 ГВт-қа дейінгі жаңа жел электр станциясы салынады. Жоба бойынша бірлескен әзірлеу туралы келісімге, ынтымақтастық туралы келісімге, Жол картасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметтері арасындағы үкіметаралық келісімге қол қойылды.
- Total Open компаниясымен электр энергиясын сатып алу және сату туралы, Қазақстанда жиынтық қуаты 1 ГВт-ты құрайтын жел электр станцияларын салу бойынша бірлескен әзірлеу және инвестициялар туралы келісімдер жасалды. Жобада электр энергиясын жинақтағыштар қолданылатын болады.
- Qazaq Green Power PLC және ресейлік Unigreen Energy компаниясымен жалпы қуаттылығы 1 ГВт-ты құрайтын КЭС салу бойынша жобаны іске асыру жоспарланған.
- ҚР Энергетика министрлігімен және БАӘ Инвестициялар министрлігімен Қазақстан аумағында жалпы қуаттылығы 10 ГВт төмен көміртекті энергетиканы дамыту бойынша Меморандум жасалды.
- Power Construction Corporation of China (ҚХР) компаниясымен Алматы облысының Шелек дәлізінде ЖЭК жобасын 810 МВт-қа дейін кеңейту бойынша өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойылды.
- China National Petroleum корпорациясымен жаңартылатын энергия көздерін дамыту бойынша өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойылды.

## IPO және SPO: қор нарығын ынталандыру

Қор жүзеге асыратын қоржындық компаниялардың IPO мен SPO-лары Ұлттық қорды толықтыруға, Қор активтерінің нарықтық құнын құруға, меншікті және борышқорлық капитал нарықтарына қолжетімділікті кеңейтуге, олардың қызметіне қойылатын талаптардың артуына және басқарудың озық тәжірибелерін ұстануға байланысты компаниялардың операциялық тиімділігін арттыруға себептеседі.

Бұл да отандық бағалы қағаздар нарығын дамытуға, ел халқының инвестициялық мәдениеті мен қаржылық сауаттылығын арттыруға болысады. Қор компанияларының IPO мен SPO-ларын өткізу азаматтардың инвестициялауға қатысуын белсендіреді және қор нарығында бөлшек сауда инвесторларының санын арттырады. Халықтың табысты компанияларға инвестиция салу арқылы еліміздің экономикалық дамуына қатысуға және жеке әл-ауқатын арттыруға қосымша мүмкіндіктері пайда болады.

Біздің бағалы қағаздарды орналастыруымыз азаматтардың инвестицияға деген үлкен қызығушылығын тудырды. 2023 жылдың аяғына қарай қор нарығында Қор Тобының 6 компаниясының акциялары саудаланған («KEGOC» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ, «Кселл» АҚ және «Қазақтелеком» АҚ), ал олардың акциялары 167 мыңнан астам бөлше сауда инвесторларына тиесілі.

Инвесторлардың күтулері және мәмілелердің өздерін өткізу аясында отандық депозитарлық жүйелердегі брокерлік шоттардың саны едәуір өсті. Орталық депозитарий мен АХҚО депозитарийі жүйелеріндегі шоттардың жиынтық саны 2021 жылдың басынан бері шамамен 236 мыңнан 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 3,9 миллион шотқа дейін өсті.

2023 жылы «KEGOC» АҚ SPO-сы өткізілді, оның аясында 22,6 млрд теңгеден астам қаражаттың тартылуына қол жеткізіп, бөлшек сауда инвесторларының үлесі 2%-дан 5,6%-ға дейін өсті. SPO нәтижесінде алынған қаражат «KEGOC» АҚ-тың Қазақстанның Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің Оңтүстік аймағының желілерін нығайту жөніндегі ірі инвестициялық жобасын жүзеге асыруға жұмсалды.



Қор нарығына кірген сәттен бастап Қор компанияларының нарықтық капиталдандыруының айтарлықтай өсуі байқалды, ол қазірдің өзінде 31,64 млрд АҚШ долларына жетіп, 85%-ға өсті.

Біз ірі компанияларды қор нарығына шығару бойынша жұмысты жалғастыратын боламыз. «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мен «QazaqGaz» ҰК» АҚ-тың IPO-ларын өткізу жоспарлануда. Бұл компаниялардың IPO-ларының табыстылығы үшін олардың тарифтерін залалсыз деңгейге жеткізіп, тиімділігін қамтамасыз ету қажет.



## Шағын және орта бизнесті дамытуға жәрдемдесу


Біз Қазақстанда шағын және орта бизнестің (ШОБ) және отандық кәсіпкерліктің дамуына белсенді түрде қолдау көрсетеміз

2018 жылдан  
2023 жылға дейін  
68 өндірістік  
жобалар мақұлданды,  
475 офтейк-келісімшарт  
жеткізушілермен  
жасалды

**115,7**  
млрд  
теңге

skstore.kz электрондық  
дүкені арқылы жасалған  
тапсырыстардың  
2023 жылдағы  
сомасы

**2,4**  
млрд  
теңге



Бұл экономикалық сектор жаңартпалардың, жұмысба-  
стылықтың өсуінің және тұрақты дамудың қозғаушы күші  
болып табылады, және біз оны қолдауға ерекше мән бе-  
реміз. **GRI 3-3**


Қазақстандағы ШОБ үлесі 2023 жылдың қорытындысы  
бойынша 36%<sup>38</sup>-ды құрады. Қазақстан экономикасының  
тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін біз ЖІӨ-дегі ШОБ  
үлесін кеңейтуді қолдауға ерекше назар аударамыз.

Қордың Топ компаниялары ресурстық базаны кеңей-  
ту, маңызды инфрақұрылымға қолжетімділікті қамтамасыз  
ету, кепілдендірілген оффтейткер, отандық өндірушілер-  
ден сатып алулар және инвесторларды тарту арқылы ШОБ  
субъектілеріне сервистік қолдау көрсетеді. **GRI 3-3**

Мысалы, өндірісті жаңа қайта бөлулер бойынша ірі жоба-  
ларды жүзеге асыру жаңа өңірлік кластерлерді қалыпта-  
стыра отырып, ШОБ-тың дамуына жағдай жасайды. Біздің  
ірі көлік жобаларымыз ШОБ үшін жаңа мүмкіндіктер беріп,  
жаңа сауда бағдарлары мен әлемдік нарықтарға қол жет-  
кізуді қамтамасыз етеді. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер  
палатасымен бірге біз газ саласындағы жергілікті қамтуды  
ұлғайтып, іс жүзінде нөлден бастап газ сервистік индустри-  
ясын құрадамыз.

Отандық тауар өндірушілерді (бұдан әрі – ОТӨ) қолдау-  
дың және дамытудың негізгі құралы болып импортты ал-  
мастыру бағдарламасы табылады. 2018 жылдан бастап 31  
желтоқсанға дейін 68 жаңа өндірістік жоба мақұлданды, со-  
масы 115,7 млрд теңгені құрайтын 475 офтейк-келісімшарт  
жеткізушілермен жасалды.

**Отандық жеткізушілерден сатып алынған<sup>39</sup> тауарлардың  
(жұмыстардың, қызметтердің) үлесі, %** **GRI 204-1**



<sup>38</sup> Vlast.kz

<sup>39</sup> Отандық жеткізушілер Қазақстан Республикасында тіркелген жеткізушілерді білдіреді. Көрсеткіш Қордың Сатып алу ережелеріне бағынатын компанияларды ескереді.

Осы бағдарламаға қазақстандық өндірушілердің қаты-  
суын ынталандыру үшін қосымша шаралар әзірленуде.  
Мысалы, отандық өнім тапшы болған жағдайда 20 жылға  
дейінгі мерзімге офтейк-келісімшартты жасау мүмкіндігі.  
Офтейк-келісімшартты жасау кезінде әлеуетті өндірушіге  
ОТӨ-ден шикізат пен құрамдастарды сатып алу бойынша  
қарсы міндеттемелер қойылатын болады. **GRI 3-3**

**ДШАҒЫН БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ ҮШІН 2023 ЖЫЛЫ  
ҚОРДЫҢ САТЫП АЛУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЭЛЕКТРОНДЫ ДҮКЕН  
(SKSTORE.KZ) ҚҰРЫЛДЫ.**

**GRI 3-3**

Онда қазірдің өзінде 6 мыңға жуық жеткізуші тіркелген,  
оның жартысынан астамы - ЖК. 1 күн ішінде сатып алу мүм-  
кіндігі бар, яғни, бюрократия жоқ, бұдан басқа жеткізушіні  
автоматты түрде таңдау ескерілген, бұл сыбайлас жемқор-  
лық тәуекелін азайтады. 2023 жылғы тапсырыстар көлемі  
2,4 млрд теңгені құрады. Бұл көрсеткішті 2029 жылға қа-  
рай 100 миллиард теңгеге дейін ұлғайту жоспарлануда, бұл  
40 есе өсуді білдіреді.

2023 жылы Қор сатып алған тауарлардың (жұмыстардың,  
қызметтердің) көлемі 3 696 млрд теңгені құрап, оның 92%-  
ы отандық жеткізушілерге тиесілі. **GRI 203-2**. Сатып алудағы  
жергілікті қамту үлесі 98%-ға дейін өсті (2022 жылы – 79%).  
2024 жылы ОТӨ-ден тауарларды сатып алу көлемі 0,75 трлн  
теңге деңгейінде, 2029 жылға қарай 2,1 трлн теңге деңгей-  
інде жоспарланған. **GRI 3-3**

Отандық тауар өндірушілерді қолдау біздің инвестициялық  
жобаларымызда да ескерілген. Мәселен, «Жайлы мек-  
теп» жобасын іске асыру барысында отандық тауар өн-  
дірушілердің қатысуы заңнамалық түрде бекітілген.

Біз өздеріміздің сатып алу қызметімізге ESG өлшемшартта-  
рын енгіземіз. Әсіресе, Жаңа өндірісті құруға жәрдемдесу  
бағдарламасы аясында жобаларды іске асыруға әлеуетті  
өнім берушілердің өтінімдерін қарауда. Бұл үдеріс өнімнің  
өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде жаңартылатын  
энергияны пайдалануды және көміртегі ізін азайту үшін  
технологияларды пайдалануды қоса алғанда, жобалар-  
ды әртүрлі өлшемшарттар бойынша бағалауды қамтиды.



## Қайырымдылық және әлеуметтік жобалар

Біз қайырымдылық жобалар, демеушілік және корпоративтік волонтерлікті насихаттау арқылы еліміздің әлеуметтік дамуына үлес қосамыз.

GRI 203-2 GRI 3-3

### Компания әрекет ететін өңірлердегі әлеуметтік қолдау

Қордың қоржындық компаниялары жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар аясында әлеуметтік маңызы бар объектілерді, спорт кешендері құрылысын, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын және т.б. қаржыландыруды іске асыруда. 2023 жылы Қордың компаниялар Тобы бойынша қаржыландырудың жалпы сомасы 54 млрд теңгеге жетті.

GRI 203-1

Мысалы, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ол әрекет ететін өңірлерді дамытуға және әлеуметтік көмек көрсетуге шамамен 5,6 млрд теңге бөліп берді. Соның ішінде - Маңғыстау, Атырау, Қызылорда және Ақтөбе облыстарының әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту. Мысалы, Атырау облысының ауылдық жерлерінде 280 орындық балабақша, және Қызылорда облысында 350 орындық «Оқушылар сарайы» ғимарат-кешені салынды.

2023 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ мәдениет үйлерін, балалар және спорт алаңдарын салуды, оқу жабдығын сатып алуды және елді мекендерді абаттандыруды қаржыландыру бойынша жалпы сомасы 2,3 млрд теңгені құрайтын жобаларға бастамашылық етті. Халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарына көмір, азық-түлік себеттері, оқу құралдары мен жаңа жылдық сыйлықтар сатып алу арқылы қаржылай көмек көрсетіледі.



Әрекет ететін өңірлерде әлеуметтік қолдау

**54**  
млрд  
теңге



## Бірыңғай оператор – «Samruk-Kazyna Trust» КҚ арқылы қоржындық компаниялармен бірлескен қайырымдылық жобалары

Қайырымдылық  
бағдарламасы аясында  
46 жоба іске асырылады

**7,2**  
млрд  
теңге


Қайырымдылық  
жобалармен

**524**  
мың  
адам  
қамтылды



Жалпы, 2023 жылы 7,2 млрд теңгені құрайтын 46 жоба жүзеге асырылды. Бұл жобалар 524 мың қазақстандықты қамтыды. Олардың ішінде аналар мен балалар – 97 мың адам, ауыл халқы – 87 мың адам, жұмыспен 700 адам қамтылды.

### Қайырымдылық бағдарламасының бағыттары



- Денсаулық сақтау
- Білім беру
- Спорт пен мәдениет
- Халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарын қолдау
- Өңірлерді дамыту

### Денсаулық сақтау

Денсаулық сақтау саласында біз Медициналық және оңалту көмегінің қолжетімділігін арттыруға, емдеудің заманауи тәсілдерін пайдалануға, қазақстандықтардың өмір сүру сапасын жақсартуға ерекше назар аударамыз. Оңалту орталықтары желісін құру бастамасы аясында Қор серіктермен бірлесіп 3 жасқа дейінгі балаларға арналған ерте араласу орталықтарын, аутизмі бар балаларға арналған орталықтарды, 18 жасқа дейінгі балаларға арналған оңалту орталықтарын ашты. Атап айтқанда, 2023 жылы 13 орталық іске қосылды: 7 ерте араласу орталығы, аутизм және басқа да ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған 5 орталық және 1 оңалту орталығы. Бүгінгі таңда біз Қазақстанның барлық өңірлерінде 34 оңалту орталығын аштық.

### ОНКОЛОГИЯЛЫҚ АУРУЛАРЫ БАР 500-ДЕН АСТАМ БАЛА ПЕДИАТРИЯ ЖӘНЕ БАЛАЛАР ХИРУРГИЯСЫ ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫНДА ЗАМАНАУИ ЖАБДЫҚТАРМЕН ЕМДЕЛДІ.

«Балаларға өмір сыйла» жобасы аясында ҚР-да диагнозы емделмейтін 61 балаға шетелдік емдеу ақысы төленді.

Көбінесе шалғай ауылдарда ауруханалар жоқ, тұрғындардың барлығы аудандарға бара алмайды. Біз бірнеше жыл бойы шалғайдағы ауыл тұрғындарына тегін медициналық-құқықтық көмек көрсету бойынша «Медициналық пойыздар» жобасын қолдап келеміз. 2023 жылы 100 мыңға жуық азаматқа көмек көрсетілді. Медициналық пойыз ҚР барлық облыстарында 121 шалғай станция бойынша жүрді. Бұл ретте 2023 жылға дейін пойыз құрамында дәрігерлер ғана болды, сол жылы медиаторлар мен заңгерлер қосылды. Медициналық бригадалар тек диагностикалық рәсімдерді ғана емес, сонымен қатар шағын амбулаториялық операцияларды да жасайтын 35 маманнан тұрады. Бұл терапевтер, хирургтар, жалпы тәжірибелік дәрігерлер, невропатологтар, ультрадыбыстық диагностика дәрігерлері, акушерлер, зертханашылар, мейірбикелер, рентгенологтар, сәулемен диагностикалау дәрігерлері, тіс дәрігерлері, отоларингологтар, психологтар, көз дәрігерлері, гинекологтар және урологтар. Медициналық пойыздың жүру кестесі шалғайдағы станцияларда медициналық пункттердің жоқтығының ескерілуімен және азаматтар мен мемлекеттік органдардың жүгінулері негізінде жасалған. Медициналық пойыз әр станцияда 1-2 күн тұрды. Азаматтардың құқықтарын қорғау бойынша тегін кеңестер мемлекеттік әлеуметтік қолдауды, зейнетақыны, жәрдемақыны, әлеуметтік жәрдемақы мен атаулы әлеуметтік көмекті алуды қамтыған.

23 елді мекенде 1100-ден астам ерекше балалар қатысатын тегін бейімделген спорт секциялары ашылды.

### Білім

Білім беру саласында біз сапалы білім алу, адами әлеуетті дамыту үшін тең жағдайлар мен мүмкіндіктер жасау бойынша жұмыс істейміз.

### АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК ОСАЛ САНАТТАҒЫ 500 ОҚУШЫ ҮШІН ТЕГІН СЫНЫПТАН ТЫС САБАҚТАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Біз қолдайтын «Туған елге саяхат», «All ability camp», «Шекарасыз жаз» жобалары аясында 1000-нан астам балалар мен олардың ата-аналары үшін жазғы танымдық және спорттық-инклюзивті лагерьлер ұйымдастырылды.

Сондай-ақ, экологиялық-ағарту жобасы аясында ШҚО-да өскелең ұрпақтың экологиялық мәдениетін тәрбиелеу және экологиялық сананың жаңа түрін қалыптастыру үшін облыстық кітапхана базасында қаланың ауасын, суын және топырағын зерттеуге арналған жабдықтармен және жиынтықпен жабдықталған эко-зертхана құрылды. Жас экологтар құс ұялары мен құсқа жем салатын астауларының түпнұсқа үлгілерін, өсімдіктерді суаруға арналған құрылғыларды және эко кәдесыйларды жобалау және басып шығару үшін 3D-принтермен жұмыс істеуді үйренеді.



### Спорт пен мәдениет

Біздің спорт саласындағы әлеуметтік жобалар арқасында өңірлерде заманауи спорттық инфрақұрылым пайда болып жатыр. 2023 жылы Қостанай, Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстарында 3 ірі спорт кешені салынды.

### ҚОРДЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН БАРЛЫҒЫ ОСЫндай 11 КЕШЕН АШЫЛЫП, 26 жаңа СПОРТТЫҚ-ОЙЫН АЛАҢДАРЫ ОРНАТЫЛДЫ.

Шығармашылық орталық функционалдығы мен тақырыбы бойынша түрлі аймақтардың кең ауқымын ұсынады: контент жасауға, фото және бейне түсіруге арналған студия, музыкалық студия, коворкинг, музыкалық қонақбөлме, көп функциялы іс-шаралар алаңы, ивент-кеңістік, қалалық қоғамдастықтарға арналған комьюнити спейс, тақырыптық кітап залдары, ТІКТОК аймақтары, суретшілер, дизайнерлер және сәулетшілерге арналған шеберханалар, кешкі көрсетілімдерге арналған кино экраны бар көше рекреациялық аймағы, сондай-ақ көшедегі әрекеттері бар жазғы арт-резиденция және т.б.



### Халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарын қолдау

«Мектепке жол» республикалық қайырымдылық жобасы аясында 15 мың бірінші сынып оқушысына көмек көрсетілді. Әлеуметтік көмекті үлестірген кезде мұқтаж ауыл тұрғындарына басымдық берілді. Сыйлықтарды жеткізу мен ұсынуды Қор Тобының волонтерлері мен жұмыскерлері жүзеге асырады. Он облыстың бірінші сынып оқушылары оқу орнының табалдырығын аттау үшін Қор атынан берілген алғашқы мектеп арқақоржындарымен және барлық қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз етілді.

Астана қаласының, Атырау, Ақмола, Ақтөбе және Павлодар облыстарының 15 арнайы мектеп-интернаттарында баскетбол, футбол, волейболға арналған доптар, сондай-ақ гимнастикаға арналған құрал-жабдықтар, төсеніштер, белтемірі бар швед қабырғасы, үстел теннисіне арналған үстел және басқа да құрал-жабдықтар сатып алынды. Жобаның арқасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар халықтың осал топтарынан 2 мыңнан астам бала, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сөйлеу, есту қабілеті бұзылған және психикалық дамуы тежелген балалар, бала кезінен мүгедектер түрлі спорт түрлерімен толыққанды айналыса алады.

Астанада Отбасылық аула клубтарының жұмысы реттелген. Жоба арқылы халықтың әлеуметтік осал топтарының балалары ағылшын тілін үйреніп, робототехника, музыка және шахматпен айналысады. Астананың спорттық және шығармашылық үйірмелерінде 3500 бала шұғылданады. Сонымен қатар, аталған аула клубтарында психолог мамандар өмірлік қиын жағдайға тап болған ата-аналарға көмек көрсетеді.



### Корпоративтік волонтерлік

#### ҚОРДЫҢ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНДА SK VOLUNTEER ЕРІКТІЛЕР ЛИГАСЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ, ОЛ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ БАРЛЫҚ ЖАНАШЫР ЖҰМЫСКЕРЛЕРІН БІРІКТІРЕДІ.

Волонтерлік төрт бағыт бойынша жүзеге асырылады: Qatqor - мұқтаждарға қамқорлық, Umit – қоғамдық волонтерлік, Asyl mura – Қазақстан тарихын сақтауға жәрдемдесу, Taza Kazakhstan – табиғатты сақтауға үлес.

Қордың қоржындық компанияларының өкілдері өзендердің жағалауларын қоқыстардан тазарту бойынша экологиялық акцияларды үнемі өткізеді. Жаңа жылда Қор жұмыскерлері мен еріктілер көп балалы, жағдайы төмен отбасылардың балаларына сыйлықтар береді. «Донор күні» акциясы өткізіледі, оған жыл сайын Қор компаниялары тобының жұмыскерлері қатысады. Ардагерлерге атаулы көмек көрсетуге бағытталған «Жеңіс» қайырымдылық жобасы аясында еріктілер Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, тыл еңбеккерлеріне үнемі келіп тұрады. Оларға азық-түлік себеттері мен дәрі-дәрмектер әкелінеді, сонымен қатар үйлердегі шаруашылық жұмыстарына көмектеседі.

Біз төтенше жағдайларға да жауап қайтаруға тырысамыз. Мәселен, 2023 жылы Қор Абай облысында өрттен зардап шеккендерге 200 млн теңге жолдады. Бұл қаражат эвакуацияланған елді мекендердің тұрғындарына, сондай-ақ өртті сөндіруге қатысқан мамандарға гуманитарлық көмек көрсетуге бағытталған.





4

## Біздің адамдар

- 85 Тең мүмкіндіктерді құру
- 90 Лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету
- 92 Кәсіби даму
- 94 Корпоративтік мәдениет және құндылықтар
- 96 Жастарға арналған бағдарламалар
- 97 Әлеуметтік-еңбек қатынастары
- 100 Жұмыс орнындағы қауіпсіздік
- 108 Жұмыскерлердің денсаулығы мен амандығы

АТЫРАУ МҰНАЙ  
ӨНДЕУ ЗАУЫТЫ

ҚАЙТА  
ӨНДЕУДІҢ  
ЖОБАЛЫҚ  
ҚУАТЫ ЖЫЛЫНА

ҚАЙТА ӨНДЕУДІҢ  
ТЕРЕҢДІГІ

5,5 МЛН  
ТОННАНЫ  
ҚҰРАЙДЫ

86,4% ДЕЙІН





## БІЗ ӘРБІР ЖҰМЫСКЕРГЕ ҚҰРМЕТПЕН ҚАРАЙТЫН ЖӘНЕ ЕҢ ЖОҒАРЫ ЭТИКАЛЫҚ СТАНДАРТТАР ҰСТАЛАТЫН ИНКЛЮЗИВТІ ЖҰМЫС ОРТАСЫН ҚҰРАМЫЗ. БІЗ БАРШАҒА БІРДЕЙ МАНСАПТЫҚ МҮМКІНДІКТЕР ҰСЫНАМЫЗ.



Біз еңбек нарығында кәсіпқой үміткерлерді ашық және транспарентті түрде тартамыз, жұмыскерлерді дамыту және біліктілігін арттыру бағдарламаларын әзірлейміз, меритократия қағидасына сәйкес жұмыскерлерге оқытуға қолжетімділікті ұсынамыз. Жұмыскерлер үшін, әсіресе өндірістік жұмыскерлер құрамы үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын және ешбір нысандағы кемсітушілікке жол бермейтін инклюзивті жұмыс ортасын қамтамасыз ету маңызды. Жұмыскерлердің жетістігі, олардың кәсіби өсуі мен дамуы Қорда да, қоржындық компанияларда да кадр саясатының басты бағдары болып табылады. Кадр саясаты біз қызметімізде ұстанатын қағидаттарды қамтып көрсетеді:

- біліктілікті арттыру және адам капиталын дамыту бағдарламаларын үнемі жетілдіріп тұру;
- Қордың бүкіл компаниялар Тобы бойынша ішкі сараптаманы арттырудың қажетті шарты ретінде тәжірибе мен білімнің сабақтасығы;
- Қордың бүкіл компаниялар Тобында IR, HSE, CSR тәжірибелерін енгізу арқылы жұмыскерлер мен жұмыс беруші мүдделерінің теңгерімділігін сақтауға ерекше назар аудару;
- HR үдерістерінің айқындығын қамтамасыз ету және ашықтық саясатын қолдау.

2023 жылы жеке қоржындық компаниялар («Эйр Астана» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «QazaqGaz» ҰК» АҚ, «ҚазақстанТемірЖолы» ҰК» АҚ) ең тартымды жұмыс берушілер рейтингіне<sup>40</sup> енді, бұл жұмыскерлерге және жалпы қоғамға деген бағдарлануды, сондай-ақ Қор Тобындағы лайықты еңбек жағдайларының кепілдігін тағы бір рет дәлелдейді. Жұмыскерлер құрамын басқару үдерістері Қазақстан Республикасының заңына сәйкес әзірленетін және ҚР Еңбек кодексіне қатысты міндеттемелер мен ережелерді сақтайтын корпоративтік құжаттармен реттеледі. Қор және оның қоржындық компаниялары келесі құжаттарды әзірлеп бекітті:

- Еңбекке ақы төлеу, сыйлықақы беру және жұмыскерлердің қызметін бағалау ережелері;
- Жұмыскерлерге әлеуметтік қолдау көрсету ережелері;
- Жұмыскерлердің қызметтік іссапарлары туралы ережелер;
- Жұмыскерлерді іздеу және іріктеу ережелері;
- Іскерлік әдеп кодексі<sup>41</sup>;
- Конкурстық іріктеу, бос лауазымдарға жалдау және жұмыскерлер құрамын бейімдеу ережелері;
- Жұмыскерлер құрамын оқыту және дамыту ережелері;
- Ішкі еңбек тәртібі ережелері. **GRI 3-3**

<sup>40</sup> Рейтинг 2023 жылы ANCOR тапсырысы бойынша жұмыс беруші брендин қабылдауды кең ауқымды тәуелсіз зерттеу аясында жүргізілді.

<sup>41</sup> Іскерлік этика кодексі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және Халықаралық еңбек ұйымының талаптарын ескере отырып әзірленген.

## Тең мүмкіндіктерді құру

Біз өз қызметімізде адам құқықтарының сақтаулуына ерекше көңіл бөлеміз.

Біз Адам құқықтары туралы халықаралық Билде және ХЕҰ еңбек жөніндегі стандарттарында баяндалған адам құқықтары саласындағы қағидаттарды ұстанамыз. Атап айтқанда, жұмыскерлердің құқықтарының сақталуын әйелдердің құқықтарын қорғауға ерекше көңіл бөлуімен қамтамасыз етеміз. **GRI 2-23** Жұмыскерлер құрамын басқару үдерістері корпоративтік құжаттармен реттеледі. Корпоративтік құжаттар өз кезегінде Қазақстан Республикасының заңына сәйкес әзірленеді және ҚР Еңбек кодексіне қатысты міндеттемелер мен ережелерді сақтайды. **GRI 3-3**

Біз діни, нәсілдік, этникалық, жыныстық, жастық және басқа да белгілер бойынша кемсітушіліктің кез келген нысаны жоққа шығарылатын жұмыс ортасын құруға ұмтыламыз. Қор қорлайтын, агрессивті немесе дұшпандық жүріс-тұрыстың кез келген нысанына тыйым салады. **GRI 3-3**, **GRI 2-24**

Тиімді басқару жүйесін қамтамасыз ету үшін біз Кадр саясатын үнемі жаңартып отырамыз және Қордың барлық Топтарында үздік HR-тәжірибелерді енгіземіз, кемсітушілікке жол бермеу және адам құқықтары саласындағы нормативтік құжаттарды жаңартып тұрамыз. **GRI 2-24**

Қазақстандағы ең ірі жұмыс беруші ретінде бізге әлеуметтік тұрақтылықтың жоғары деңгейін сақтап, жұмыс жағдайлары мен еңбекақы төлеуде әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету қажет. Қор Тобында барлық жұмыскерлер үшін тең мансаптық мүмкіндіктер жасау бойынша жұмыс жалғасуда. Біз жастық, жыныстық және ұлттық тепе-теңдігінің алуан түрлілігін ынталандыруды көздейміз. **GRI 3-3**

2023 жылдың  
аяғында Қор Тобында  
**267**  
мыңнан астам адам  
жұмыс істейді



## Инклюзивтілік пен теңдік

2023 жылдың аяғында Қор Тобында 267 мыңнан астам адам жұмыс істейді (2022 жылы 262 мың). Соңғы төрт жылда жұмыскерлердің санында айтарлықтай өзгерістер болған жоқ. Тұрақты жұмыскерлердің саны – 250 333 адам, уақытша жұмыскерлер саны – 17 481 адам. Жұмыскерлердің ең көп саны көлік-логистика секторында (жалпы санның 53%-ы) және мұнай-газ секторы (жалпы санның 23%-ы). Толық емес жұмыс күн кестесі бойынша істейтін жұмыскерлер саны 7 129 адамды құрайды. Компаниялардың атқарушы органдарында 213 адам жұмыс істейді. **GRI 2-7**


Есепті жылы да бұрынғыдай гендерлік теңдікті сақтау қажеттігін қолдайтын іс-әрекеттерге баса назар аудардық. Біз БҰҰ Әйелдер серіктестігі және БҰҰ Жаһандық шарты арқылы гендерлік теңдіктің жеті қағидатын ұстанамыз:

- гендерлік теңдікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қолдау,
- әйелдер мен ерлерге әділ қарым-қатынас – жынысына байланысты кемсітушілікке жол бермеу, тең қарау және барлық әлеуметтік мүмкіндіктерге қол жеткізу,
- адам құқықтарын құрметтеу және қолдау, кемсітушілікке жол бермеу,
- барлығының денсаулығын, қауіпсіздігін және амандығын қамтамасыз ету,
- кәсіпорындардағы әйелдердің білім алуына, кәсіби өсуіне және мүмкіндіктерін кеңейтуге жәрдемдесу,
- жергілікті қауымдастық деңгейінде теңдікті қамтамасыз ету,
- нәтижелерді бағалау және гендерлік теңдікке қол жеткізудегі прогресс туралы қоғамды ақпараттандыру. **GRI 3-3**

Өндірістік қызмет ерлер санының дәстүрлі басым болуына әкелуде (2023 жылы – 73%), жұмыскерлер құрамындағы әйелдердің үлесі 27%-ды құрайды. Жоғары басшылық құрамында әйелдердің Қор компаниялары Тобының басқармаларындағы үлесі – 17% (2022 жылы – 14%), ал байқаушы және қамқоршылық кеңестерінде, сондай-ақ Директорлар кеңестерінде – 13%. **GRI 405-1**

**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР ҮЛЕСІН ҰЛҒАЙТУ 2030 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ 30% МАҚСАТТЫҚ КӨРСЕТКІШІНЕ ЖЕТУ ҮШІН ҚОРЖЫНДЫҚ КОМПАНИЯЛАРДА КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ.**

Секторлар бойынша персонал құрылымы, %



- Мұнай-газ секторы
- Тау-кен металлургия секторы
- Телекоммуникация секторы
- Көлік-логистика секторы
- Жылу және электр энергиясын өндіру секторы
- Өзгелері


Осылайша, біздің қоржындық компаниялардың бірі – «Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС-де БК-дегі әйелдердің үлесі қазірдің өзінде 67%-ға жетті. Бұл ретте, қысқа мерзімді келешекте 2024 жылдың желтоқсанына дейін Қор Тобының басқарушы органдарындағы әйелдердің орташа үлесі 21%-ға жеткізу жоспарлануда. **GRI 3-3**

Гендерлік теңдікке қол жеткізу жолындағы прогресс басқа салаларда да байқалады. Мысалы, 2023 жылы 528 ер адам бала күтіміне байланысты демалысқа шықты [\(толығырақ 11-қосымшада берілген\)](#).


Қор ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиямен бірлесіп компаниялардың басқарушы органдарындағы әйелдердің үлесін арттыру үшін «гендерлік теңдік» бағдарламасын құрды.

Барлығы оқу курсын Қазақстанның түкпір-түкпірінен Қор Тобының 71 әйел жұмыскері аяқтады. Қазірдің өзінде 15 түлек орталық мемлекеттік органдар мен облыстық әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиялар жанындағы сарапшылар топтарына енгізілген. Тағы 10 қатысушы әйел мемлекеттік компаниялардың басқарушы органдарына қабылданды. **GRI 3-3**


Жынысы бойынша штаттық жұмыскерлер саны, адам



Мүмкіндігі шектеулі жұмыскерлердің саны, адам




Әкімшілік-басқарушылық және өндірістік персоналдың жасы бойынша құрылымы, адам



<sup>42</sup> Іскерлік этика кодексі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және Халықаралық еңбек ұйымының талаптарын ескере отырып әзірленген.

Кадрлардың тұрақтамаушылығы



Жынысы мен жасына байланысты кадрлардың тұрақтамаушылығы, %



Барлығына бірдей мансаптық мүмкіндіктер құруға ұмтыла отырып, Қор Тобына мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа тартамыз. Мәселен, 2023 жылы бізде 2700-ден астам мүгедек жұмыс істейді, оның ішінде ең көп саны Маңғыстау облысында (346 адам).

Біздің қызметімізге өндірістік және әкімшілік үдерістер тізбегіндегі штаттан тыс жұмыскерлер кіреді. 2023 жылдың аяғына қарай штаттан тыс жұмыскерлердің тізімдегі саны 10,3 мың<sup>43</sup> адамды құрады (2022 жылы 13,7 мың адам), соның ішінде аутстаффинг шарты бойынша жұмыс істейтін жұмыскерлер – 4,2 мың адам. АҚС шарттары бойынша жұмыс істейтін жұмыскерлер құрамының саны жыл аяғына қарай 6 мыңнан астам адамды құрады. Штаттан тыс жұмыскерлер маусымдық жұмыстың, қысқа мерзімді және орта мерзімді жобалардың маңызды бөлігі болып табылады. Олар қоржындық компаниялардың қызметінің ерекшеліктеріне сәйкес әртүрлі жұмыс түрлерін ғана емес, сонымен қатар әкімшілік жұмыстарды да орындайды (аударма қызметі, мобилография және т.б.). **GRI 2-8**

2023 жылдың қорытындысы бойынша кадрлардың тұрақтамаушылық коэффициенті шамамен 12% -ды құрады (2022 жылы – 8%). **GRI 401-1**

**БІЗ ҮШІН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ КЕМ ЕМЕС ТЕҢДІК БЕЛГІСІ - ЖҰМЫСКЕРЛЕР ҚҰРАМЫНЫҢ ЖАС ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ТЕҢГЕРІМІ. ТӘЖІРИБЕЛІ ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІ ҰСТАП ҚАЛУ ЖӘНЕ ЖАС ДАРЫНДЫ МАМАНДАРДЫ ТАРТУ. 2023 ЖЫЛЫ ЕҢ КӨП ҮЛЕСТІ ЖАСЫ 30 БЕН 50 АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ЖҰМЫСКЕРЛЕР АЛАДЫ – ШАМАМЕН 152 МЫҢ АДАМ НЕМЕСЕ ЖАЛПЫ САҢНЫҢ 57%-Ы.**

Басқарма құрамында да жоғары жас ауландығы байқалады. Біз Президенттік жас дарындар резервінің мүшелерін басшы позицияларға белсенді түрде тартып тұрамыз. Қордың өзінің бес басқарушы директорының екеуі – резервтік жас түлектері.

Біз қазақстандық жұмыскерлер құрамын басшылық қызметке жоғарылатуға ұмтыламыз. Қазақстан азаматтары болып табылатын Директорлар кеңестері мен Байқау кеңестері мүшелерінің саны Қордың бүкіл Тобы бойынша 72,5% -ға дейін ұлғайтылды. **GRI 202-2**

Қор Тобында жұмыскерлерге сыйақы төлеуде әділдік пен теңдік қамтамасыз етіледі. Еңбекақы мен сыйақы мөлшері жұмыскерлердің лауазымы мен кәсіби жетістіктеріне байланысты болып, жынысы мен жасы әсерін тигізбейді. Салыстырмалы позицияларда еңбекақы теңдігі қамтамасыз етіледі. **GRI 405-2**

Біз жұмыскерлердің сіңірген еңбегін мойындау және бизнес-нәтижелерге қол жеткізу үшін ынталандыру жүйесіне назар аударамыз, сондай-ақ еңбекақы төлеу жүйесін де жетілдіріп тұрамыз. Ол үшін еңбек нарығына талдау жүргізіледі, қаржылық-экономикалық мүмкіншіліктерге сәйкес жалақы деңгейі ұсталып тұрады, жалақы деңгейін анықтауға сараланымдық көзқарас сақталады, әкімшілік-басқару және өндірістік жұмыскерлер құрамы арасындағы алшақтық азаяды. Дәл осындай жүйе қоржындық компанияларда да енгізілуде.

Қорда бастамашыл ақпараттандыру саясаты жұмыс істейді, сондай-ақ кемсітушілік жағдайлары туындаған кезде түзету әрекеттері қабылданады. Қордың қоржындық компанияларында жұмыскерлерді гендерлік, жас, ұлттық, діни немесе өзге де белгілер бойынша кемсіту жағдайлары есепті жылы тіркелмеген. **GRI 2-24 GRI 406-1 GRI 3-3**

Жұмысқа орналастыру және тең мүмкіндіктер

Әділ және айқын жалдау және мансаптық жоғарылату үдерістері Қор мен оның қоржындық компаниялары жұмыскерлерінің арасындағы алуан түрлілікті ұстап тұру және мансаптық мүмкіндіктердің теңдігін қамтамасыз ету үшін негіз болып табылады.

Қордағы басқару жүйесі әр түрлі жұмыс тәжірибесі бар кәсіпқойларды іріктеу және кемсітпеушілік қағидаттарын сақтай отырып, жұмыскерлер құрамын Қазақстанның барлық өңірлерінен жұмысқа қабылдаудың әділ рәсіміне бағытталған. **GRI 3-3** Қор Тобының компаниялары есепті жылы 41 мың жұмыскерді жұмысқа алды, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 7%-ға артық. **GRI 401-1** Жұмыскерлердің көпшілігі Астанада жұмысқа қабылданды.

Қорға және қоржындық компанияларға жұмыскерлерді іріктеу және жалдау рәсімінің айқындығын арттыру мақсатында 2019 жылдан бастап Samruk Qyzmet (Qsamruk.kz) бірыңғай онлайн рекрутингтік платформасы жұмыс істейді. Платформа 549 ұйым мен филиалды біріктіреді, оның 521-і Қор Тобына кіреді. 2022 жылдан бастап барлық бос жұмыс орындары Қазақстан қалалары мен облыстарының көпшілігі үшін [@samrukkazynaofficial](https://t.me/samrukkazynaofficial) tg-арнасында ашық түрде жарияланады. Қор компаниялары Тобының HR-мамандарына инклюзивтілік және алуан түрлілік мәдениетін енгізу үшін оқыту өткізілуде. **GRI 3-3** Пайдаланушыларға 50-ден астам түрлі онлайн құралдар қолжетімді: басқа ресурстармен біріктіру, тестілеу, бейне сұхбат, мессенджер, түйіндеме скринингін автоматтандыру және т.б.

2019 жылдан бастап 2024 жылдың 1 қаңтарына дейінгі кезеңде компаниялар 49 537 бос жұмыс орнын жариялады (2023 жылда – 21 910). 2023 жылда порталдағы ізденушілер саны 36%-ға (136 489-дан 186 211 дейін), ал ізденушілердің жауаптары 43%-ға (143 465-тен 205 201-ге дейін) өсті, бұл үміткерлер тарапынан ашық бос жұмыс орындарына қызығушылықтың айтарлықтай артқанын көрсетеді.

**ҚОР QSAMRUK.KZ САЙТЫНДА ИНКЛЮЗИВТІ БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ЖАРИЯЛАУ АРҚЫЛЫ ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР АДАМДАР ҮШІН ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ МҮМКІНДІКТЕРІН АШАДЫ (2023 ЖЫЛЫ 23 БОС ЖҰМЫС ОРНЫ).**


**GRI 404-1**



Басшылық құрамға қойылатын талаптарды күшейту Қор компанияларының бірінші басшылар, басқарушы директорлары мен бөлімшелер басшылары лауазымдарына үміткерлерді қабылдау кезінде айқындықты сақтап тұруға мүмкіндік береді.

Сатып алу мәселелеріне жетекшілік ететін және айналысатын басшылар үлестестілік пен сыбайлас жемқорлықтың ықтимал тәуекелін болжау мақсатында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне төзімділік үшін психологиялық профайлингті (өтірік детекторы) пайдалана отырып, полиграфта мамандандырылған тексеруден өтеді. **GRI 205-1** жылы 47 компанияда 150 үміткер полиграфиялық тексеруден өтті, бұл ретте 86 үміткер қажетті көрсеткіштерге жете алмай, жұмысқа қабылданбады.

Есепті жылы қабылданған жаңа жұмыскерлер, адам



<sup>43</sup> Деректер қоржындық компаниялардан шоғырландыру арқылы жиналды

## Лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету

Біз жұмыскерлердің мүдделеріне сәйкес келетін, олардың ұсталып қалуына себептесетін және қолайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз ететін кең ауқымды әлеуметтік қолдау жүйесін пайдаланамыз. **GRI 3-3**

Жұмыскерлерді бәсекеге қабілетті жалақы мен әлеуметтік пакетпен қамтамасыз ету арқылы әлеуметтік тұрақтылықты қолдау Қор қызметінің маңызды аспектісі болып табылады. Өзінің әлеуметтік пакетінен басқа Қорда және қоржындық компанияларда ҚР Еңбек кодексінде ескерілген барлық кепілдіктер мен жеңілдіктер қамтамасыз етіледі<sup>44</sup>. Біз жұмыскерлерге келесі әлеуметтік төлемдер мен өтемақы түрлерін қамтитын кепілдендірілген әлеуметтік пакетті ұсынамыз:

- еңбек демалысына сауықтыруға материалдық көмек,
- жүктілікке және босануға байланысты төлемдер,
- жасы 1,5-ға толғанға дейін бала күтімі бойынша демалыстағы жұмыскерлерге ай сайынғы төлемдер;
- тұрғын үй мәселелерін шешуге жәрдемдесу,
- қолданыстағы заңнамаға сәйкес еңбек шарты бұзылған кездегі өтемақылар,
- жұмыскердің қайтыс болуына байланысты жерлеуді ұйымдастыруға біржолғы төлем, өндірістегі жазатайым оқиға салдарынан қаза тапқан жұмыскердің отбасына біржолғы төлем. **GRI 401-2**


Жұмыскерлерді қолдау шараларының бірі ретінде 2022 жылғы 20,8 миллиард теңгемен салыстырғанда 2023 жылы сауықтыру мен білім беруге жұмсаған шығыстарымыз 25 миллиард теңгені құрады.

2023 жылы 8 555 адам жүктілікке және босануға, сондай-ақ бала күтіміне байланысты демалысқа шықты (соның ішінде 6% ер адамдар). Қазақстандық заңнамаға сәйкес Қор Тобының барлық жұмыскерлері жүктілік пен босану немесе бала күтімі бойынша демалысты алу құқығына ие болған. **GRI 401-3**

Біз жұмыскерлердің денсаулығын қолдау үшін ерікті медициналық сақтандыруды ұсынамыз. **GRI 401-2**

Негізгі әлеуметтік пакетке қосымша жұмыскерлерді тарихи қалыптасқан әлеуметтік қолдау түрлері ескерілген. **GRI 401-2** Әлеуметтік көмектің бұл түрлері ұжымдық шарттарда

Қайтару коэффициенті және ұстау коэффициенті, %



Жүктілік және босану бойынша демалысты және бала күтімі бойынша демалысты ресімдеген жұмыскерлердің саны, адам



<sup>44</sup> Әлеуметтік пакет компанияға байланысты ерекше болуы мүмкін. Қор жұмыскерлерге үлестік меншік түріндегі жеңілдіктерді қарастырмайды. Компаниялар тобы үшін Қордағы барлық маңызды жеңілдіктер көрсетілген.

2%-дан 33%-ға  
дейінгі диапазонда

**243**  
мың  
жұмыскерлердің  
жалақысы  
көтерілді

2023 жылы  
жұмыскерлерді  
сауықтыру және білім  
беру шығындары

**25**  
млрд  
теңгені  
құрады

бекітіледі немесе жеке кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарымен реттелді.<sup>45</sup> **GRI 2-30**

Мұндай қолдауға біз келесі төлемдерді жатқызамыз:

- емдеуге жұмсалған шығындар сақтандыру бағдарламасында белгіленген шектен асып кеткен жағдайда емделу және медициналық операциялар үшін;
- мүгедек жұмыскерлерге;
- баланың туылуына байланысты жұмыскерлерге;
- некелескен кезде қысқа мерзімді демалысқа;
- некелесуге байланысты жұмыскерлерге;
- мерейтойлық жасқа жетуіне байланысты жұмыскерлерге;
- туыстарының қайтыс болуына байланысты жұмыскерлерге - жалақының сақталуымен;
- жұмыскердің мүгедек-балаларына және т.б.

**GRI 404-1**

Экономикадағы дағдарыс кезеңдері бұл жәрдемақылардың төленуіне әсерін тигізбейді.

Жұмыскерлердің жинақталған зейнетақы қаражаты Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында сақталады. Бұл мемлекет кепілдік берген ең төменгі зейнетақы мөлшерлемесінен; жеке зейнетақы қорланымынан (ай сайын – жалақының 10%-ы) және қосымша өңірлік үстемеақылардан тұрады. **GRI 201-3**

2023 жылы Қор Тобының 243 мыңға жуық жұмыскерінің жалақысы төмен жалақы алатын лауазымдарға баса назар аудара отырып, 2%-дан 33%-ға дейін өсті.

Ұйымның қызметіндегі елеулі өзгерістерге қатысты хабар берудің ең аз кезеңі – күнтізбелік 15 күннен кешіктірмей,

бұл еңбек, ұжымдық шарттарда хабар берудің неғұрлым ұзақ мерзімінің ескерілмегеніне байланысты. **GRI 402-1**

2023 жылы біз өндірістік жұмыскерлер құрамын қолдауға ерекше назар аудара отырып, жұмыскерлердің әл-ауқатын жақсарту бойынша елеулі жұмыс атқардық. Мысалы, сұранысқа ие біліктілігі жоғары кадрларды ұстап қалу және тарту мақсатында жұмыскерлерді әлеуметтік қолдауға бағытталған «KEGOC» АҚ-тың Жеңілдікті несиелеу бағдарламасы жүзеге асырылды. Нәтижесінде 2023 жылы 51 жұмыскер тұрғын үй сатып алса, 129 жұмыскерге тұрғын үй ақысын төлеу шығыстарын ішінара өтеу арқылы тұрғын үй мәселелерін шешуге жәрдем көрсетілді.

Біз қолайлы еңбек жағдайын жасау бойынша жұмыс жүргізудеміз. Мәселен, 2023 жылы industrial relations (өндірістік қатынастар) стандарттарын іске асыру шеңберінде «Қазақстан темір жолы ҰК» АҚ 20 млрд теңге (2022 жылы – 3,5 млрд теңге) бөлді:

- локомотив бригадаларының 228 ғимаратын, 465 үй-жайын және 37 демалыс үйін жөндеу;
- өндірістік жұмыскерлер үшін 1 224 жылыту пунктін орнату;
- 137 модульдік ғимаратты орнату;
- 384 бірлік автокөлік сатып алу;
- 17 мың бірліктен астам жиһаз, 2,1 мың бірліктен астам тұрмыстық техниканы жеткізу;
- 2,8 мың бірліктен астам шағын механикаландыру және 4 мотовоз жеткізу.

2024 жылы ғимараттарды/үй-жайларды, локомотив бригадаларының демалыс үйлерін жөндеуді, модульдік ғимараттарды сатып алуды және т.б. қамтитын осындай іс-шаралар жоспарланған.

<sup>45</sup> Егер қызметкер ұжымдық шартқа қатысушы болып табылмаса, оның еңбек шарттары Жұмыс беруші компанияның ішкі құжаттарымен айқындалады.



## Кәсіби даму

Үздік әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, кадрлық әлеуетті арттыру, жұмыскерлердің жаңа сапалардағы құзыреттерін нығайту және олардың біліктілігін үздіксіз арттыру арқылы адам капиталын дамыту Қордың стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады.

Біз кадрларға жаңа мамандық беру және жұмыскерлер құрамын дамытуға жәрдемдесу арқылы еңбек нарығының бәсекеге қабілеттілігі мен өзгерістерге тұрақтылығына өз үлесімізді қосамыз. Үздік әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, кадрлық әлеуетті арттыру, жұмыскерлердің жаңа сапалардағы құзыреттерін нығайту және олардың біліктілігін үздіксіз арттыру арқылы адам капиталын дамыту Қордың стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады. **GRI 3-3**

Жұмыскерлердің біліктілігін дамыту 70/20/10 қағидатына негізделген, онда әрбір жұмыскер жеке даму жоспарына сәйкес өзінің оқуы мен дамуы үшін жауапты болады. Біз біліктілігі жоғары кадрлық әлеуетті құру үшін өздігінен дамуға, оқытуға, коучингке, тәлімгерлікке, функционалдық академияларға, HR-жобаларға және Қор Тобы ішіндегі кәсіби қауымдастықтарға инвестициялаймыз. **GRI 3-3**

Бәсекелік артықшылықтарды қолдау мен нығайтудың негізгі басымдықтары:

- құзыреттілікті дамыту бағдарламаларын, модульдік оқыту бағдарламаларын енгізу,
- инженерлер мен техникалық мамандарды және жұмыскерлерді басымдықпен оқыту,
- инженерлік, техникалық мамандықтар үшін дуальды оқытуды дамыту,
- оқытуда сандық технологияларды пайдалану,
- барлық деңгейдегі жұмыскерлер құрамы үшін бейімделу бағдарламаларын әзірлеу.

Қор Тобындағы тәсілдерге ішкі оқыту жүйесін әзірлеу, дағдыларды игеру және дамыту үшін жұмыскерлерді алмастыру, дарындар пулын құру, бағалау әдістерін жақсарту, шетелдік және жергілікті жұмыскерлер арасында білімнің берілуін қамтамасыз ету, жұмыскерлерді халықаралық оқыту бағдарламаларында қолдау және қысқарту, қайта құрылымдау, тарату немесе зейнетке шығу жағдайында жаңа мүмкіндіктерге көшу кезінде жұмыскерлерге көмек көрсету үшін аутплейсинг бағдарламаларын енгізу кіреді. **GRI 404-2** **GRI 3-3**

### Жұмыскерлер құрамын оқыту

2023 жылы Қор Тобының 1 жұмыскері орташа есеппен 23 академиялық оқу сағатынан өтті (2022 жылы - 19 сағат). **GRI 404-1**

**2023 ЖЫЛҒА КАДРЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ЖАЛПЫ САҒАТ САНЫ 6,2 МЛН САҒАТТЫ ҚҰРАДЫ (ӨНДІРІСТІК ПЕРСОНАЛ – ЖЫЛЫНА 5,6 МЛН САҒАТ, ӘКІМШІЛІК ЖӘНЕ БАСҚАРУ ПЕРСОНАЛЫ – ЖЫЛЫНА 0,5 МЛН САҒАТ).**

Сондай-ақ қоржындық компанияларда Тұрақты даму мәселелері бойынша оқыту өткізілуде. Мысалы, жұмыскерлердің ESG озық тәжірибелері туралы хабардарлығын арттыру мақсатында 2023 жылдың екінші тоқсаны ішінде электр энергиясы мен және жылу өндіру секторында барлық деңгейдегі жұмыскерлер үшін «Жаһандық климаттық келісімдер», «Парниктік газдарды ұлттық реттеу», «ESG қағидаттары/тәжірибесі», «Көміртектік цикл, климаттың өзгеруі, мониторинг әдістері», «ЖЭК: жаһандық трендтер және ҚР-дағы даму», «Корпоративтік стратегиялар» тақырыптары бойынша корпоративтік оқыту ұйымдастырылған болатын. Оқытуды USAID қаржыландыратын «Орталық Азия Энергетикасы» жобасын жүзеге асыратын Tetra Tech ES, Inc. корпорациясы жүргізді.

Біз жұмыскерлеріміздің дарыны мен ыждағатты қызметін бағалаймыз. Дарындарды басқарудың негізгі қағидаттарына Қордың кадрлық әлеуетін бизнес-стратегияға дамыту, айқындық пен әділдік, нақты қажеттіліктерге сай болатын мұрагерлер пулын құру, мансаптық жоспарларды талқылау және жұмыскерлердің өз бөлімшелерінен тыс мансабын дамыту кіреді. Дарындарды басқару жүйесінің негізгі мақсаты – компания үшін маңызды рөлдерді орындауға әлеуеті бар жұмыскерлер пулын құру және Қорды келешекте әртүрлі салаларда қажетті дарындармен қамтамасыз ету.

2023 жылы жұмыскерлерді оқыту сағаттарының жалпы саны

**6,2**


МЛН САҒАТТЫ ҚҰРАДЫ

Өнімділік пен мансаптық дамудың тұрақты бағасын алған жұмыскерлер саны

**43**

МЫҢНАН АСАДЫ

Жұмыскерлерді жынысы және персонал санаттары бойынша бөлуде оқытудың академиялық сағаттарының орташа саны, сағат



Қор жұмыскерлерінің қызметін тұрақты бағалауды жүргізу ішкі нормативтік құжаттармен реттеледі. Бағалаудың мақсаты – Қордың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін жұмыскерлердің жұмыс нәтижелеріне, дағдыларына, білімі мен құзыреттеріне қойылатын талаптарды анықтау арқылы жұмыскерлердің тиімділігін арттыру. Өнімділігі мен мансап дамуының жүйелі бағасын (қызметті бағалау) алған жұмыскерлер саны 43 384 адамды құрайды, бұл ретте жұмыскерлердің үлесі бүкіл Қор бойынша тізімдік санның 16%-ын құрайды. **GRI 404-3**

Қызметті бағалау келесі негізгі қағидаттарға негізделген:

- сенімге негізделген әділ және объективті кері байланысты ұсыну;
- оқыту және дамыту қажеттіліктерін анықтауға көмек көрсету;
- қызметтің жеке көрсеткіштерін жақсартуға жәрдемдесу.

«Samruk Business Academy» жеке компаниясымен бірге дамыту форумдары мен білім беру бағдарламаларын өткіземіз. Компания халықаралық деңгейде білім беру қызметтерінің жоғары сапасын растайтын IAAR халықаралық агенттігінің институционалды аккредиттеуінен өтті. IAAR агенттігінің халықаралық аккредитациясынан өткен барлық білім беру бағдарламалары мен білім беру ұйымдары DEQAR (The Database of External Quality Assurance Results) еуропалық деректер базасына енгізілген, бұл білім беру бағдарламалары мен ұйымдарының ESG сапасының жаһандық стандарттарына сәйкестігін растайды да, Еуропалық жоғары білім кеңістігінің аумағында аккредиттелген білім беру бағдарламаларын тану үшін негіз болып табылады.

## Корпоративтік мәдениет және құндылықтар

Біз мықты көшбасшы командаларға, меритократияның іргелі қағидаттарын жүзеге асыруға және кадрларды дамытуға инвестициялауға негізделген тиімді корпоративтік мәдениетті қалыптастыруды және дамытуды жалғастырамыз.

Қордың стратегиялық мақсаттары мен негізгі басымдықтарына қол жеткізуге себептесетін корпоративтік құндылықтарды одан әрі жылжытып тұруу қажет. НІТ (Humility, Integrity, Transparency) корпоративтік құндылықтарымыз: қарапайымдылық, адалдық және айқындық – біздің корпоративтік мәдениетіміздің негізі, және ішкі және сыртқы коммуникациялардың негізгі қағидаттары болып табылады. **GRI 3-3**

Қордың әрбір басшысы мен жұмыскері жүріс-тұрыстың этикалық стандарттарында бекітілген корпоративтік құндылықтарды ұстану үшін жауапкершілікті өз мойнына алады.

### 2023 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫНЫҢ ҚАТАРЫНДА – ЕКІ ЖҮЗДЕН АСТАМ HR САЛАСЫ МАМАНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫН АУДАРТҚАН ҚОР КОМПАНИЯЛАРЫ ТОБЫНЫҢ АДАМ КАПИТАЛЫН ДАМУДЫҢ БАСТЫ ТАҚЫРЫБЫМЕН «БОЛАШАҒЫМЫЗ – БІРЛІКТЕ!»

HR-форумын өткізу. Форумда Қордың Кадрлық саясатының міндеттері мен басымдықтары туралы ортақ түсінікті қалыптастыру, компаниялар арасындағы коммуникация деңгейін арттыру, тәжірибе және тиімді HR тәжірибесін алмасу мақсатында саланың маңызды мәселелері талқыланды. Іс-шараға Қордың ірі қоржындық компанияларының, сондай-ақ олардың филиалдары мен еншілес ұйымдарының басшылары мен HR мамандары қатысты.

HR-Форумы аясында Top жұмыскерлері алдыңғы қатарлы салалық тәжірибелерге оқытылатын адам ресурстарын басқару саласындағы сарапшылық пен нетворкингті тарту орталығына айналатын жаңа жоба – «HR school» іске қосылды.

Қордың қоржындық компанияларында Қордың HR компанияларының кәсіби қауымдастығы үшін жаңа өзара әрекеттесу алаңы іске қосылды - HR connect. HR connect компаниялар Тобында тәжірибе және озық тәжірибемен алмасуды ынталандыруға бағытталған. Алаң жұмыскерлерді оқыту мен олардың әлеуетін дамыту мәселелерінде де, топтың HR-директорларының өздерінің біліктілігін арттыруда да жаңа шешімдерді іздеу платформасына айналатын болады.

Біз жас мамандарды даярлауға және қолдауға ерекше көңіл бөлеміз. 2023 жылдың мамырында Астанада Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген Қор Тобының жас HR-мамандары үшін оқыту бағдарламасы өтті. Курстың негізгі тақырыбы болып трендті бағыттар – алуан түрлілік пен инклюзивтілік табылды.

Жұмыскерлерді компанияның әлеуметтік және қайырымдылық бастамаларына қатысуға ынталандыру және қолдау мақсатында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-да Корпоративтік еріктілік мектебі ашылды, онда 120 адам әлдеқашан оқыту курсынан өтті. Жұмыскерлер жаңа білім мен дағдыларға ие болды, сонымен қатар «Таза ойындар» экологиялық жастар жобасы мен «Теміржол білгірлері» зияткерлік ойына қатысты.

Жұмыскерлердің өздеріне арналған іс-шараларды өткізумен қатар, біз олардың балаларына арналған жол қозғалысының негізгі ережелері, өрт қауіпсіздігі ережелері, бейтаныс адамдардан қорғану және ғаламторды пайдалану бойынша әртүрлі қауіпсіздік шеберлік сабақтарын өткіземіз.

### Дамудың кейінгі бағыттары:

- Жаңа оқу бағдарламаларын іске қосу (HR, PR, IR мектептері және т. б.).
  - C&B мектебі, басталуы 2024 жылдың сәуіріне жоспарланған;
  - HR school, басталуы 2024 жылдың сәуіріне жоспарланған;
  - PR school, басталуы 2024 жылдың мамырына жоспарланған;
  - IR School, басталуы 2024 жылдың маусымына жоспарланған.
- FMD Global/Global CCU халықаралық аккредиттеуі.
- SBA LMS жүйесін енгізу (білім мен тәжірибені таратудың автоматтандырылған жүйесі). Қазіргі таңда LMS (learning management system) жүйесінде ЕК, ҚТ және «Қаржылық еркіндік» курстарын орналастырылған. Сондай-ақ онлайн курстарды орналастыру бойынша сериктестермен келіссөздер жүргізілуде.
- Сараптамалық және әдістемелік қолдаумен қолданбалы біліктілік орталығын құру.
- «Мұнай-газ өнеркәсібі және мұнай-химия мектебі», «Көлік және коммуникациялар мектебі», «IT және телекоммуникациялар мектебі», «Энергетика мектебі», «Health&Safety School» өндірістік оқыту бағдарламаларын әзірлеу.
- Жұмыскерлер құрамының барлық деңгейлері үшін бейімделу бағдарламаларын енгізу, жетілдіру және өзектендіру.
- Жаңадан қабылданған жұмыскерлерге тәлімгерлікті енгізу (Buddy programm).
- HR жұмыскерлерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, соның ішінде HR жұмыскерлерін сертифициттау.





## Жастарға арналған бағдарламалар

Біз мамандарды, әсіресе жас дарындарды тарту және ұстап қалу үшін корпоративтік мәдениет пен жұмыс беруші брендин дамыту бойынша белсенді жұмыс жүргізудеміз. **GRI 3-3**

35 жасқа  
дейінгі жас  
мамандар

# 80

мыңнан  
асады

дық компанияларда жастармен жұмыс істеуге жауапты тұлғалар белгіленген, Жастар кеңесі институты да жұмыс істейді.


2023 жылдың тамызында біз жас көшбасшыларды дамытуға арналған «Жеті қадам» модульдік бағдарламасының қорытындысын шығардық. «Жеті қадам» бағдарламасы Қор мен қоржындық компаниялардың жас және тиімді жұмыскерлерін болашақ көшбасшыларға айналдыру мақсатында жастар саясатын қолдау жөніндегі бағдарламаны жүзеге асыру аясында әзірленген. Оларға басқарушылық құзыреттерді енгізу техникаларына үйрету, коммуникативті дағдыларды дамыту, командада жұмыс істеу қабілеті және бюджетті жоспарлау қағидаттарын түсіну.

«Жеті қадам» бағдарламасының жастар форумында 200 қатысушының 49-ы арнайы челлендж негізінде іріктеліп алынды. Оларды өз кезегінде жеті командаға бөліп, әрқайсысына президенттік жастар кадрлық резервінен екі тәжірибелі тәлімгер бекітілді. Жеті оқыту модулі Қазақстанның жеті қаласында өткізілді.

Топ компанияларының мамандарынан құралған командалар жобаларын қорғауға жеті ай бойы дайындалды. Қорытынды кезеңнің қазылар алқасының құрамына Директорлар кеңесінің мүшелері мен Қордың қоржындық компанияларының басшылары кірді.

Қазылар алқасы «Жеті қадам» бағдарламасының үздік жобасы деп «Кәсіпорындардағы көмірсутегі ізін азайту» жұмысын таныды, екінші орынды «Жастар саясатын жүзеге асыру» жобасы, үшінші орынды «Кәсіпорындардағы қауіпсіздік мәдениеті» тақырыпты жоба жеңіп алды. Жеңімпаздарды алдағы екі жылда өз жобасын Топ компанияларының бірінде жүзеге асыру күтіп тұр.

Одан арғы даму жоспарлары негізінен оқу орындарының түлектерін тарту үшін ЖОО-мен/Орта оқу орындарымен кең ауқымды өзара әрекеттесуді қамтиды.



## Әлеуметтік-еңбек қатынастары

Біз адамдардың амандығын қамтамасыз ету үшін жұмыскерлердің еңбек жағдайларын, қауіпсіздік шараларын және басқа да әлеуметтік аспектілерді үнемі жақсартып тұруға ұмтыламыз.

Ұжымдық  
шарттармен  
қамтылған  
жұмыскерлердің үлесі

# 97%

Өндірістік персонал  
арасындағы кәсіподақ  
мүшелерінің үлесі

# 84%

-дан  
астам

Өндірістік мақсаттар мен әлеуметтік басымдықтар арасындағы теңгерімді біз бар аймақтардағы басты міндеттердің бірі деп санаймыз. Барлық қоржындық компанияларда жүйелі түрде социологиялық зерттеулер және түзету шараларын әзірлеу жүйелі түрде жүргізілуде. **GRI 3-3**

Жұмыскерлердің ажырамас құқықтары бірлесу бостандығы құқығын, еңбек ұжымдарының мүдделерін қорғау үшін кәсіподақтарға бірігу құқығын қамтиды. Біз осы құқықты толығымен қолдаймыз және осы институционалдық құрылымды дамытуға қолайлы жағдай жасаймыз. **GRI 407-1**

Біздің жақсы жақтарымыздың бірі – ортақ корпоративтік құндылықтарға бағытталған білікті және құзыретті кадрлардың болуы. Бұл ретте, еліміздің басым бөлігінде болуымызды және Қазақстанның өңірлік дамуының әртүрлі деңгейлерін есепке ала отырып, қоржындық компаниялардың да, мердігерлердің де ұжымдарында әлеуметтік мәселелер туындап тұрады. Кәсіподақтар диалог алаңының жақсы үлгісі болып табылады, бұл әлемдік тәжірибемен расталады. Ұжымдық шарттармен қамтылған жұмыскерлердің үлесі Қор жұмыскерлерінің жалпы санының 97%-ын құрайды. **GRI 2-24 GRI 407-1 GRI 2-30 SASB**

Әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу және әлеуметтік әріптестікті дамыту Қордың Компаниялар тобындағы Әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникация орталығы (бұдан әрі – ӘӨЫКО) арқылы жүзеге асырылады. Дағдарыс жағдайлары және дағдарысқа қарсы іс-шараларды ұйымдастырған кезде Қор бөлімшелері мен қоржындық компаниялардың өзара іс-қимылын үйлестіру үшін 2021 жылдан бастап Қордың Жедел штабы жұмыс істеуде. Есепті кезең ішінде Жедел штабтың 5 отырысы өткізілді.

Біз еңбек ұжымдарындағы моральдық-психологиялық ахуалға мониторинг жүргізіп тұрамыз. Еңбек жағдайларын жақсарту, еңбек дауларын болдырмау жұмыстары жүргізілуде. ӘӨЫКО жанында 5 байланыс арнасы (электрондық пошта, телефон, Whatsapp мессенджері, веб-сайт) арқылы еңбек ұжымдарындағы әлеуметтік шиеленістің туындау алғышарттары немесе фактілері туралы жедел деректерді жинауды және талдауды 24/7 режимінде жүзеге асыратын Әлеуметтік тұрақтылық мониторингі орталығы жұмыс істейді. 2023 жылдың сәуірінен бастап жаңа бесінші байланыс арнасы іске қосылды – өтініш берушіні <https://nysana.csc.kz/website> сайтына бағыттайтын QR-код. QR-кодтар Қор Тобындағы кәсіпорындарда орналастырылған, бұл жұмыскерлерге жанжалды жағдайларды тезірек шешуге, сұрақтарға жауап алуға және естілуге мүмкіндік береді.

Қорда Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі кешенді жоспар бекітілді. Әлеуметтік тұрақтылықтың интерактивті картасы жүйесі Қордың Компаниялар тобының кәсіпорындарындағы жағдайды нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді (периметрде 12 қоржындық компания, 230 мыңнан астам адам).

2013 жылдан бастап Қордың Компаниялар тобында Samruk Research Services Әлеуметтік тұрақтылық деңгейіне зерттеу жүргізілуде, бұл бүкіл Қазақстан бойынша өндірістік ұжымдардың әлеуметтік-еңбек қатынастарындағы проблемалық аймақтарды диагностикалауға және алдын алу шараларын уақтылы қолдануға мүмкіндік береді.

**2023 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҚОР КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ ҚАНАФАТТАНАРЛЫҚ – SRS ЖАЛПЫ КӨРСЕТКІШІ 70%-ДЫ ҚҰРАП, 2022 ЖЫЛДАН БЕРІ ӨЗГЕРІССІЗ ҚАЛДЫ (72 МЫҢНАН АСТАМ РЕСПОНДЕНТТІ ҚАМТУ). ЗЕРТТЕУ СМС-ТАРАТУ (ОНЛАЙН-САУАЛНАМА) ЖӘНЕ ТЕЛЕФОНДЫҚ САУАЛНАМА АРҚЫЛЫ ЖҮРГІЗІЛДІ.**

Қор Тобының компанияларындағы өндірістік жұмыскерлер құрамының 84%-дан астамы кәсіподақ мүшелері болып табылады. Ұжымдық шарттар аясында жұмыскерлер мен олардың отбасы мүшелеріне әлеуметтік жеңілдіктердің 20-дан астам түрі ескерілген, олардың тізімі кеңейтіліп тұратын болады.

Алты жылдан астам уақыт бойы біздің «Кәсіподақ белсенділерінің корпоративтік мектебі» атты кешенді білім беру жобамыз жаңа формациядағы кәсіби кәсіподақ жұмыскерлерін тәрбиелеп келуде. Оқу бағдарламасында ерекше назар жанжалдарды басқару, медиация, тиімді қарым-қатынас психологиясы, ұжымдық шартты қалыптастыру сияқты мәселелерге аударылады. Кәсіподақ құру мен ұжымдық шартты қалыптастырудың қадамдық алгоритміне көп көңіл бөлінеді. Белсенділер мектебінде тыңдаушыларға дау-дамайлардың салдарын шешуге емес, оларды бол-

дырмауға үйретеді. Мектеп бағдарламасы еңбек құқығы, ұжымдық келіссөздер жүргізу және кәсіподақ ұйымдастыру сияқты бүгінгі таңда сұранысқа ие дағдыларға үйретуді қамтиды.

2023 жылы Алматыда маусым айында және Шымкентте желтоқсан айында 300-ден астам қатысушыны қамтыған Қор компаниялар Тобының кәсіподақ белсенділерінің, медиаторларының және Омбудсмендерінің 2 форумы өткізілді.

Бітістіру институттарының рөлін ілгерілету және күшейту, соның ішінде кәсіподақтарды оқыту және медиаторлардың меншікті пулын құру бойынша жұмыс жалғасатын болады.

Жанжалдар мен дауларды соттың істі қарауына апармай шешудің баламалы тәсілдерін ілгерілету мақсатында 2022 жылдан бастап «Медиаторлар пулы» арнайы медиация курсы ұйымдастырылуда.



**70%**

Қор компаниялары  
Тобындағы әлеуметтік  
тұрақтылық деңгейіне  
сауалнамаға қатысатын  
жұмыскерлердің  
қанағаттанушылығын  
бағалау нәтижелері



**2023 ЖЫЛЫ 63 МЕДИАТОР МЕДИАЦИЯ БОЙЫНША БІЛКІТІЛГІН АРТТЫРУ КУРСЫНАН ӨТСЕ, ТАҒЫ 4 МЕДИАТОР ТҮРЛІ ҚОРЖЫНДЫҚ КОМПАНИЯЛАРДА МЕДИАЦИЯ БОЙЫНША БАСТАПҚЫ БАЗАЛЫҚ КУРСТАН ӨТТІ.**

GRI 2-24

ӘӨЫКО-да 160-тан астам маман оқытылды. Олардың барлығы сертификаттарының болуы арқасында Медиаторлардың Республикалық тіркеліміне енгізілген, және енді өндірістік жұмыскерлер құрамы мен компания басшылығы арасындағы келіссөздерге ресми түрде бітістірушілер ретінде қатысу құқығына ие. ӘӨЫКО құрайтын медиаторлар пулының қызмет тізімі қайшылықтарды жеңудің оннан астам табысты жағдайды қамтиды.

Қолданылып жатқан шаралардың арқасында туындайтын еңбек даулары медиация әдістерінің пайдаланылуымен Қор Компаниялары тобының жергілікті кәсіподақ ұйымдарын тарта отырып және әділет органдарына жүгіну арқылы құқықтық өріс аясында шешілуде.

Тағы бір бағыт – Қор Компаниялар тобында IR (Industrial relations – өндірістік қатынастар) әдістерін енгізу, – өндірістегі әлеуметтік-тұрмыстық жағдай деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. 2022 жылы Қор Компаниялары тобында IR-ді дамытудың бірыңғай тәсілдерін және орталықтандырылған реттеуді қамтамасыз етуге арналған Корпоративтік стандарт бекітілді.

2023 жылы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды зерделеу бойынша IR-скрининг нәтижелері бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар Тобы бойынша санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылық саласындағы 43 602 сәйкессіздік анықталды. Бір кәсіпорынға шаққандағы санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылық саласындағы сәйкессіздіктердің орташа саны 221-ді құрайды. Қор Тобының өндірістік жұмыскерлер құрамын базалық әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлармен қамтамасыз ету деңгейі 54%-ды құрайды. Еңбек жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында IR-скринингтерді талдау нәтижелері бойынша Әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарлары әзірленді. Қор Тобы бойынша 2024 жылдың соңына дейін I-II деңгейлі сәйкессіздіктерді (19 537) жою қажет, қазіргі таңда 5 664 сәйкессіздік жойылды.

Есепті жылы Қор компаниялары Тобының IR-мамандары

ры оқыту бағдарламасы аяқталды. Бес айдың ішінде жұмыскерлер өндірістік қатынастар саласында тәжірибелік дағдыларды жетілдіре ала білді және жаңа жұмыскерлер үшін кіріспе курсы әзірледі. Бес модуль бойы бағдарламаға қатысушылар еңбек жанжалдары мен олардың өндірісте пайда болу себептерін, өндірістік қатынастар психологиясының негіздерін, санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылықты, жеке тиімділікті, GR-ді және т.б. зерттеді. Сонымен қатар, олар «Нысана» байланыс орталығы тіркеген нақты жағдайлардың ықтимал шешімдерін ұсынды. Бағдарлама қорытындысы бойынша ӘӨЫКО оқудан өткендерге сертификаттар, сонымен қатар марапаттау рәсімінде үздік командаларға бағалы сыйлықтар табыс етті.

«Естуші мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында, сондай-ақ азаматтық қоғамның мүдделері мен қоғамдық пікірді есепке алу мақсатында, кең ауқымды мәселелерді талқылау үшін біз рөлі кейіннен арта түсетін Қоғамдық кеңес құрдық. Мысалы, 2023 жылы Астанада Қоғамдық кеңестің отырысы өтіп, онда кәсіпорындардағы әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға қатысты іс-шаралардың қорытындылары мен Корпоративтік омбудсмендер институтының қызметі талқыланды. Әлеуметтік тұрақтылық деңгейін анықтау әдіснамасына өзгерістер енгізілді. Бұдан былай Компаниялар тобында зерттеулер әр жарты жыл сайын жүргізіледі. Жаңа әдіснамада жанжалдарға әкеліп соқтырмас бұрын проблемалық аймақтарды ашатын, яғни әлеуметтік толқулардың алдын алатын мәселелер ескерілген.

**Дамудың кейінгі бағыттары:**

- қоржындық компаниялардың және олардың филиалдарының HR-үдерістеріне аудит жүргізу;
- еліктіргендікті және «Samruk Research Services»-ті зерттеуді жыл сайын жүргізу және жұмыскерлерді тарту деңгейін арттыру бойынша іс-шараларды әзірлеу;
- қоржындық компаниялар мен олардың филиалдарына IR аудитін жүргізу.





## Жұмыс орнындағы қауіпсіздік

Біздің стратегиямыздың маңызды бөлігі болып өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету және «Vision Zero нөлдік жарақаттанушылығы» қағидатын ұстану табылады. **GRI 3-3 SASB**


Өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша инвестициялар

**109**  
млрд теңге

Бүгінгі күні қауіпсіздікті қамтамасыз ету жай заң талаптарын орындау ғана емес, сонымен қатар жұмыскерлер мен олардың отбасы мүшелерінің, мердігерлер мен қоғам алдындағы моральдық борыш болып табылады. Сонымен қатар, біз еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың озық тәжірибелерін енгізу тек оң нәтиже беретінін, ал қауіпсіздік ережелерін сақтамау айтарлықтай шығындарға әкелетінін түсінеміз. Қызметтің ерекшелігіне байланысты Қор Тобына кіретін өндірістік объектілердегі жұмыс персоналға әлеуетті қауіпті болуы және еңбекке қабілеттілігінің жоғалуының себебі болуы мүмкін.

Біздің қызметіміз Қор Тобының барлық жұмыскерлеріне қолданылатын «Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы менеджмент жүйесі» ISO 45001-2018 халықаралық стандарттарына сәйкес келеді. Еншілес және тәуелді ұйымдар мен олардың бас компаниялары (78 ұйым) сәйкестік сертификатына ие.

**ISO 45001-2018 сәйкестік сертификаты бар ЕТҰ-дағы жұмыскерлер саны**



Біз жұмыскерлеріміздің қауіпсіздігін және объектілердегі апатсыз өндірісті қамтамасыз ету жөніндегі жүйенің жұмысын үнемі жетілдіріп отырамыз. Дамудың негізгі бағыттары өндірістік қауіпсіздік саласындағы заңнамалық және әлемдік тәжірибелерге, оның ішінде инновациялық және цифрлық шешімдерді пайдалануға, қажетті біліктілік құзыреттерін дамытуға, сондай-ақ жұмыскерлер арасында еңбек қауіпсіздігі туралы хабардарлық пен мәдениетті арттыруға бағытталған. Қор Тобы үшін жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету кезінде жұмыс орындарының қауіпсіздігін жақсарту және қамтамасыз ету мақсатында мердігер компаниялармен тығыз өзара іс-қимыл және тәжірибе алмасу құрылады. **GRI 403-1 GRI 3-3**

Әрбір компания өз жауапкершілігін түсінеді және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің тиісті салаларында жеке рәсімдерді әзірлеу немесе жаңарту арқылы еңбекті қорғау менеджмент жүйелерін сертификаттауды белсенді түрде жүзеге асырады. Біздің барлық жұмыскерлер өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесімен қамтылған. **GRI 403-1**

Ең маңызды ірі қоржындық компанияларда өнеркәсіптік қауіпсіздік функциясын күшейту үшін оның тұрғысынан бірінші басшылар алдында функцияның тікелей әкімшілік жауаптылығымен сәйкес жекелеген қызметтер құрылды.

Біз жұмыс орындарында қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін тәуекелге бағытталған тәсілді пайдаланмыз. Біз жыл бойы тұрақты негізде басқарудың әртүрлі деңгейлерінде жұмыс орындарының жай-күйіне аудиттер жүргізіп тұрамыз.

**ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕСТІК ЖҮРГІЗІЛГЕН ІШКІ АУДИТТЕРДІҢ САНЫ 2023 ЖЫЛЫ 86 581 АУДИТКЕ ЖЕТТІ (2022 ЖЫЛЫ 61 916 АУДИТ).**

**GRI 403-2**

1

**Көшбасшы болу - қағидаттарға адалдықты көрсету**

Біз жыл сайын көшбасшылықты, міндеттемені және тәжірибе алмасуды арттыруға бағытталған форумдар, семинарлар, басшылар үшін шеберлік сыныптары сияқты өндірістік қауіпсіздік бойынша мамандандырылған іс-шараларды өткіземіз. Сонымен қатар, қоржындық компаниялардың CEO-1 деңгейіндегі басшылар кемінде екі айда бір рет кәсіпорындарға барып, өндіріс алаңдарын тексеруді жүзеге асырып тұрады.

Қорда 2019 жылдан бастап Қордың Басқармасы жанынан еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті жұмыс істейді, оған 13 ірі қоржындық компаниялардың CEO-1 деңгейінің жауапты өкілдері кіреді. Комитеттің негізгі мақсаты қоржындық компаниялардың өндірістік қауіпсіздік саласындағы корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларының орындалу барысын үйлестіру мен бақылауды қамтамасыз ету және портфельдік компаниялардағы «өндірістік қауіпсіздік» бағытын әлемдік стандарттар деңгейіне шығару мақсатында қауіпсіздік мәдениетін арттыруға, көшбасшылықты дамытуға бағытталған басқа да шаралар болып табылады.

2

**Қауіптерді анықтау – тәуекелдерді бақылау**

Жазатайым оқиғаларды ерте диагностикалау және алдын алу мақсатында қоржындық компаниялардың өндірістік қауіпсіздігінің түрлі бағыттары сарапшыларының қатысуымен өнеркәсіптік объектілердің көшпелі айқаспалы аудиттерінің тәжірибесі қолданылады.

Қоржындық компаниялардың қызметіне қауіпті жағдайларды, қауіпті әрекеттерді, әлеуетті қауіпті оқиғаларды (Near Miss) тіркеу, қауіпсіздікті міндетті бақылауларын жүргізу сияқты тәуекелдерді азайтуға бағытталған жарақаттанудың алдын алудың проактивті құралдары белсенді енгізілуде. Оның үстіне, әрбір жұмыскер Қордың компаниялар Тобының әрбір жұмыскері танысқан «Самұрық-Қазына» АҚ еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясатында жазылған қауіпсіз орындалмайтын жұмыстарды тоқтата тұруға құқығы бар екенін біледі. Біздің жұмыскерлер жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына не қоршаған ортаға қауіп төндіретін ықтимал қауіпті жағдай туралы ауызша немесе жазбаша түрде хабарлай алады және осы жағдай жойылған сәтке дейін жұмысты тоқтата алады.

Біз қауіпсіздік саласындағы сарапшылардың қатысуымен өндірістік объектілердің орнында көшпелі тоғыспалы аудиттерді жүргіземіз, сондай-ақ қауіпті жағдайларды, қауіпті әрекеттерді, әлеуетті қауіпті оқиғаларды (Near Miss) тіркеу сияқты тәуекелдерді азайтуға бағытталған жарақаттанушылықтың алдын алу құралдары, Қауіпсіздіктің жүріс-тұрыстық бақылаулары енгізілуде. Оның үстіне әрбір жұмыскер қауіпсіз түрде орындалып жатқан жұмысты тоқтата тұруға құқығы бар екенін біледі. **GRI 403-2**



3

### Мақсаттарды анықтау – бағдарламаларды әзірлеу

Біз өндірістік қауіпсіздік саласындағы мақсаттар мен міндеттер қоямыз, оларды үнемі қадағалап, қажет болған жағдайда қайта қарап тұрамыз.

Қор Тобының кәсіпорындары «нөлдік жарақаттануға» қол жеткізуге, еңбекті қорғаудың, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге және өз жұмыскерлерінің денсаулығын қауіпті өндірістік факторлардан қорғауға ұмтылады. Ол үшін ұлттық талаптар мен халықаралық стандарттарға сәйкес өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйелері үнемі жетілдіріліп отырады, мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған бағдарламалар әзірленеді.

Өндірістік қауіпсіздік саласындағы мақсаттар мен міндеттер белгіленеді, бақыланады және қажетіне қарай қайта қаралады. Қор Тобында белгіленген мерзімдері бар 33 нақты іс-шарадан тұратын «2024 жылға арналған өндірістік қауіпсіздік жөніндегі іс-шаралар жоспары» бекітілді. Мұндай жоспарлар жыл сайын бекітіледі. Жоспардың негізгі іс-шаралары: қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін арттыру, қауіпсіздік мәселелерінде басшылардың көшбасшылығын дамыту, жабдықтың сенімділігін қамтамасыз ету және ықтимал төтенше жағдайларды жоюға дайындық болып табылады. **GRI 403-9**

4

### Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жүйесін құру-ұйымның жоғары деңгейіне жету

Біздің қызметіміз қоржындық компанияларға, олардың еншілес және тәуелді ұйымдарына, сондай-ақ қызмет көрсетушілерге қолданылатын өндірістік қауіпсіздік саясатымен және өндірістік қауіпсіздікті басқарудың корпоративтік стандартымен реттеледі. **GRI 403-1 GRI 403-8 GRI 3-3**

5

### Жұмыс орындарында, білдектермен және жабдықпен жұмыс істеген кезде қауіпсіздік пен гигиенаны қамтамасыз ету

Қоржындық компаниялар деңгейінде ауыр және өліммен аяқталатын апаттар мен жазатайым оқиғалардың тәуекелдерін барынша азайту мақсатында ескірген және физикалық тұрғыдан тозған жабдық пен имараттарды техникалық қайта жарақтандырудың ұзақ мерзімді жоспарлары қолданылады. Оларды жаңарту кезең-кезеңімен жүзеге асырылады және өндірістік блоктар жұмыскерлерінің бақылауында.

6

### Біліктілікті арттыру – кәсіби дағдыларды дамыту

Жұмыскерлердің құзыретін арттыру мақсатында жұмыскерлер құрамы Қазақстан Республикасының ең төменгі заңнамалық талаптардың шегінен шығатын курстар мен бағдарламалар бойынша тұрақты түрде оқытылып тұрады.

7

### Кадрларға инвестициялау – қатысу арқылы ынталандыру

Ынталандыру және сыйақы беру жүйесі өндірістік пүжерістердің қауіпсіздігіне мүдделі жұмыскерлер шеңберін үнемі кеңейтіп тұруға мүмкіндік береді. Қордың Компаниялар тобында қауіпті жағдайларды, қауіпті әрекеттерді, әлеуетті қауіпті оқиғаларды белсенді түрде тіркеп тұратын, қауіпсіз емес жұмыстарды тоқтата тұратын, осылайша жарақаттану оқиғалардың алдын алатын жұмыскерлерге сыйақы төлеу тәжірибесі енгізілген. 2022 жылдан бастап өндірістік қауіпсіздік саласындағы нәтижелерге қол жеткізгені үшін I орын түрінде «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының жыл сайынғы номинациясын беру тәжірибесі енгізілді. Осылайша, жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша 2022 жылдың қорытындысы бойынша бірінші орынға номинант болып «Қазақтелеком» АҚ, 2023 жылы «KEGOC» АҚ анықталды. Сондай-ақ, жұмыс орындарында ерлік көрсетіп, әріптестерінің өмірін сақтап қалған сегіз қызметкер Құрмет грамоталарымен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Сондай-ақ ірі қоржындық компаниялар өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы инновациялық идеяларға байқаулар, балалардың ең жақсы суреті бойынша байқаулар, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жұмыскерлері арасында олимпиада өткізеді.

«7 алтын ережеге» сәйкес жұмыс жүйелі түрде жүргізіліп, жүйелі шаралар кешені болып табылады.

Компаниялар Тобында өндірістегі жазатайым оқиғалар мен апаттардың нөлдік деңгейіне қол жеткізу тек өз жұмыскерлерінің әрекетімен шартталып қана қоймай, сонымен қатар айтарлықтай дәрежеде мердігер ұйымдардың жұмыскерлеріне де байланысты болады. Мердігер ұйымдар Қордың өндірістік қауіпсіздік саласындағы тиімді басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылатын еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі корпоративтік стандарттар мен ережелерді қатаң сақтауға міндетті. Мердігер ұйымдар жұмыскерлерінің біліктілігі мен құзыретіне Қордың өз жұмыскерлер құрамына қойылатын талаптарға ұқсас жоғары талаптар белгіленген. Бұл талаптар мердігерлермен жасалған келісімшарттарға енгізілген және көшпелі аудиттер кезінде үнемі тексеріліп тұрады. Қор мердігерлердің жұмыстарын нақты бағалауды жобалардың барлық кезеңдерінде қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ететін жоғары қауіпсіздік стандарттарына сәйкестігін ескере отырып жүзеге асырады. Бақылау үдерісі жұмыстарды орындайтын, қоржындық компанияларға қызмет көрсететін барлық мердігерлерге жүргізіледі.

Осылайша, өндірістік қауіпсіздік саласындағы мердігер ұйымдардың қызметкерлерінің талаптарды сақтауын бақылау мақсатында <https://zakup.sk.kz/#/ext> порталы арқылы жасалатын шарттардың үлгілік қалыптарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау (ЕҚЖЕҚ), өрт және өндірістік қауіпсіздік бойынша мамандардың болуы, сондай-ақ ЕҚЖЕҚ, өндірістік қауіпсіздік және өрт-техникалық минимум

бойынша оқытылған және білімін тексеруден өткен персоналдың болуы бойынша талаптар енгізілді.

Басқарудан басқа, бізге жазатайым оқиғалардың алдын алу, жұмыскерлер үшін санитарлық-тұрмыстық жағдайын жақсарту, жұмыскерлерді сауықтыру, жеке қорғаныс құралдарын сатып алу, арнайы киімдерді химиялық тазалау және жуу, еңбекті қорғау мәселелерін оқыту және насихаттау бойынша іс-шараларды қаржыландыру түрінде өндірістік қауіпсіздікке үлес қосу маңызды. 2023 жылы бұл мақсаттарға 109 млрд теңге жұмсалды (2022 жылы 125 млрд теңге).

### Өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі инвестициялар, млрд теңге





## 2023 жылдың негізгі нәтижелері

Біз қоржындық компаниялармен бірлесе отырып, қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін арттыруға және жарақаттануды азайтуға бағытталған жан-жақты жұмыстарды жүргіздік. Жыл сайын өндірістік қауіпсіздік саласындағы жұмыс үш негізгі бағыт бойынша құрылады.

1

### Адамдар және қауіпсіздік мәдениетін арттыру

Қорда жұмыскерлер мен басшылардың қауіпсіздік мәселелеріне жауапкершілікпен қарауы және көшбасшылықпен белсенділікті өз үлгісімен көрсетуі үшін оқыту тренингтері мен семинарлары үнемі өткізіліп тұрады.

**2023 ЖЫЛЫ БІЗ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ, ӨНЕРКӘСІПТІК ЖӘНЕ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАСЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ ШЕҢБЕРІНДЕ 232 081 НЕМЕСЕ 87% ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІ ОҚЫТТЫҚ, ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ 59 176 НЕМЕСЕ 22%-Ы ҚР ЗАҢНАМАСЫНАН ТЫС КУРСТАРҒА ОҚЫТЫЛДЫ.**

GRI 403-5

Қор жұмыскерлері сондай-ақ Samruk Business Academy ұйымдастырған халықаралық курстарда алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша оқытылады:

1. Heartsaver (жүрек-өкпе реанимациясы кезіндегі алғашқы көмек).
2. Prehospital Trauma Life Support (жарақаттар кезіндегі ауруханаға дейінгі өмірді қолдау жүйесі).
3. American Heart Association (Американдық кардиология қауымдастығының әдісі бойынша автоматты сыртқы дефибрилляторды пайдалану).

Біз еңбек қауіпсіздігі бойынша оқыту жобаларын жүзеге асырамыз. Samruk Business Academy компаниясы жұмыс берушінің брендті саласындағы алтыншы Халықаралық саммитте және Ташкент қаласында өткен EMBRAS 2023 HR-жобалар байқауында жеңімпаздар қатарына енді. Компания Vision Zero 7 ережесіне негізделген және әрбір жұмыс орнында қауіпсіз еңбек жағдайларын құру және қолдау мәселелерінде Қор тобы жұмыскерлерінің құзыреттілік деңгейін арттыру үшін әзірленген «Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті» оқыту жобасын таныстырды. Бұл курс бойынша оқу Ұлыбританияның қауіпсіздік және денсаулық

сақтау институты (IOSH) мақұлдағаннан кейін 2023 жылдың қаңтарынан бастап жүзеге асырылады. 2023 жылдың аяғында «Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті» курсына қоржындық компаниялардың 428 ішкі жаттықтырушысы оқытылды, олар өз кезегінде өңірлерде 121 282 өндірістік жұмыскерді оқытты.

Қордың қоржындық компанияларының өздері арасында, сондай-ақ өнеркәсіп салаларындағы жетекші компаниялармен тәжірибе алмасу тұрақты негізде жүзеге асырылып тұрда. Бұл ретте қоржындық компаниялардың өздері де еңбекті қорғау саласында шетелдік серіктестермен тәжірибе алмасуда [\(2-қосымшаны қар.\)](#).

Қоржындық компанияларда сонымен қатар жұмысшылардың өндірістік қауіпсіздік туралы хабардарлығын арттыру үшін оқыту жүргізіледі. Осылайша, «Қазақтелеком» АҚ біздің қолдауымызбен топ-менеджерлер үшін «Еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы көшбасшылық» тақырыбында өндірістік қауіпсіздік бойынша оқыту семинарын өткізді. Семинарға қатысушылар қауіпсіздіктің басшылық мәдениетін қалыптастыру қағидаттарымен танысты, басқарудың авторитарлық және партисипативті стильдері мен олардың әсерін талқылады, сонымен қатар жұмыскерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігі тұтастай алғанда бизнеске қалай әсер ететіні туралы білді.

Сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ақпараттық технологияларды енгізу мәселелеріне жауапты жұмыскерлерге «Оқытудағы виртуалды шындық» шеберлік сабағын өткізді. Қатысушылар виртуалды шындық жиынтықтарын өздері сынап көруге мүмкіндік алды, тек техникалық оқытумен ғана емес, сонымен қатар әуе байланыс желілерінде жұмысты өз виртуалды тәжірибелерімен қауіпсіз орындау қағидаттарымен де танысты. Есепті жылдың басынан бері осындай төрт шеберлік сабағын «Эйр Астана» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, «KEGOC» АҚ өткізді.

2

### Технологиялық жабдықты пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Қоржындық компаниялар деңгейінде жабдықта жұмыс істеу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін «2023 жылға, 2024-2027 жылдарға арналған моральдық және физикалық тозған жабдықтарды, құрылыстарды техникалық қайта жарақтандыру жоспарлары» әзірленді, оларды пайдалану кезінде ауыр және өліммен аяқталған апаттар мен жазатайым оқиғалардың туындау қаупі жоғары.

Біз Қор компаниялары Тобының жұмыскерлері арасында жол-көлік оқиғаларының алдын алу және жарақат алуды азайту бойынша жұмысты белсенді түрде жалғастырамыз.

**ОСЫЛАЙША, ЖҰМЫСКЕРЛЕР АРАСЫНДА АВТОКӨЛІКТЕ ҚАУІПСІЗДІК БЕЛДІКТЕРІН ТАҒУ ӘДЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҚСАТЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 10 ҚАЛАСЫНДА «КОНВИНСЕРМЕН» (ЖКО КЕЗІНДЕ БЕТПЕ-БЕТ СОҚТЫҒЫС СИМУЛЯТОРЫ) ТӘЖІРИБЕЛІК СЫНАҚТАРЫ ӨТКІЗІЛДІ.**

GRI 403-9

Жұмыскерлер жазатайым оқиғалардың алдын алудың проактивтікұралдарын қоса алғанда, халықаралық озық тәжірибелерді қолданады (қауіпті әрекеттерді, жағдайларды, ықтимал қауіпті Near Miss оқиғаларын тіркеу, мінез-құлқы бақылауларын/қауіпсіздік аудитін жүргізу, «тоқтату карталарын» пайдалана отырып, қауіпті жұмыс түрлерін тоқтату).

**АСТАНАДА «ЭЙР АСТАНА» АҚ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА ЕУРОПАЛЫҚ АВИАЦИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК АГЕНТТІГІМЕН (EASA) АЛҒАШҚЫ СЕРТИФИКАТТАЛҒАН ҰШҚЫШТАРДЫ ДАЯРЛАУ ОРТАЛЫҒЫН АШТЫ.**

Объект Астана халықаралық әуежайының аумағында орналасқан және халықаралық стандарттарға сай алдыңғы қатарлы ұшу тренажерларымен жабдықталған. L3 Harris компаниясының Reality Seven толық ұшқыштық симуляторы жоғары шындық дәрежесімен ұшудың әртүрлі аспектілерін үлгілеуге мүмкіндік береді. Оқу-жаттықтыру орталығының арқасында «Эйр Астана» АҚ компаниялар Тобының 500-ден астам ұшқышы әуе компаниясының операциялық қызметінен қол үзбей Қазақстанда оқытудан өте алатын болады. Сондай-ақ, компания бортсеріктер пен ұшқыштарды оқыту аясында әуе кемелерінен вакуациялау және өрт сөндірудің әртүрлі жағдайларын имитациялайтын салоннан апаттық эвакуациялау (CEET) және өрт жаттығуы тренажерларына (RFFT) инвестициялады. Оқу орталығының іске қосылуы сондай-ақ «Эйр Астана» АҚ-тың ұшу қауіпсіздігін, авиация саласындағы экологиялық және әлеуметтік тұрақтылықты ескеретін ESG қағидаттарын ұстануына ерекше көңіл аударады.





3

## Төтенше жағдайлардың алдын алу

Апаттар мен төтенше жағдайларға қатысты іс-қимылдарды реттеу үшін «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар Тобында тұрақты жұмыс істейтін Штаб құрылды.

Персоналды ТЖ мен қауіпті өндірістік объектілердегі апаттарға ден қоюға дайындау мақсатында тактикалық оқу жаттығулар өткізіледі:

1. Қор және «Қазатомөнеркәсіп ҰАК» АҚ дағдарыс жағдайында басқару жөніндегі кеңейтілген командалары бар қойма аумағының вагонынан сұйық аммиакты апаттық герметизациялау және құю кезінде Үлбі металлургия зауытында ТЖ кезінде оқу-жаттығулар өткізді.
2. Қор мен «Қазақстан темір жолы ҰК» АҚ Ақтау портында ТЖ кезінде құрғақ жүктерді, мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдайтын оқу-жаттығулар өткізді. Порт жұмыскерлерінің шартты түрде оқшаулау және ықтимал апаттардың бірі – айлаққа тиеу кезінде танкерден мұнайдың төгілуін жою кезінде ведомствоаралық өзара іс-қимылы пысықталды.
3. «ҚазМұнайГаз ҰК» АҚ және Қор «Жетібаймұнайгаз» ӨБ арнайы жабдықталған оқу полигонында «Ұңғымадағы жанып тұрған ашық субұрқақты жою және зардап шегушіні тік болат резервуардан құтқару» тақырыбында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Жетібай ауданында апаттық ден қою бойынша жаттығулар өткізді.

Есептіліктің ашықтығының қажетті деңгейін қамтамасыз ету және өндірістік қауіпсіздік саласындағы коммуникацияларды дамыту үшін ағымдағы есепті жылы үдерістерді цифрландыру бөлігінде бірқатар бастамалар іске асырылды:

- өндірістік жарақаттанудың ағымдағы статистикасы туралы басшылықты жедел ақпараттандыру үшін оқиғалар бойынша дашбордтар құрылды;
- есептілікті басқару жүйесінде «қоржындық компаниялардың мердігерлік ұйымдарындағы оқиғалар мен жайттар туралы ақпаратты тіркеу журналы» және «қоржындық компаниялардағы мердігерлік ұйымдар бойынша жедел ақпарат» іске қосылды;


Біз Қор Тобының компаниялары әрқашан толық дайын болуы үшін өндірістегі ықтимал ТЖ-ға ден қою бойынша қарқынды жұмыстарды жалғастырамыз.

### СОНДАЙ-АҚ, БІЗ ТҰРАҚТЫ НЕГІЗДЕ ҚОРЖЫНДЫҚ КОМПАНИЯЛАР МЕН ОЛАРДЫҢ ФИЛИАЛДАРЫНДА ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНА КРОСС-АУДИТ ЖҮРГІЗЕМІЗ.

Сондай-ақ, біз тұрақты негізде қоржындық компаниялар мен олардың филиалдарында өндірістік қауіпсіздік жағдайына кросс-аудит жүргіземіз. Аудит жүргізуге Қор Тобының әртүрлі компанияларының өндірістік қауіпсіздік жөніндегі сарапшылары тартылады, бұл тәжірибе алмасуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, өндірістік қауіпсіздік саласындағы білімді арттыруға көмектеседі, бұл өз кезегінде еңбек қауіпсіздігі мәдениетінің деңгейін арттыруға ықпал етеді. Біздің ойымызша, кейбір қоржындық компанияларда еңбек қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыру бөлігінде жоғары көрсеткіштерге қарамастан, әрқашан жақсартуға арналған салалар бар. Біз компания сарапшыларымен бірлесіп 17 өнеркәсіптік кәсіпорында аудит жүргіздік. [GRI 403-2](#)

- QR арқылы жұмыскерлерден ұсыныстарды жинау және қарау тәжірибесі және Қордың барлық жұмыскерлерінің еншілес тәуелді ұйымдарда/қоржындық компаниялардың филиалдарында іссапарға жіберу кезінде өндірістік қауіпсіздік деңгейін бағалау тәжірибесі енгізілді. [GRI 403-4](#)
- цифрландыру саласында форумдарда өткізілуде. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Шымкент қаласында өндірістік қауіпсіздікті цифрландыруға арналған форум ұйымдастырды. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес кәсіпорны «KAP Technology» ЖШС (Атом холдингінің it-интеграторы) өндірістік қауіпсіздік саласында eKAP және EKAP HSE ақпараттық жүйелерін дамыту жоспарларын, атап айтқанда персоналды жоғары қауіпті жұмыстарға жіберуді басқару үдерістерін автоматтандыруды ұсынды.

### Жұмыс уақытының жоғалуымен жарақаттар коэффициенті (LTIF)<sup>46</sup>, бірлік.



Күн сайын Өндірістік жарақаттану көрсеткіштері бойынша статистика мониторингі жүргізіледі. Өндірістегі жазатайым оқиғалардан зардап шеккендердің саны 2023 жылы 120 адамды құрады. Өндірістік жарақаттану статистикасы өндірістік қызметті жүзеге асыратын қоржындық компаниялардың жұмыскерлерін қамтиды. [GRI 403-9](#)

LTIF коэффициенті 0,1 шамасын құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 13%-ға төмендеуді көрсетті.

Қордың өндірістік қызметімен байланысты ауыр жарақаттар коэффициенті 2022 жылдан бастап есептеле бастады және 2023 жылы 0,10-ды құрады, бұл алдыңғы есептік жылмен салыстырғанда 12%-ға кем.

Қордың қоржындық компаниялары ауыр зардаптармен бар жарақат алу қаупін тудыратын қауіптерді негізге ала отырып, өндірістік жарақаттануды болдырмауға, сондай-ақ жұмыс орнындағы тәуекелдер мен қауіптерді белсенді түрде азайтуға бағытталған өндірістік қауіпсіздік жөніндегі жеке іс-шараларының жеке жоспарларын әзірлейді. [GRI 403-9](#)

### Жұмыс уақытының жоғалуымен жарақаттар коэффициенті (LTIFR)<sup>47</sup>, бірлік.



Біздің күш-жігерімізге қарамастан, 2023 жылы өліммен аяқталған 11 жазатайым оқиға орын алды (2022 жылы 12 жағдай): «Қазақстан темір жолы ҰК» АҚ - 6, «Самұрық-Энерго» АҚ - 2, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ - 2, «QazaqGaz ҰК» АҚ - 1. [GRI 403-9](#)

2023 жылы ауыр жарақаттар алынған оқиғалардың көпшілігі құлаумен, электр тоғының соғуымен, ЖКО-мен және қозғалатын, ұшатын немесе айналып тұрған заттардың әсерімен байланысты болды. [GRI 403-9](#)

Өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды аспектісі-жұмыс орнында болып жатқан оқиғаларды талдау және тергеу және болашақта олардың қайталануын болдырмау үшін шаралар қабылдау. Әрбір жағдай бойынша талдау жүргізіледі, басқа компанияларда олардың қайталануына жол бермеу мақсатында мән-жайларды, себептерді және қабылданған түзету шараларын қысқаша сипаттай отырып, ақпараттық бюллетеньдер жіберіледі. [GRI 403-1](#), [GRI 403-2](#) сонымен қатар, біз 2027 жылға қарай LTIF 0,12 - ге жетуді мақсат етіп отырмыз. Сонымен қатар, қоржындық компаниялардың тиімділігіне қауіпсіздік бойынша мінез-құлық бақылауларын, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі карточкаларды тіркеу, мердігерлік ұйымдардың аудиттерін жүргізу және басқалары енгізілген, бұл жарақат алу жағдайларын азайтуға оң әсер етуі тиіс.

<sup>46</sup> LTIF (жұмыс уақытының жоғалуымен жарақаттар коэффициенті) – 1 миллион адам-сағатқа көбейтілген және 12 есептік ай ішінде жұмыс істелген адам-сағаттың жалпы санына бөлінген еңбек қабілеттілігін жоғалтуымен жазатайым оқиғаларда зардап шеккен жұмыскерлер саны (соның ішінде қаза болғандар).

<sup>47</sup> LTIFR (жұмыс уақытының жоғалуымен жарақаттар коэффициенті) – 1 миллион адам-сағатқа көбейтілген және 12 есептік айда жұмыс істеген адам-сағаттардың жалпы санына бөлінген өндірістік жарақаттың ауырлығы (оның ішінде қаза болғандар) туралы қорытындыға сәйкес еңбек ету қабілетінен айырылған жазатайым оқиғаларда зардап шеккен, жеңіл және ауыр өндірістік жарақатқа жататын компания жұмыскерлерінің саны.



## Жұмыскерлердің денсаулығы мен амандығы

Біз әрбір жұмыскерге амандыққа саналы көзқарасты дамытуға және жұмыста да, одан тыс жерде де салауатты және бақытты өмір сүру үшін қажетті дағдыларды дамытуға қолдау көрсетуге ұмтыламыз.

Біз өмір сүру сапасын жақсартуға, жалпы денсаулықты жақсартуға және еңбек өнімділігін арттыруға ықпал ететін салауатты әдеттерді дамытуды ынталандыру арқылы жұмыскерлердің физикалық және психологиялық денсаулығын жақсарту бойынша жүйелі жұмысты белсенді түрде жүргіземіз. **GRI 3-3**

Қор Тобында денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы саласындағы мәселелерді басқару Қазақстан заңнамасының Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Денсаулық сақтау кодексі, Санитарлық ережелер мен нұсқаулықтар талаптарына және Денсаулықты қорғау және еңбек гигиенасы саласындағы халықаралық талаптарға сәйкес жүзеге асырылады. Бес жылда кемінде бір рет тәуелсіз мамандандырылған ұйымның тартылуымен өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау өткізіледі, оның нәтижелері бойынша еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігін жақсарту жөніндегі ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар кешені жүргізіледі. **GRI 3-3** **GRI 403-3**

Денсаулығының нашарлауы себебінен еңбек қызметіне байланысты емес Қор Тобы жұмыскерлерінің арасында өлім жағдайлар саны 42-ге дейін өсті, 2022 жылмен салыстырғанда өсім 55%-ды құрады (2022 жылы-27). Бұл жағдайлардың 90%-ы қан айналымы ауруларынан, соның ішінде жүрек-қан тамырлары ауруларынан туындайды. Оған жаман әдеттер, дұрыс тамақтанбау, экологиялық жағдай, медицина деңгейі және т.б. әсер етеді.

Жұмыскерлердің жұмыс орындарындағы өмірі мен денсаулығын сақтауға кәсіподақ ұйымы қолдау көрсетеді.

### КӘСІПОДАҚ ҚОРМЕН БІРЛЕСЕ ОТЫРЫП, ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСARTU, ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУШЫЛЫҚТЫ БОЛДЫРМАУ, ІШКІ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША БІРҚАТАР ШАРАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУДА.

**GRI 403-7**

Біз 2023 жылы CEO-1 деңгейінің басшыларына Денсаулықты сақтау бойынша ҚНҚ (NWRP) белгіледік. Жұмыскерлердің денсаулығының жалпы нығайту және өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында қоржындық компанияларда келесі жұмыстар жүргізілуде:

1. жыл сайынғы медициналық тексеру, ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі жұмыскерлердің денсаулық жағдайына бақылау жүргізіледі; медициналық тексеру нәтижелері бойынша әлеуметтік маңызы бар аурулардың алдын алу, сондай-ақ кейінгі бақылау, емдеу және оңалту бойынша ұсынымдар беріледі;
2. халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесімен келісілген жұмыскерлерді сауықтыру және еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі жыл сайынғы іс-шаралар жоспары әзірленуде;
3. кәсіпорындарда және қоржындық компаниялардың орталық аппараттарында жұмыскерлерді сауықтыруға бағытталған спартакиадалар, спорттық іс-шаралары өткізіледі;
4. медицина жұмыскерлері өндірістік объектілерде қан айналымы жүйесі ауруларының, темекі шегудің, маскүнемдіктің, дұрыс тамақтанбаудың алдын алу бойынша дәрістер мен әңгімелер түрінде санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізіп тұруда;
5. жұмыскерлер шипажайлық-курорттық емделуге жіберіледі, сауықтыру мақсатында демалысқа материалдық көмек беріледі. **GRI 403-6** **GRI 403-7**

Өндірістік қауіпсіздік саласындағы орын алған кемшіліктерге байланысты, мысалы:

- өндірістік қауіпсіздік саласындағы мәдениет пен көш-басшылықтың төмен деңгейі;
- басшылар мен жұмыскерлердің қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін дербес жауапкершілікті қабылдамауы;
- алдын алу құралдарды қолдану арқылы қауіпсіздік мәселелеріне жұмыскерлерді тартудың жоқтығы;
- жұмыскерлер арасындағы хабардарлық пен коммуникацияның төмен деңгейі,

Басқарма Төрағасының бұйрығымен 2024 жылға арналған өндірістік қауіпсіздік жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді және бекітілді, онда жұмыстың негізгі үш бағытын жетілдірумен қатар, жұмыскерлер арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу бойынша ауқымды науқан ескерілген.

### 2024 жылға және орта мерзімді келешекке арналған өндірістік қауіпсіздік жөніндегі дамыту жоспары:

- қоржындық компанияларда VR технологияларының пайдаланылуымен және халықаралық курстар бағдарламаларын енгізу арқылы компания басшылары мен жұмыскерлерін оқытуды қолдау және олардың біліктілігін арттыру;
- енгізіліп жатқан бағдарламалар мен бастамаларды түсіндіру үшін өндірістік қауіпсіздік мәселелері бойынша тақырыптық жиындарды ұйымдастыру;
- өндірістік учаскелерінің басшылары үшін өндірістік қауіпсіздік бойынша бір көрсеткішті ҚНҚ тізбесіне енгізу мүмкіндігін қарастыру;
- еңбек қызметіне байланысты емес өлім жағдайларының санын азайту мақсатында іс-шараларды іске асыру: семинарлар өткізу және денсаулықты сақтау және еңбек гигиенасы бойынша ішкі нормативтерді әзірлеу, сондай-ақ жұмыскерлерге қызмет көрсететін медициналық ұйымдарға қойылатын талаптарды қайта қарау және қатаңдату;
- өндірістік объектілерде LOTO (Lockout-tagout) қауіпсіздік жүйесін пайдалану процесін енгізу;
- апаттар мен жарақаттанушылықты болдырмау үшін алдын алу құралдарын пайдалануды бақылау (жүріс-тұрыстық аудиттерді жүргізу, қауіпті жағдайларды тіркеу және тергеу, жұмысты тоқтата тұру құқығы);
- апаттарды жою жоспарына сәйкес ірі апатты немесе ТЖ-ні жою жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін материалдық және қаржылық ресурстардың болуын қамтамасыз ету;

Бұл әрбір жергілікті жұмыскердің атқарылып жатқан жұмыстар туралы хабардар болуы, қатысуы, қауіпсіздік талаптарын бұзудың салдары мен ауырлығын түсінуі, тек өзінің ғана емес, әріптестерінің өмірі мен денсаулығының сақталуына да қамқорлық жасауы үшін жасалып отыр. «Самұрық-Қазына» АҚ-тың өндірістік қауіпсіздікті дамытудың 2024–2028 жылдарға арналған ұзақ мерзімді стратегиясы әзірлену барысында, оның аясында өндірістік қауіпсіздіктің әрбір бағыты бойынша қызметтің негізгі көрсеткіштерін белгілеу болжануда. Жұмыс орнында жарақаттанушылықтың алдын алу тек ресми талап емес, бұл лауазымның деңгейіне қарамастан әрбір жұмыскердің моральдық және кәсіби жауапкершілігі.

Өнеркәсіптік қауіпсіздіктің ақпараттық-түсіндіру жұмысы бойынша жаңа төртінші бағыты келесі жоспарларды қамтиды:


- Қор Басқарма Төрағасының Дүниежүзілік еңбекті қорғау күніне өндірістік қауіпсіздік талаптарын сақтаудың маңыздылығы мен қажеттілігі туралы бейне жолдауын шығаруды қамтамасыз ету
- жұмыскерлердің дербес компьютерлерінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттілігін еске түсіретін қыстырмаларды әзірлеу және көрсету;
- өзекті ақпаратты орналастыру мақсатында Қордың және қоржындық компаниялардың Фаламтор-порталдарының өндірістік қауіпсіздік жөніндегі ақпараттық бөлімін жасап бітіру;
- қоржындық компанияларда өндірістік қауіпсіздіктің маңыздылығын насихаттау және жаңартпашыл идеяларды ұсыну бойынша балалар мен жас жұмыскерлер арасында байқаулар өткізу;
- жарақаттанған жұмыскерлердің қатысуымен өндірістік қауіпсіздік бойынша бейнероликтер әзірлеу.



5

## Қоршаған орта

- 114 Климаттық әсерді азайту бастамалары
- 124 Атмосфералық ауаның сапасы
- 126 Энергияны оңтайландыру
- 130 Биоалуантүрлілікті сақтау
- 136 Су ресурстарын басқару
- 142 Қалдықтарды басқару
- 144 Талаптарды сақтау





## БІЗДІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТЫМЫЗДЫҢ БАСЫМДЫҚТЫ МІНДЕТІ – ҚОР КОМПАНИЯЛАРЫ ТОБЫНЫҢ КӨМІРТЕГІ ІЗІН АЗАЙТУ ЖӘНЕ ЭКОЖҮЙЕЛЕРГЕ ӘСЕРДІ ТИІМДІ БАСҚАРУ

Біздің өндірістік қызметіміздің ауқымдылығына байланысты біз үшін табиғи ресурстарды жауапкершілікпен тұтынудың және қоршаған ортаға әсерді тиімді басқаруды қамтамасыз етудің маңызы зор. Біздің стратегиямызға сәйкес біз ESG қағидаттарын сақтауға және биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге тигізетін әсерді болдырмауға, шектеулі ресурстарды тиімді пайдалануға, көміртегі ізін азайтуға, экологиялық таза, энергия және материалды үнемдейтін технологияларды енгізуге, экологиялық таза өнімдерді әзірлеуге және өндіруге, сондай-ақ қалдықтарды барынша азайтып қайта өңдеуге ұмтыламыз.

### БІЗ САҚТЫҚ ҚАФИДАТЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІН ҰСТАНАМЫЗ (БҰҰ-НЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ РИО-ДЕ-ЖАНЕЙРО ДЕКЛАРАЦИЯСЫНЫҢ 15- ШІ ҚАФИДАТЫ, 1992 Ж.).

GRI 2-23

Жаңа жобалар мен объектілерді іске қоспас бұрын міндетті түрде біз жоспарланған қызмет және оның ықтимал әсері туралы жұртшылықты хабардар етуге бағытталған қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ) шеңберінде іс-шаралар кешенін жүргіземіз. Әрбір жобаны іске асыру алдында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі, әсерді бағалау үдерісінде жергілікті тұрғындардың пікірлері міндетті түрде ескеріледі. Біз барлық мүдделі тараптардың ҚОӘБ жобаларына қол жеткізуін, ескертулер мен ұсыныстардың қабылдануын және тіркеуді қамтамасыз етеміз. Халықты жоспарланған іс-шаралармен таныстыру мақсатында материалдар жергілікті билік органдарының веб-сайттарында және БАҚ-та орналастырылады. [GRI 413-1](#)

Қордың қоршаған ортаға елеулі әсерін тигізетін қоржындық компанияларында экологиялық саясат, тұрақты дамуды басқару саясаты, ISO 14001 стандартына сәйкес экологиялық менеджмент жүйесі, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы және қоршаған орта құрамдастарына әсерді басқару және азайту жөніндегі басқа да ішкі құжаттар әрекет етеді. [GRI 3-3](#)

Экологиялық заңнамаға сәйкес компанияларда тоқсан сайын өндірістік экологиялық бақылау мен мониторинг жүргізіліп тұрады. Экологиялық мониторинг – қоршаған ортаның сапасына қатысты алынған деректерді байқау, өлшеу, жинау, жинақтау, сақтау, есепке алу, жүйелеу, жалпылау, өңдеу және талдаудың кешенді жүйесі. Бірқатар қоржындық компаниялар тұрақты даму жүйесін енгізуге байланысты ынталандырушы ҚНҚ-ні бекітті, мысалы:


- тұрақты даму саласындағы жобаларды іске асыру;
- Парниктік газдардың шығарындыларын азайту;
- өндірістік жарақаттанушылықты азайту;
- төмен көміртекті даму, су ресурстарын басқару, тұрақты дамуды басқару және т.б. бағдарламалары бойынша іс-шаралар жоспарын орындау.



### 2023 жылдағы экологиялық талаптарды сақтау саласындағы біздің қызметіміз:

- ҚОӘБ және қоғамдық тыңдаулар өткізу;
- шығарындылар, төгінділер, қалдықтарды орналастыру нормативтерін әзірлеу және бекіту және эмиссияларға рұқсат алу;
- жоғарыда көрсетілген құжаттарда бекітілген нормаларды қатаң сақтау;
- ластаушы заттар эмиссияларының мониторингінің автоматтандырылған жүйелерін белгілеуге қатысты Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің талаптарын орындау;
- ЕОҚТ бойынша жеке анықтамалықтарды әзірлеу бойынша техникалық жұмыс топтарының жұмысына белсенді қатысу.

### Эмиссиялар үшін төлемдерді есептемегенде қоршаған ортаны қорғауға арналған шығыстар\*, млрд теңге



\* Эмиссиялар мен салықтар үшін төлемдер қоршаған ортаны қорғау шығындарына жатпайды, толығырақ ESG Data 11-ші қосымшаны қараңыз.



2023 жылы  
қоршаған ортаны  
қорғау шығындары

# 43%

-ға өсті

2023 жылы қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындар 60,9 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 43%-ға артық. Қоржындық компаниялар қоршаған ортаға әсерді төмендету жаңа, тиімдірек технологияларды енгізуге инвестицияларын көбейтті.



## Климаттық әсерді азайту бастамалары

Заманауи әлемдегі жаһандық дамудың тренді болып индустриялық күн тәртібінен климаттық күн тәртібіне көшу табылады.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ:  
2032 жылға қарай  
көмірқышқыл газының  
шығарындыларын

# 10%

-ға азайту

Әлемдік қауымдастықтың назары энергетикалық ресурстарды тұтынуды түрлендіруге бағытталған. Көмір компанияларына қысым және көмір жағу қондырғыларын пайдаланудан шығару Қорға айтарлықтай әсер етеді, себебі көмір өндіру, көмірді жағу арқылы алынатын электр энергиясын өндіру және пайдалану Қор Тобының өндірістік үдерістерінде маңызды рөл атқарады (көмір шамамен Қордың энергия тұтыну құрылымының шамамен 61% құрайды).

**БІЗ КЛИМАТ ПЕН ҚОРШАҒАН ОРТАҒА АРТЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ЖҮКТЕМЕНИ АЗАЙТУ ҚАЖЕТТІЛІГІН ТҮСІНЕМІЗ, ЕЛ АНЫҚТАЙТЫН КЛИМАТТЫҚ МАҚСАТТАРҒА БЕТ ТҮЗЕП, 2060 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КӨМІРТЕГІ БЕЙТАРАПТЫЛЫҒЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ БАСТАМАНЫ ҚОЛДАЙМЫЗ.**

Қордың Компаниялар тобы елдегі жалпы CO<sub>2</sub> шығарындыларының шамамен 15%-ына ұжымдық жауапкершілікті көтереді. Қор климатқа елеулі әсерін тигізетін экономика салаларында мемлекеттің мүддесін білдіретін ірі холдингтік компания ретінде Қазақстан экономикасының тұрақты даму жолына өтуіндетуінді рөл атқарады.

Біз үшін төмен көміртекті дамуға көшу – тұрақтылықты арттыруға және бәсекеге қабілеттілікті нығайтуға бағытталған стратегиялық міндет.

Климаттың өзгеруімен күрес көптеген жаңа тәсілдер мен шешімдердің жасалуын қажет етеді. Мемлекетіміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жоғары басымдылығының ескерілуімен, көміртектендіру жолында дәстүрлі энергия тасымалдаушылардан бас тартпай, төмен көміртекті технологияларға жоспарлы және орынды көшуге сүйенеміз. Қосымша дәстүрлі қуаттарды пайдалануға беру елдің энергия жүйесі жұмысының тұрақтылығы мен сенімділігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ аз тұрақты ЖЭК жұмысын қолдауға мүмкіндік береді.

Жүйелі және теңдестірілген тәсілмен энергетикалық ауысу біздің қоржынның алуандығын арттырып, өнеркәсіптің жаңа салаларын дамытуға себептесе алады. Бұл жаңа жұмыс орындарын құруға, персоналдың біліктілігін арттыруға, инвестициялық тартымдылықты күшейтуге, озық технологиялар мен білімді беруді және енгізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Самұрық-Қазына» АҚ стратегиялық мақсат қойды: 2021 жылмен салыстырғанда 2032 жылға қарай көмірқышқыл газы шығарындыларын 10%-ға қысқарту. Қордың ұзақ мерзімді мақсаты – 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу. Төмен көміртекті бизнес-модельге көшу жоспарын қоса алғанда, төмен көміртекті даму Тұжырымдамасы бекітілді. Жоспар төмен көміртекті дамудың 4 негізгі бағыты бойынша нақты инфрақұрылымдық жобаларды, үздік тәжірибелерді, технологиялық шешімдерді қамтиды.

## 1 БІРІНШІ БАҒЫТ: баламалы энергетика және төмен көміртекті технологиялар

2023 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ делегациясы БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі жөніндегі 28-ші конференциясына (COP 28) қатысты. Конференция аясында халықаралық әріптестермен бірқатар іскерлік келіссөздер жүргізіліп, жасыл энергетиканы дамытуға және Қазақстанда жаңа цифрлық технологияларды енгізуге қатысты келісімдер жасалды.

**БІЗ ҚР ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІМЕН ЖӘНЕ БАӘ ИНВЕСТИЦИЯЛАР МИНИСТРЛІГІМЕН БІРЛЕСІП, ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДА ЖАЛПЫ ҚУАТТЫЛЫҒЫ 10 ГВТ-ТЫ ҚҰРАЙТЫН ТӨМЕН КӨМІРТЕКТІ ЭНЕРГЕТИКАНЫ ДАМУ ТҮРІНДЕГІ МЕМОРАНДУМДЫ ЖАСАДЫҚ.**

Қоршаған ортаға теріс әсерді азайту мақсатында Алматы ЖЭО-да көмірді газбен алмастыру бойынша жобалар іске асырылуда. Газдандыру жөніндегі жобаларды іске асыру Алматы өңірінде атмосфераға көмірқышқыл газы мен зиянды заттар шығарындыларын азайтуды қамтамасыз етуге, жылыту мен электрлендірудің қуатын, сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Біз көмірқышқыл газын (CCUS) ұстау, сақтау және пайдалану бойынша сынамалы жобаны жүзеге асыру және өндірілген Мұнай қабаттарының мұнай шығымдылығын арттыру үшін айдау әлеуетін анықтау бойынша жұмыс істеп жатырмыз.

Барлық қоржындық компаниялардың алдына бензин көлігін электр көлігіне біртіндеп көшіру мақсаты қойылды. Мысалы, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Қазақстанда электромобильдер үшін зарядтау инфрақұрылымын дамыту жөніндегі жобаны іске асыру мүмкіндігін қарастыруда, бұл экологиялық көлікті дамытуды ынталандырады және ел деңгейінде декарбонизация жөніндегі мақсаттарға қол жеткізуге жәрдемдеседі.

Біз елдегі тұрақты авиациялық отын (SAF) өндірісінің болашағын зерттеп жатырмыз. Зерттеуді бірлесіп іске асыру және қаржыландыру туралы ЕҚДБ-мен уағдаластыққа қол жеткізілді.

[ЖЭК жобалары туралы толығырақ «Қордың елдің әл-ауқатына қосқан үлесі» бөлімінде айтып береміз.](#)

## 2 ЕКІНШІ БАҒЫТ: ресурстардың тиімділігі және шығарындыларды басқару технологиялары

Бұл бағытта метан шығарындыларын азайту басты міндет болып табылады. Мұнай мен газды өндіру және қайта өңдеу секторында метан менеджменті жүйесі енгізіліп, «Global methane Pledge» шеңберінде іс-шаралар іске асырылуда. 2023 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ метан шығарындыларын азайту және есеп беру бойынша ерікті міндеттемелер қабылдауды білдіретін UNEP OGMP 2.0 метан бастамасына қосылды. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ метан менеджменті жүйесін кезең-кезеңімен енгізіп жатыр (MIST бағдарламасының көмегімен метан шығарындыларын түгендеу, метанның ағып кетуін анықтау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу, метанның ағып кетуін анықтау және жою жөніндегі бағдарламаны енгізу және т.б. жоспарлануда).

Атмосфералық ауаға шығарындыларды азайту жөніндегі маңызды міндеттердің бірі – Қордағы ластаушы заттар шығарындыларының ең ірі эмитенттерінің бірі ретінде мұнай мен газды өндіру және қайта өңдеу секторында шикі газдың пайдалы қоданылуын және кәдеге жаратылуын арттыру, газдың жалындытып жағылуын барынша азайту. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ шикі газды тұрақты жағу көлемін барынша азайту мақсатында 2015 жылы Дүниежүзілік банктің «2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын толық кәдеге жарату» бастамасын қолдады. Компания жыл сайын шикі газды жағу көлемі бойынша есептілікті Дүниежүзілік банктің ҚР өкілдігіне тапсырады.

Соңғы жылдары шикі газды пайдалы қолдануды арттыру бойынша бірқатар іс-шаралар іске асырылды, нәтижесінде бұл көрсеткіш жақсарып, 2023 жылдың қорытындысы бойынша 98,9%-ды құрады. Шикі газды жалындытып жағу көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 89,4%-ға қысқарды. Газды жағу көрсеткіші өндірілген көмірсутек шикізатының 1 мың тоннасына 1,4 тонна деңгейінде, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 7%-ға төмен және IOGP салалық орташа көрсеткішінен 84%-ға төмен.

«Самұрық-Энерго» АҚ Назарбаев университетімен бірлесіп CO<sub>2</sub> (carbon capture and storage, CCS) ұстау және сақтау технологиясын қолдану мүмкіндіктері бойынша F3TKJ жүргізілуде. ЖЭС түтін газдарынан бөлініп алынған CO<sub>2</sub>-ні ұстаудың, сақтаудың және пайдаланудың қолданыстағы және келешектегі технологияларына аналитикалық шолу әзірленді, көмірдің бу оттегісіз газдандырылуын зерттеу үшін эксперименттік зертханалық қондырғы жасауға құрастырымдық құжаттама әзірленді.





Шикі газды  
пайдалы  
пайдалану

98,9%

Негізгі бағыттардың бірі – офсеттік жобаларды жүзеге асыру арқылы шығарындыларды өтеу. 2020-2022 жылдары «бірінші жел электр станциясы» ЖШС 238,7 мың тонна CO<sub>2</sub>-балама офсеттік бірлік алды, алдағы уақытта i-REC сертификаттарын шығару және іске асыру жоспарлануда. I-REC (International Renewable Energy Certificate) ерікті халықаралық жаңартылатын энергия сертификаттары жаңартылатын энергия көзінен

**2023 ЖЫЛЫ «ЖЕТИСУ ЭНЕРГИЯСЫ» ЖШС 2022 ЖЫЛЫ ЖЭС-ТЕ 68,4 МЫҢ ТОННА CO<sub>2</sub>-БАЛАМА ОФСЕТТІК БІРЛІК АЛДЫ, - КӨМІРТЕКТІ ОФСЕТТЕРДІ САТУ ЖОСПАРЛАНУДА.**

(ЖЭК) электр энергиясын өндіру фактісі туралы ақпаратты растайды және халықаралық тәжірибеге сәйкес (GHGP, CDP, RE100, ISO және т.б.) олардың сатып алушыларына Score 2 шеңберінде электр энергиясын пайдалануға байланысты жылыжайлық газдар шығарындыларын азайту туралы мәлімдеуге мүмкіндік береді. Ал олар шығарылған компанияларға бұл қаржыландыруды тартуға мүмкіндік береді.

Қазақстанда I-REC сертификаттарын шығаратын ұйым Қазақстандық есожег қауымдастығы болып табылады. 2023 жылы ол «Samruk-Green Energy» ЖШС компаниясы үшін 19,5 мың I-REC жасыл сертификатын шығарды. Компания 12 мың сертификат сатты.

2023 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ I-REC сертификаттарын сатып алып, оларды 10 млн кВт\*сағ-қа сөндіруді жүзеге асырды, бұл Компанияның корпоративтік орталығының 2023 жылы күтілетін электр энергиясын тұтынуына сәйкес келеді. Бұған дейін, 2022 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ 8,5 млн кВт\*сағ сертификат сатып алған болатын.

### 3 ҮШІНШІ БАҒЫТ: Инфрақұрылым және реттеу

ЖЭК жүйелерін енгізу үшін электр желілерінің инфрақұрылымын және электр энергиясын жинақтау және сақтау жүйелерін дамыту қажет. Біз Smart Grid технологиясының кейбір элементтерін енгізе бастадық. Мысалы, «KEGOC» АҚ-да WAMS/WACS синхрофазорлық технологияларына негізделген мониторинг және бақылау жүйесі енгізілуде, бұл нақты уақыт режимінде басқару есебінен желінің өткізу қабілетін барынша пайдалануға мүмкіндік береді.

Электр желілеріндегі жүктемелер күні бойы біркелкі емес, сондықтан ең жоғары жүктемелерді жабу үшін маневрлік қуат қажет болады.

**БІЗ КЕРБҰЛАҚ СЭС-ІН, ҚУАТЫ 300 МВТ ДЕЙІНГІ СЕМЕЙ СЭС-ІН (ШҮЛБІ СЭС-ІН КОНТР РЕТТЕУШІ) САЛУ БОЙЫНША ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРАМЫЗ. ҚОСЫМША, БАҒЫТ БОЙЫНША ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНДА МАНЕВРЛІК БУ-ГАЗ ҚОНДЫРҒЫСЫНЫҢ (БГҚ) ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ.**

Сондай-ақ, Батыс аймақтың электр желісін күшейту және ЕЭО оңтүстік аймағының электр желісін қайта құру жөніндегі іс-шаралар орындалатын болады.



### 4 ТӨРТІНШІ БАҒЫТ: көміртегі ізін тиімді басқару

Көміртегі ізін тиімді басқару Қорда және қоржындық компанияларда көміртегі ізін есепке алудың цифрлық шешімдерін енгізуді, деректерді кеңірек ашуды, серіктестермен және жеткізушілермен қарым-қатынаста ESG қағидаттарын енгізуді және экологиялық мәдениетті күшейтуді қамтиды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және «Қазтомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ TCFD (Task Force on Climate-related Financial Disclosures) климатына байланысты қаржылық ақпаратты ашу бойынша нысаналы топтың ұсынымдарын енгізуде.

Қоржындық компаниялар «Жасыл кеңсе» шеңберінде бірқатар шараларды іске асыруда: қоқысты бөлек жинау (пластик, қағаз, батареялар); қағазды пайдалануды қысқарту (электрондық құжат айналымына көшу, принтерде екі жақты басып шығару); жарықдиодты шамдарды пайдалану; жұмыскерлер үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы тренингтер (компания платформасында онлайн, сондай-ақ компания шеңберінде жаңа жұмыскерлерге арналған кіріспе тренинг); экологиялық хабардарлықты арттыру үшін жұмыскерлердің балалары арасында жыл сайынғы экологиялық тақырыптағы суреттер байқауы.

Топтың бірқатар компаниялары көміртекті есеп беру жобасы бойынша климаттық ақпаратты ашады (ағылш. Carbon Disclosure Project, бұдан әрі-CDP), ол компанияның барлық активтері бойынша парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындылары туралы деректерді, Климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді, өнімнің барлық көміртегі ізін бағалауды қамтиды. 2023 жылы:

### Климаттық тәуекелдер

Біз климаттық тәуекелдерге және оларды тиімді басқаруға айтарлықтай көңіл бөлеміз. Директорлар кеңесі климатқа байланысты аспектілерді қоса алғанда, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттарды бекітуге жауапты.

### БІЗ КЛИМАТТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ TCFD ҰСЫНЫМДАРЫНА СӘЙКЕС АНЫҚТАЙМЫЗ.

Климаттық тәуекелдер корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесіне кіреді, олар қоршаған ортаға байланысты тәуекелдер санатында анықталады. Тәуекелдерді басқару жүйесі стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге теріс әсер етуі мүмкін әуелетті тәуекелдік оқиғаларды уақтылы анықтауға, бағалауға, бақылауға және азайтуға бағытталған.

Қордың Компаниялар Тобының ішінде өз қызметінің климаттық тәуекелдерін «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ, «Қазтомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ анықтайды.





## Төмен көміртекті экономикаға ауысуға байланысты тәуекелдер GRI 201-2

### Өтпелі тәуекелдер

Саяси және құқықтық тәуекелдер	
Тәуекелдер:	Іс-шаралар:
<ul style="list-style-type: none"> <li>⦿ Ұлттық және халықаралық көміртекті реттеуді қатаңдату</li> <li>⦿ Ұлттық экологиялық заңнаманың талаптарын сақтамау</li> <li>⦿ Бизнесі жүргізуді шектейтін жаңа климаттық бастамаларды енгізу</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамалық нормалардың сақталуын бақылау және эмиссияларға рұқсат алуға өтімдер берудің белгіленген мерзімдерін сақтау, сондай-ақ мемлекеттік бақылаушы органдарға есеп беру.</li> <li>• Парниктік газдар шығарындыларына квоталарды пайдалануды бақылау және парниктік газдардың шығарындыларын түгелдеу.</li> <li>• Қоржындық компанияларда CDP және TCFD талаптарына сәйкес климатқа байланысты ақпаратты ашу тәжірибесін енгізу, тәуекелдер мен мүмкіндіктер</li> <li>• Персоналды парниктік газдардың шығарындылары туралы есептілік бойынша міндеттемелерді кеңейту/қатаңдату бөлігінде заңнамаға өзгерістер енгізу бойынша оқыту</li> <li>• Бүгінгі таңда өсуді тежеуге бағытталған тарифтік саясатпен шектелген жобалардың коммерциялық тартымдылығын және инвестициясының өтелімділігін қамтамасыз ету</li> <li>• Корпоративтік мүдделерді ескере отырып, төмен көміртекті даму, энергия тиімділігі және энергия үнемдеу, ЖЭК және баламалы энергетика саласындағы заңнамалық базаны жетілдіру жөніндегі жұмыс топтарына қатысу</li> <li>• Офсеттер механизмін пайдалану</li> </ul>

Технологиялық тәуекелдер	
Тәуекелдер:	Іс-шаралар:
<ul style="list-style-type: none"> <li>⦿ Төмен көміртекті технологиялар мен ЕОҚТ енгізу қажеттілігі</li> <li>⦿ Энергия, шикізат және басқа ресурстардың тапшылығы</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• ЖЭК жобаларын іске асыру</li> <li>• Орман-климаттық жобаларды іске асыру</li> <li>• «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және «Самұрық-Энерго» АҚ арасында күн электр станцияларын салу жобасы бойынша ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды</li> <li>• «KEGOC» АҚ-мен бірлесіп Smart Grid-ті іске асыру</li> <li>• CCUS технологияларын, сутегі энергиясын, тұрақты сутегі отынын өндіруді зерттеу</li> <li>• Метандық менеджмент жүйесін енгізу</li> <li>• Электр энергиясы мен электрлік қуат нарығын дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара әрекеттесу</li> <li>• Геологиялық барлау және жаңа жобалар есебінен газ ресурстық базасын ұлғайту</li> <li>• F3TKЖ бағдарламасын қаржыландыру және жүзеге асыру</li> <li>• Жабдықтарды жаңғырту және жөндеу жұмыстарының жоспарын сақтау</li> </ul>

Нарықтық	
Тәуекелдер:	Іс-шаралар:
<ul style="list-style-type: none"> <li>⦿ Қазба отындарына сұраныстың төмендеуі</li> <li>⦿ Белгілі бір тауарларға, өнімдерге және климатқа байланысты қызметтерге тұтынушылардың қалауын өзгерту</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Адамзат өркениетінің даму қарқыны мен экологиялық тепе-теңдікті қамтамасыз ету арасындағы ақылға қонымды теңгерім негізінде жоспарлы және ақылға қонымды энергетикалық ауысуды қамтамасыз ету</li> <li>• ЖЭО-ны газға біртіндеп көшіру</li> <li>• Электр энергиясын өндіруде ЖЭК үлесін арттыру</li> <li>• Инвестициялық жобаларды іріктеудің және инвесторлар үшін тұрақтылықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етудің ашық және бәсекеге қабілетті шарттары</li> <li>• Бұрын негізінен мұнай-газ секторын дамытуға бағытталған инвестицияларды тарту</li> </ul>

Бедел	
Тәуекелдер:	Іс-шаралар:
<ul style="list-style-type: none"> <li>⦿ Көмірді пайдаланудан бас тарту нәтижесіндегі жағымсыз әлеуметтік әсер (елдің көмір саласына 5 моноқала және шамамен 40 000 жұмыскер тәуелді)</li> <li>⦿ Қазба отындарын тұтынуды тез төмендету мүмкіндігінің болмауы</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жаңа жұмыс орындарын құру арқылы энергияның біртіндеп және «әділ» ауысуын қамтамасыз ету</li> <li>• Халықаралық қауымдастықтар мен бастамаларға мүшелік</li> <li>• ESG рейтингін алу</li> </ul>

### Физикалық тәуекелдер

Циклондар, дауылдар, су тасқыны сияқты экстремалды ауа райы құбылыстарымен шартталған қысқа мерзімді тәуекелдер	
Тәуекелдер:	Іс-шаралар:
<ul style="list-style-type: none"> <li>⦿ Аномальды жоғары температура</li> <li>⦿ Ауа-райының экстремалды жағдайларына байланысты өндірістік объектілердің, желілік инфрақұрылымның бұзылуы</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Мүлікті кездейсоқ және күтпеген тікелей физикалық әсер ету (кездейсоқ жою, жоғалту немесе зақымдану) нәтижесіндегі залалдан сақтандыру.</li> <li>• Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің және ықтимал апаттарды жою жөніндегі апаттық-құтқару қызметінің дайындығы мен кезекшілігін бақылауды қамтамасыз ету</li> <li>• Электр қуаты апаттық ажыратылған жағдайда резервтік электрмен жабдықтау көздеріне көшу</li> <li>• Жабдықтар мен техниканы жазғы режимге ауыстыру</li> <li>• Өртке қарсы іс-шаралар, өрт қауіпсіздігі бойынша жаттығулар өткізу</li> <li>• Міндетті экологиялық сақтандыру</li> </ul>

Ұзақ мерзімді климаттық өзгерістерден туындаған созылмалы тәуекелдер	
Тәуекелдер:	Іс-шаралар:
<ul style="list-style-type: none"> <li>⦿ Каспий теңізі мен өзендердегі су деңгейінің төмендеуі.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Кендірлі ауылында тұщыландыру зауытының құрылысы.</li> <li>• Батыс өңірлерді сумен жабдықтау жобаларын жүзеге асыру.</li> <li>• Тарихи мұнайдың ластануын жою.</li> <li>• Су басып жатқан және су басқан ұңғымаларды бақылау.</li> </ul>

Жобаларды бірлесіп жүзеге асыру және инвестиция тарту үшін біздің ірі халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты кеңейтуге ниетіміз бар. Бұл экономиканың тұрақты дамуы үшін инвестиция тартумен қатар, озық білім мен технологиялардың табысталуын қамтамасыз ететін болады. Жаһандық серіктестікті және ынтымақтастық географиясының әртүрлілігін күшейту бізге жаңа нарықтарға қолжетімділікті кеңейтуге ресурстар мен құзыреттерді біріктіре отырып, Қазақстан Республикасы мен Қордың бетбеделін арттыру арқылы халықаралық инвестициялардағы тәжірибені арттыруға мүмкіндік береді.

Біз 2060 жылға қарай көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу келешегімен Қордың 2032 жылға дейінгі дамуының үш сценарийі бойынша модельдеу жүргіздік: «Әдеттегідей бизнес», Декарбонизация және Терең декарбонизация.

Сценарийлердің ішіндегі ең жасампазы - Терең декарбонизация, ол 2021 жылғы деңгейден 2032 жылға қарай көміртегі ізінің 10%-ға төмендеуіне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл сценарий 2032 жылы бірінші блокпен ЖЭК

пен СЭС үлесінің 30%-ға дейін өсуімен, автокөлікті электрлендіру деңгейін 19%-ға дейін және баламалы көздерден электр энергиясын сатып алу үлесін 45%-ға дейін арттырумен атом электр станциясын жедел енгізу арқылы жылдам энергетикалық ауысуды болжайды.


Бейтарап сценарий бойынша (декарбонизация) шығарындыларды тек 2021 деңгейінде ұстауға болады. Ал «Әдеттегідей бизнес» сценарийінде көміртегі ізінің 19% өсуі болжанады, өйткені сценарий Декарбонизацияға назар аудармай, Қор Тобының қызметіндегі ағымдағы трендтердің жалғасуын болжайды.

Біздің төмен көміртекті даму бағыттары елдік «2060 жылға дейінгі көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу Стратегиясына» толық сәйкес келеді. Барлық сценарийлерде біз елімізде энергия тапшылығын болдырмау үшін жаңа қуаттарды енгізу қажеттілігіне сүйенеміз, қазақстандық экономиканың көмірге тәуелділіктен ауысуы кезінде атом генерациясын қоса алғанда, баламалы энергетика маңызды рөл атқарады.




## Парниктік газдар шығарындылары

2023 жылы Қор Тобының көміртегі ізі (парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындылары) 62,3 млн тонна CO<sub>2</sub>-балама құрады. 1 қамтылған парниктік газдар шығарындылары 52,3 млн тонна CO<sub>2</sub>-балама құрады (2022 жылға қарай 3% - ға өсті). Парниктік газдардың жанама шығарындылары 10,0 млн тонна CO<sub>2</sub> құрады (1% - ға төмендеді).




<sup>48</sup> Парниктік газдар шығарындыларын есептеу «парниктік газдар шығарындыларын есептеу жөніндегі жекелеген әдістемелерді бекіту туралы» 2010 жылғы 05 қарашадағы №280-п бұйрығына, «Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін есептеу жөніндегі әдістемелерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 17 қаңтардағы №9 бұйрығына, «Парниктік газдар шығарындыларын есептеу және сіңіру жөніндегі әдістемелерді бекіту туралы» №221 «Парниктік газдарды түгіндеуді мониторингілеу және бақылау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы 221 бұйрығында, «Парниктік газдарды түгіндеу туралы есептердің нысандарын бекіту туралы» 2015 жылғы 28 шілдедегі № 502 бұйрығына, «Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірілуін есептеу жөніндегі әдістемелерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрінің Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі №371 бұйрығымен, «ПСС парниктік газдарды ұлттық түгіндеудің басшылық қағидалары».



Есептеу үшін базалық жыл 2021 жыл болып белгіленді. Метан, азот оксиді шығарындыларын к өмірқышқыл газының баламалы тоннасына айырбастау үдерісінде жаһандық жылыну әлеуетінің өзекті коэффициенттері (метан үшін – 28, азот оксиді үшін – 265) қолданылды, олар Тараптар Конференциясының 2022 жылғы 17 қарашадағы 6/CP.27 шешімінің 4-тармағына сәйкес айқындалды. [GRI 305-1](#)


**Қызмет сегменттері бойынша парниктік газдардың тікелей шығарындыларының жалпы көлемі (Score 1), %**



- Жылу және электр энергиясын өндіру секторы
- Мұнай-газ секторы
- Көлік-логистика секторы
- Өзгелері

Парниктік газдардың тікелей шығарындыларының ең ірі эмитенттері электр энергиясы мен жылу өндіру секторы – 32 млн тонна CO<sub>2</sub>-балама (58%) және көмірсутектерді барлау, өндіру, тасымалдау, өңдеу секторы – 14,8 млн тонна CO<sub>2</sub>-балама (28%) болып табылады. Бұл секторларда қазба отындары өндіріледі, жағылады, өңделеді, сәйкесінше шығарындылар көлемі ең маңызды болып табылады. [GRI 305-1](#)

**Қызмет сегменттері бойынша парниктік газдардың жанама шығарындыларының жалпы көлемі (Score 2), %**



- Электр энергиясын беру секторы
- Мұнай-газ секторы
- Көлік-логистика секторы
- Өзгелері




Жанама шығарындылардағы ең үлкен үлес-сатып алынған электр энергиясының шығарындылары (94%). Жанама шығарындылардың негізгі эмитенттері мұнай өндіру, тасымалдау және өңдеу секторы (34%), теміржол тасымалы секторы (31%) және электр энергиясын беру секторы (25%) болып табылады.

3-Қамту шығарындылары компанияның құндылық құру тізбегінде пайда болатын барлық өзге парниктік газдар шығарындылары, атап айтқанда өткізілген өнімді пайдаланудан орын алатын шығарындылар (11-санат – «Use of Sold Products»). «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ<sup>49</sup> және «ҚазМұнай-Газ» ҰК» АҚ<sup>50</sup> сияқты Қордың қоржындық компаниялары

қазірдің өзінде 3-Қамту бойынша парниктік газдар шығарындыларын есептеуді іске асыруда. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ №11 «Сатылған өнімдерді пайдалану» санаты бойынша шығарындылар туралы ақпаратты ашады. Қордың басқа қоржындық компаниялары да 3-Аумақ бойынша есептілікті кезең-кезеңімен әзірлеуді жоспарлап отыр. [GRI 305-3](#)

«Әйр Астана» тобы EU ETS талаптарына сәйкес CO<sub>2</sub> шығарындыларын ашады – Еуропалық Одақ шығарындыларының сауда жүйесі (Еуропалық одақ шегінде орындалатын барлық рейстерге таралады) және CORSIA – Халықаралық авиация үшін көміртегі шығарындыларын өтеу және азайту жүйесі (халықаралық рейстерге таралады).

**Парниктік газдардың шығарындыларын азайтуға бағытталған шаралар нәтижесіндегі парниктік газдар шығарындыларын қысқарту, мың тонна CO<sub>2</sub>-балама [GRI 305-5](#)**



<sup>49</sup> «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ CDP сауланамасы

<sup>50</sup> «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ CDP сауланамалары



## Атмосфералық ауаның сапасы

Біз ауаның ластануы мәселесіне байыппен қараймыз, өйткені ол адамдардың денсаулығына кері әсерін тигізуі мүмкін. Біз өзіміздің қоржындық компанияларымызға шығарындыларды азайтуда, үздік технологияларды пайдалануда, өндірістік жүйелерін жаңарту мен жөндеуде қолдау көрсетеміз. [GRI 3-3](#)

Атмосфераға барлық шығарындылар қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамамен қатаң реттеледі. Зиянды заттардың шығарындылары мемлекеттік органдармен келісілген және рұқсат құжаттарында көрсетілген белгіленген нормативтер шегінде ғана жүзеге асырылады.

Сондай-ақ біз заманауи талдау әдістерін пайдалана отырып, аккредиттелген зертханалар жылына төрт рет санитарлық-қорғау аймағының шекарасында және шығарындылар көздерінде өндірістік экологиялық бақылауды жүргізе отырып, кәсіпорындарымыздың аудандарындағы ауаның жай-күйін үнемі бақылап отырамыз. Бұдан бөлек, біз нақты уақыт режимінде қоршаған ортаға эмиссиялардың мониторингін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қауіптілігі I санаттағы 16 объектіде (Мұнай және газ өндіру, мұнай мен газды қайта өңдеу, газ химиясы, электр энергиясын өндіру және тау-кен металлургия секторында) ластаушы заттар эмиссияларын автоматтандырылған мониторингілеу жүйелерімен (АМЖ) жарақтандыру бағдарламасын жалғастырамыз. [GRI 3-3](#)



Атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының көлемі мемлекеттік органдар бекіткен әдістемелерге сәйкес есептеледі: [GRI 3-3](#) [GRI 305-7](#)

- Мұнай өңдеу және мұнай-химия кәсіпорындары үшін атмосфераға зиянды заттардың жалпы шығарындыларын есептеу әдістемесі;
- Жылу электр станциялары мен қазандықтар үшін атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларын анықтау әдістемесі;
- Газды тасымалдау және сақтау объектілерінде атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларын есептеу әдістемесі;
- 4 санаттағы объектілерден атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларын есептеу әдістемесі;
- Ұйымдастырылмаған көздерден шығарындылар нормативтерін есептеу әдістемесі;
- Кәсіпорындардың шығарындыларынан атмосфералық ауадағы зиянды заттардың концентрациясын есептеу әдістемесі;
- Қоршаған ортаға эмиссия нормативтерін анықтау әдістемесі және т. б.

**16 ОБЪЕКТІНІҢ 8-І АМЖ ОРНАТЫЛҒАН, ОНЫҢ ІШІНДЕ ҮШ ОБЪЕКТ ДЕРЕКТЕРДІ ЭКОЛОГИЯ, ГЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР МИНИСТРЛІГІНЕ, БЕСЕУІ ҚОСЫЛУ ҮДЕРІСІНДЕ БЕРЕДІ.**

2024 жылдың соңына дейін АМЖ 4 объектіге, ал 2025-2026 жылдары тағы 4 объектіге орнатылады деп жоспарлануда, бұл оларды жаңғырту мерзімдерінің аяқталуына байланысты. [GRI 3-3](#)

## Ластаушы заттардың шығарындылары

Қор Тобы бойынша 2023 жылы ластаушы заттар шығарындыларының көлемі 499,9 мың тоннаны құрады, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 0,8% - ға артық. [GRI 305-7](#) [SASB](#)

Ең көп шығарындылар (71%) электр және жылу энергиясын өндіру секторына түсіп, 354,9 мың тоннаны құрайды. Шығарындылардың негізгі көздері – қазба отындарын пайдаланатын ЕГРЭС-1, ЕГРЭС-2С, АлЭС сияқты жылу электр станциялары және «Богатырь-Көмір» компаниясы. 2022 жылмен салыстырғанда электр және жылу энергиясын өндіру секторының шығарындылары 1,2%-ға азайды. «Самұрық-Энерго» АҚ «Өндірілетін электр энергиясының экологиялық тазалық көрсеткіші. 1 кВт/сағ-қа CO/SOx/NOx/қатты бөлшектер шығарындыларының көлемі» көрсеткіші бойынша өзінің прогрессін қадағалап тұрады. 2023 жылы ластаушы заттардың үлестік шығарындысы 9,5 г/кВт\*сағ-ты құрады. Өндірістік объектілерінде ластаушы заттардың шығарындыларын азайту мақсатында 1,6 млрд теңге сомасына шаңтозаң-газ тазалау жүйелерін жөндеу және жаңғырту жұмыстары жүргізілді. «Самұрық-Энерго» АҚ-та АМЖ алғаш рет «ЕГРЭС-2С» АҚ-та енгізілді.

Мұнай-газ өндіру және өңдеу секторы шығарындылардың 24%-ын (119,5 мың тонна) құрайды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 1%-ға төмен. Секторда газды жалындатып жағу көлемін қысқарту бойынша шараларды іске асыру жалғасуда. Атмосфералық ауаға жағымсыз әсерді азайту мақсатында мұнайды қыздыру пештеріндегі техникалық ескірген оттықтарды ауыстыру; кешенді газ өңдеу және өңдеу қондырғыларын салу; эксплуатациялық-баптау жұмыстарының кестесіне сәйкес пештердің оттық құрылғыларының күйіне жүйелі бақылау жүргізіледі және т.б. орнатылған. [GRI 3-3](#)

Газ тасымалдау секторы шығарындылары 4%-ды (18,2 мың тонна) құрайды. 2022 жылмен салыстырғанда шығарындылар көлемі «Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» ЖШС-де газды жағуға жұмсалатын шығынның ұлғаюына байланысты шығарындылар көлемі 11% - ға ұлғайды. Атмосфералық ауаға әсер етуді басқару үшін Компанияда Шығарындыларды басқару саясаты бар. Орта мерзімді келешекте ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындыларының нормативтерін сақтау жөніндегі іс-шаралар айқындалды. [GRI 3-3](#)


Жылу және электр энергиясын өндіру секторының ластаушы заттар шығарындыларының үлесі

71%

Теміржол тасымалы секторында шығарындылардың көлемі 4,3 мың тоннаны құрады, бұл жалпы көлемнің 0,9%-ын құрады. Өткен жылмен салыстырғанда шығарындылар 5%-ға азайған.

Қордың қалған қоржындық компанияларының ластаушы заттардың шығарындыларына қосқан үлесі 1%-дан аз. [GRI 305-7](#)

**Атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының көлемі, мың тонна**



- Азот оксидтері (NOx)
- Күкірт диоксиді (SOx)
- Ұшпа органикалық қосылыстар (ҰОҚ)
- Көміртек оксиді (CO)
- Қатты бөлшектер (PM)
- Өзгелері

## Энергияны оңтайландыру

Қазіргі тез өзгеріп жатқан әлемде энергия тұтыну саласындағы тұрақты даму талабы бұрынғыдан да өзекті болып отыр. Біздің көзқарасымыздың негізінде жаңартпалар мен үздіксіз жетілдіруге ұмтылу жатыр.

Тұрақты энергияға көшу келісілген күш пен өзгертуге дайын болуды талап етеді. Ең озық технологияларды пайдалана отырып, озық тәжірибелерді енгізу және жұмыскерлеріміздің арасында энергияны үнемдеу мәдениетін дамыту арқылы біз тұрақтылық мақсаттарымызға жету жолында айтарлықтай прогреске қол жеткізуге тырысамыз, сонымен бірге операциялық тұрақтылық пен бәсекеге қабілеттілікті арттырамыз.

«2027 жылға дейін энергия және ресурстарды үнемдеу бағдарламасы» энергия мен ресурстарды үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы біздің мақсаттарымыз бен міндеттерімізді айқындайды, сондай-ақ энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды іске асырудың басым бағыттары мен қағидаттарын белгілейді. Бағдарламаның бірінші кезектегі ұйым-

дастырушылық іс-шараларының бірі Қор компанияларында шаруашылық қызметінің нәтижелері және ОЭР тұтыну көлемі туралы ақпаратты тұрақты жинау, талдау және ағымдағы бақылау жүйесін құру болды. Бағдарламаға сәйкес тоқсан сайынғы (есептіліктің кейбір нысандары бойынша – жыл сайынғы) есептілік көзделген.


Бірқатар қоржындық компанияларда энергия тиімділігін басқару бағдарламалары, энергия үнемдеу бағдарламалары, энергетикалық саясаттар және т.б. бекітілген. Көптеген компанияларда ISO 50001: 2011 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес энергетикалық менеджмент жүйесі жұмыс істейді. **GRI 3-3** Бірқатар қоржындық компаниялар стандартқа сәйкес үнемі энергия аудитін жүргізеді. Энергия аудиттерінің қорытындысы бойынша энергия тиімділігі жөніндегі іс-шаралар жоспарланып, іске асырылуда.

## Отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну көрсеткіштері


Қор ішіндегі энергияны тұтыну 2023 жылы 431<sup>51</sup> млн ГДж құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 5%-ға төмен.



Жалпы энергия тұтыну, миллион ГДж



Сегменттер бойынша энергия тұтыну, млн ГДж



<sup>51</sup> Жалпы энергия тұтыну=ОЭР тұтыну + ЖЭК-тен энергия тұтыну + сатып алынған электр энергиясы және жылу - минус сатылған электр энергиясы және жылу + салқындату + бу.  
<sup>52</sup> 2022 жылғы тұрақтылық туралы есепте энергияны жалпы тұтыну екі еселенген есепті болдырмау үшін осы жылы сатылған электр энергиясын алып тастауға байланысты ерекшеленеді.




### Отын түрі бойынша жаңартылмайтын көздерден отын тұтыну, млн ГДж



● Тас көмір ● Газ ● Ліспе-мұнай газы  
● Қазандық-пеш отыны ● Сұйық отын

### Жаңартылатын көздерден отын тұтыну, мың ГДж



### Жаңартылмайтын көздерден ОЭР-ді тұтыну, мың ГДж

GRI 302-1, SASB

Отын түрі	2020	2021	2022	2023
Сұйық отын, соның ішінде:	28 970	30 634	31 685	32 972
- Бензин	1 007	928	880	1 090
- Дизель отыны	27 962	29 706	30 806	31 882
Қазандық отыны, соның ішінде:	49 877	45 385	50 255	47 523
- Пеш отыны	42 206	39 700	46 372	42 380
- Мұнай	781	652	958	1 169
- Мазут	6 836	5 006	2 924	3 975
- Теңіз отыны (ИФО мазуты)	54	28	1	0
- Ліспе мұнай газы	13 932	14 461	15 702	12 933
- Тас көмір	293 556	334 710	328 633	327 121
Газ, соның ішінде:	114 536	145 496	129 662	111 346
- Табиғи газ	97 069	127 248	112 458	94 789
- Бензині алынған газ	17 257	18 036	17 103	16 484
- СКГ	214	217	102	73
<b>Барлығы</b>	<b>500 870</b>	<b>570 686</b>	<b>555 938</b>	<b>531 895</b>

\* ГДж-дағы заттай мәндерден отын тұтынуды қайта есептеу коэффициенттері 2016 жылғы 11 тамыздағы № 160 «отын-энергетикалық теңгерімді қалыптастыру және энергетика саласын сипаттайтын жекелеген статистикалық көрсеткіштерді есептеу жөніндегі әдістемеге» сәйкес айқындалды. [GRI 302-1, GRI 302-4](#)

2023 жылы Қор бойынша жаңартылмайтын көздерден ОЭР тұтыну құрылымында тас көмір 62%, газ – 21% (оның ішінде табиғи газ – 18%), дизель отыны – 6%, қазандық-пеш отыны – 4% алады. Ең көп ОЭР (көмір) ЖЭС-те электр және жылу энергиясын өндіру үшін электр энергиясы мен жылу өндіру секторын тұтынады.

2023 жылғы энергия үнемдеудің жиынтық көлемі

# 11,5

млн ГДж

Жаңартылатын көздерден энергияны тұтыну 16,9 мың ГДж құрады, оның басым бөлігін ЖЭК генерациясы құрады. [GRI 302-1](#)

Жылу және электр энергиясын өндіру секторындағы ең көп энергия тұтыну – 207,1 млн ГДж, бұл жалпы тұтынудың 48%-ын құрайды. Мұнай мен газды барлау, өндіру, өңдеу және мұнай тасымалдау секторында энергия тұтыну 124,1 млн ГДж (жалпы тұтынудың 29%) құрады. Бұл секторда отын шығыны өткен жылмен салыстырғанда 7%-ға төмендеді, бұл табиғи газ бен ІМГ-ні тұтынудың азаюына байланысты. Газ тасымалдау секторы 40,2 миллион ГДж тұтынды, бұл жалпы энергия тұтынудың 9%-ын құрады. Теміржол тасымалы секторының энергия тұтыну көлемі 41,6 млн ГДж құрады – жалпы энергия тұтынудың 10%.


Сатып алынған электр энергиясының көлемі 60,6 млн ГДж, жылу энергиясы – 5,2 млн ГДж құрады. Сатылған электр энергиясының көлемі 143,1 млн ГДж, жылу энергиясы – 23,8 млн ГДж-ды құрады. [GRI 302-1](#)

Қордың әрбір секторындағы өнім бірлігіне энергия сыйымдылығы ESG data [11-қосымшада көрсетілген](#). [GRI 302-3](#)

Энергия және ресурс үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс шеңберінде 2023 жылы энергия үнемдеудің жиынтық көлемі – 11,5 млн ГДж-ды құрады. [GRI 302-4](#)

Энергия тұтынуды қысқартудағы ең үлкен үлесті электр энергиясы мен жылу өндіру секторы құрады-87%. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес қатысатын өңірлерде қоршаған ортаға теріс әсерді азайту (ластаушы заттар шығарындыларын азайту, парниктік газдар шығарындыларының көлемін

### Қысқарту бастамалары нәтижесінде энергия тұтынуды қысқарту, млн ГДж



азайту) бойынша жұмыс жүргізілуде. Секторда жаңа қосалқы станциялар салу, энергия желілерін қайта құру және жетілдіру, энергетикалық инфрақұрылымдарды оңтайландыру және жаңғырту сияқты энергия тиімділігі жөніндегі іс-шаралар іске асырылуда. [GRI 302-4](#)

Мұнай мен газды өндіру және өңдеу секторында энергия ресурстарын үнемдеу 717 мың ГДж-ды құрады. Газ тасымалдау секторында – 352 мың ГДж. Технологиялық жабдықтарды жаңғырту, энергия үнемдеу технологияларын енгізу, энергия өндірудің өзіндік көздерін дамыту, жарықтандыруды ауыстыру, жұмыс уақытынан тыс уақытта үй-жайлардың температурасын төмендету, компрессорлық станциялардың жүктемелерін оңтайландыру және т. б. іс-шаралар іске асырылды.

Уранды барлау және өндіру секторында энергия ресурстарын үнемдеу 218 мың ГДж-ды құрады. Энергия тасымалдаушыларды тұтыну және энергия тиімділігін арттыру саласында уран шығаруға арналған электр энергиясы шығысының жылдық жоспарлы үлестік нормаларынан асып кетуге жол бермейтін ҚНҚ белгіленген.

Теміржол тасымалы секторында үнемделген Отын және энергия ресурстарының көлемі өткен жылмен салыстырғанда 10 еседен астам өсіп, 150 мың ГДж құрады. 2023 жылы қабылданып жатқан шараларды егжей-тегжейлі сипаттай отырып, 2023-2027 жылдарға арналған Төмен көміртекті дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді. «Қазақстан темір жолы ҰК» АҚ-мен аралас жылытуы бар жолаушылар вагондары, экологиялық көрсеткіштері жоғары локомотивтері сатып алынды, филиалдардағы жылыту қатты отыннан электр жылытуға ауыстырылды, сондай-ақ «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының филиалдарында энергия тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралар жүргізілді, бұл отын шығыстарын, тиісінше ластаушы заттардың шығарындыларын азайтуға мүмкіндік берді.



## Биоалуантүрлілікті сақтау

Адамзат ауқымды экологиялық дағдарыстың алдында тұр – адамдардың іс-әрекетінен туындаған түрлердің алтыншы жаппай жойылуы.

Биоалуантүрлілікті сақтау және қолдау біздің планетамыздың экожүйелерінің денсаулығы мен тіршілікке қабілеттілігінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Биологиялық алуантүрліліктің жоғалуы генетикалық алуантүрліліктің жоғалуы және экологиялық апаттарға осалдықтың артуы сияқты адамның амандығына айтарлықтай қауіп төндіреді. Биологиялық алуантүрлілікті сақтаудың негізгі бағдарламасы биологиялық алуантүрлілік туралы БҰҰ Конвенциясы (СОР 15) тараптарының конференциясында қол қойылған Куньмин-Монреаль биоалуантүрлілік шеңберлік бағдарламасы болды.

Әртүрлі өндірістік қорлар мен Қазақстанның барлық аймақтарында кең тарағандықтан, біз биоалуантүрлілікке әсер етуіміздің маңыздылығын мойындаймыз.

Қор Тобының кейбір компаниялары, мысалы, «Қазақтелеком» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ биоалуантүрлілікке әсер етуді басқару бойынша нұсқаулықтарды бекітті. 2023 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ «Итбалықтардың тіршілік ету ортасын сақтау және биологиялық алуантүрлілікті сақтау бойынша кешенді бағдарламасын» әзірледі. [GRI 3-3](#)



Қарапайым атжалман  
(*cricetus cricetus*)

толығымен жойылу алдында

## Қызмет түрі бойынша қатысу аумағына әлеуетті әсер ету [GRI 304-1, GRI 304-2](#)

Біздің қоржындық компанияларымыз Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында, әсіресе кең желілік инфрақұрылымы бар компанияларға қатысты. Мұндай компанияларға «ҚазТрансОйл» АҚ және «QazaqGaz» ҰК» АҚ магистральдық мұнай және газ құбырлары, «KEGOC» АҚ магистральдық әуе электр желілері, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ таратушы электр компанияларының әуе электр желілері, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ теміржол жолдары және «Қазақтелеком» АҚ кабельдік телекоммуникация желілері жатады. Бұл инфрақұрылым Қазақстанның әр түрлі аймақтарын қамтиды және әр түрлі рельефтерде, ұсақ шоқылардан таулы және жазық жерлерге дейін кездесетін орманды дала, жартылай сулы, дала, жартылай шөл және шөлді қоса алғанда, экожүйелердің әртүрлі түрлеріне әсер етеді.

- Елеулі желілік инфрақұрылымы бар қоржындық компаниялардың биоалуантүрлілікке теріс әсерінің негізгі аспектілері:
- тұяқты сүтқоректілердің қоныс аудару жолдарына темір жол жолдарын, жасанды қоршауларды, жағалау бөгеттерін, жедел жолдарды бөгеу;
- темір жолдар мен автомобиль жолдарында жануарлардың өлуі. [GRI 3-3](#)

Қордың қоржындық компаниялары аталған тәуекелдерді таниды және оларды барынша азайтуға бағытталған шараларды жүзеге асырады. [GRI 3-3](#)

### 2023 ЖЫЛЫ «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ ҚҰСТАРДЫ ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІНІҢ ӘСЕРІНЕН ҚОРҒАУ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ЖАЛҒАСТЫРУДА.

ХТҚО қызыл тізіміне енгізілген түрлердің тізбесі және мекендеу орындары қоржындық компаниялардың қызметі әсер ететін аумақта орналасқан қорғалатын түрлердің ұлттық тізіміне 4-қосымшаға енгізілген. [GRI 304-4](#)

### Теміржол тасымалы

2022 жылы Таусамалы – Құмыстау учаскесіндегі темір жол көпірінде «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ 18 жүк вагонының рельстен шығып кетуі және жүктері бар 6 жүк вагонының құлауы салдарынан Ертіс өзеніне экологиялық залал келтірілді. Балық шаруашылығындағы шығындарды өтеу жөніндегі іс-шаралар 2024 жылға дейін жалғасады. Осы оқиғаның Өскемен су қоймасына уақытша жағымсыз әсерлері мыналарды қамтиды:

- кеннің шөгуді және лайланудың жоғарылау аймақтарының пайда болуы нәтижесінде қабат түбіндегі бентостардың өлуі;
- зоопланктонның өлуі немесе теміржол вагондарының су қоймасына түсуі кезінде пайда болған лайланудың жоғарылау аймағындағы өндірістік үдерістердің бұзылуы;
- балықтардың көбею жағдайларының бұзылуы, уылдырық шашатын субстраттардың бұзылуы, жұмыртқалар мен балық дернәсілдерінің өлуі. [GRI 304-2, GRI 3-3](#)

Есептеулер бойынша азық-түлік организмдерінің өлуі нәтижесінде балық өнімдерінің жалпы шығыны 2,6 мың кг құрады.

### Электр энергиясын өндіру және тарату

Электр энергиясын өндіретін негізгі өндірістік кәсіпорындар Павлодар және Алматы облыстарында, өнеркәсіптік даму деңгейі жоғары және соның салдарынан қоршаған ортаның техногендік ластануының жоғары деңгейіне ұшыраған аймақтарда орналасқан. Өндіріс орындары Қызыл кітап, құрып кету қаупі төнген немесе жануарлар мен құстардың басқа түрлері жоқ өнеркәсіптік жерлерге орналастырылады. Қор кәсіпорындарының өндірістік қызметінің қоршаған ортаға әсері минималды және тұрақты бақылауда.

Су электр станциялары мен жел электр станцияларының





биоалуантүрлілікке кері әсерінің негізгі аспектілері:

- ихтиофаунаның (уылдырықтың), су омыртқасыздарының, су өсімдіктерінің, кейбір суда жүзетін және жартылай су құстарының өзендердегі және/немесе басқа да су айдындарындағы су деңгейінің айтарлықтай өзгеруіне байланысты қырылуы;
- жел электр турбиналарымен соқтығысудан құстардың өлуі;
- жұмыс кернеуіндегі орташа қуатты әуе желілерінде және қосалқы станция жабдығында құстардың электр тогының соғуынан өлуі. [GRI 3-3](#), [GRI 304-2](#)

Ерейментау қаласы ауданындағы қуаты 45 МВт ЖЭС-тің құрылыс алаңында жүргізілген зоологиялық зерттеуге сәйкес Ерейментау тауларында Қазақстанның Қызыл кітабына енген құстардың 2 түрі (қыран бүркіт, дала қыраны) табылды. Орнатылған жел қондырғыларынан алшақ орналасқан автомобиль жолдары мен темір жолдардың бойындағы ойпаңды және орманды жерлерде құстардың кептелуі анықталды. Аталған түрлер мен басқа құстардың соқтығысу ықтималдығы «минималды» деп анықталды. ЖЭС-ті пайдалану кезеңінде қоныс аударатын құстардың турбиналармен соқтығысуы жағдайлары тіркелмеген (есепке алу журналы жүргізіледі).

### Мұнай мен газды өндіру

Кейбір мұнай және газ кен орындары Каспий теңізінде орналасқан және биоалуантүрлілік үшін тәуекелдердің ерекше тобын құрайды. Солтүстік Каспий – Каспийдің ең өнімді бөлігі. Бұл аймақтың биологиялық ресурстары айтарлықтай ауқымды. Ихтиофаунаның ең маңызды кәсіптік балық түрлерінің ішінде 25 түрі бар, оның ішінде бекіре балықтары осы бассейндегі олардың дүние жүзіндегі қорының 70–80%-дан астамын құрайды. Солтүстік Каспий теңізі суларының шығыс бөлігі, оның ішінде Еділ (Қазақстан Республикасының шегінде) және Жайық өзендерінің атыраулары Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорғалатын аумақта орналасқан. Солтүстік Каспий теңізінің сулы-батпақты жерлері, әсіресе Еділ, Жайық және Ембі өзендерінің атыраулары, сондай-ақ теңіздің жағалық аймақтары мен сулары континенттің негізгі аймақтарын білдіреді, миллиондаған суда жүзетін құстар мен жағалау құстарына ұя салу кезінде пана береді, түлеу, қоныс аудару және қыстау кезеңдері. Еуразиядағы ең ірілерінің бірі Сібір-Қара теңіз-Жерорта теңізі ұшағы Солтүстік Каспий теңізі арқылы өтеді.

Мұнай-газ компанияларының биоалуантүрлілікке теріс әсерінің негізгі аспектілері:

- Каспий итбалықтарын мазалау факторы;
- құстар мен итбалықтардың мекендейтін жерлерінің мұнай және мұнай өнімдерімен ластануы;
- Каспий теңізіне улы заттардың кездейсоқ/рұқсат етілмеген шығарылуы нәтижесінде ихтиофауна мен итбалықтарға зиян келтіру;
- ашық булану кен орындарына мұнай көмірсутектерінің уытты әсері;
- булану алаңдарына қонатын су құстарының өлуі;
- жұмыс кернеуіндегі әуе желілері мен қосалқы станция жабдығының электр тогының соғуынан құстардың өлуі;
- жаңа ұңғымаларды және онымен байланысты инфрақұрылымды салу кезіндегі алаңдаушылық факторы;
- жол желісін кеңейту нәтижесінде өсімдіктер қауымдастығының деградациясы. [GRI 3-3](#), [GRI 304-2](#)

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ 2023 жылғы шілдеде Жайық өзеніне (Атырау облысы) балық тұқымдық материалын (сүйрік) жіберу арқылы Жеңіс учаскесінде V-1 ұңғымасын салу және қараусыз қалдыру кезінде балық ресурстарына келтірілген зиянды өтеу бойынша жұмыс жүргізді. [GRI 3-3](#)

### Тау-кен металлургия секторы

Қор Тобына тау-кен секторындағы кәсіпорындар кіреді. Олардың қатарында уран барлау және тау-кен металлургия кәсіпорындары бар.

Өсімдік жамылғысына тікелей механикалық әсер ету көздері топырақ горизонттарының тұтастығын және табиғи басым өсімдік жамылғысын бұзатын құрылыс, монтаждау, бұрғылау және қазу жұмыстары болып табылады. Өз кезегінде, құрылыс және бұрғылау жұмыстары өндіріс орындарының айналасында шоғырланған далалық жолдардың көбеюіне әкеледі, бұл топырақ пен өсімдік жамылғысына қосымша қысым жасайды. Ауданның күрт континенттік климаттық жағдайларын, климаттың құрғақтығын, топырақтың тұздануын, сондай-ақ Арал теңізі проблемасының топырақ пен өсімдік жамылғысының өзін-өзі сауықтыруына әсерін ескерсек, бірнеше жыл қажет. Әсер аумақтардың арамшөптермен толып кетуінен және басым түрлердің ығысуынан көрінуі мүмкін. Жанама әсерлер шаңда және көліктерден жанармай жану өнімдерінің топырақ пен өсімдіктерге бөлінуінде көрінуі мүмкін. [GRI 3-3](#) Алайда



желдің күшеюі және азот пен күкірт қосылыстарының дисперсиясының жоғары жылдамдығы нәтижесінде соңғысының әсері өсімдіктердің өмірлік жағдайына әсер етпейді. [GRI 304-2](#)

Әсер етудің негізгі түрі - тау-кен учаскесінің аумағындағы топырақ пен өсімдік жамылғысының механикалық бұзылуы, құрылыс жұмыстары кезінде жануарлардың бұзылуына әкеліп соғады, бұл жағдайда құрылыс жұмыстары кезінде бауырымен жорғалаушылар, құстар мен сүтқоректілер белгілі бір қашықтыққа ығыстырылуы мүмкін. және жануарлардың табиғи мекендеу ортасының фрагменттік өзгеруі орын алады. Құрылыс аяқталғаннан кейін жануарлар әлеміне әсері айтарлықтай төмендейтін болады. Ірі сүтқоректілердің кейбір түрлері, сондай-ақ құрылыс кезеңіндегі бұзылуларға байланысты аумақтан мәжбүрлеп шығарылған немесе қоныс аудару жолдарын өзгерткен құстардың кейбір түрлері аумақты қайта отарлауы мүмкін. Әсер жануарлардың инвазивті түрлерін енгізуді қамтуы мүмкін. [GRI 3-3](#), [GRI 304-2](#) Бұл үдерістер қайтымсыз емес және аймақтағы жануарлардың гендік қорына әсер етпейді. Бұл әсердің маңыздылығы төмен.

2023 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ сирек кездесетін және Қызыл кітапқа енген түрлерді ескере отырып, флора мен фаунаның түрлік құрамын анықтай отырып, уран өндіруші кен орындары орналасқан аумақтағы биоалуантүрлілік жағдайына мониторингтік зерттеулер жүргізді. [GRI 3-3](#)

### КОРЖЫНДЫҚ КОМПАНИЯЛАР ӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕСІНДЕ БҰЗЫЛҒАН ЖЕРЛЕРДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАРДЫ ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ЖҮРГІЗЕДІ.

Егіс алқаптарында, құрылыс алаңдарында және басқа жұмыстарда жұмыстардың аяқталуына қарай жерді шаруашылық айналымға қайтара отырып, ландшафт пен өсімдік жамылғысын қалпына келтіру үшін кезең-кезеңімен мелиоративтік жұмыстар жүргізіледі [GRI 304-3](#)



## Биоалуантүрлілікті сақтау үшін маңызды зардап шеккен аймақтардың тізімі GRI 304-1

19-кесте. Қордың қоржындық компанияларының зардап шеккен немесе жақын орналасқан аумақтары негізгі орнитологиялық аумақтар (IBA)<sup>53</sup>

№	IBA	Заңды тұлғаның атауы
1	KZ006	«Интергаз Орталық Азия» АҚ («QazaqGaz» ҰК» АҚ)
2	KZ008	«ҚазТрансОйл» АҚ («ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ)
3	KZ009	«ҚазТрансОйл» АҚ («ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ)
4	KZ010	«Интергаз Орталық Азия» АҚ («QazaqGaz» ҰК» АҚ)
5	KZ011	1. «ҚазТрансОйл» АҚ («ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ) 2. «Исатай Оперейтинг Компани» ЖШС («ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ)
6	KZ012	«ҚазТрансОйл» АҚ («ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ)
7	KZ013	«ҚазТрансОйл» АҚ («ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ)
8	KZ016	«ҚазТрансОйл» АҚ («ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ)
9	KZ017	«Интергаз Орталық Азия» АҚ («QazaqGaz» ҰК» АҚ)
10	KZ018	«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ)
11	KZ049	«Ereymentaу Wind Power» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ)
12	KZ056	«Интергаз Орталық Азия» АҚ («QazaqGaz» ҰК» АҚ)
13	KZ063	«Интергаз Орталық Азия» АҚ («QazaqGaz» ҰК» АҚ)
14	KZ065	«Интергаз Орталық Азия» АҚ («QazaqGaz» ҰК» АҚ)
15	KZ066	«Интергаз Орталық Азия» АҚ («QazaqGaz» ҰК» АҚ)
16	KZ068	1. «Қаратау» ЖШС («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ) 2. «Уранэнерго» ЖШС («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ)
17	KZ069	1. «Қаратау» ЖШС («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ) 2. «Буденоское» БК» ЖШС («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ) 3. «Уранэнерго» ЖШС («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ) 4. «Русбурмаш-Қазақстан» ЖШС («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ)
18	KZ070	1. «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ) 2. «Ақбастау» БК АҚ («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ) 3. «Уранэнерго» ЖШС («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ) 4. «Шалқия Цинк ЛТД» АҚ («Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ) 5. «Интергаз Орталық Азия» АҚ («QazaqGaz» ҰК» АҚ)
19	KZ071	«Шалқия Цинк ЛТД» АҚ («Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ)
20	KZ072	1. КАТКО БК ЖШС («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ) 2. «Шалқия Цинк ЛТД» АҚ («Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ)
21	KZ073	«Интергаз Орталық Азия» АҚ («QazaqGaz» ҰК» АҚ)
22	KZ076	1. «Шардара СЭС» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ) 2. «Интергаз Орталық Азия» АҚ («QazaqGaz» ҰК» АҚ)
23	KZ084	«EWP» ЖШС, «БЖЭС» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ)
24	KZ103	«Ұ.Д. Қантаев атындағы Мойнақ СЭС» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ)
25	KZ105	«Богатырь Көмір» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ)
26	KZ108	1. «АЭС Шүлбі СЭС» ЖШС «Шүлбі СЭС» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ) 2. «Қазмырыш» ЖШС («Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ)

<sup>53</sup> <http://datazone.birdlife.org/site/mapsearch>

Қордың қоржындық компанияларының зардап шеккен немесе жақын орналасқан аумақтары биоалуантүрліліктің негізгі аумақтары (КВА)<sup>54</sup>

№	КВА	Заңды тұлғаның атауы
1	19 944	«Шардара СЭС» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ)
2	19 955	1. КАТКО БК ЖШС («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ) 2. «Шалқия Цинк ЛТД» АҚ («Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ)
3	20 601	«Ұ.Д. Қантаев атындағы Мойнақ СЭС» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ)
4	20 927	1. «Өзенмұнайгаз» АҚ («ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ) 2. «Ақтау Теңіз Солтүстік Терминалы» ЖШС («Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ)
5	21 811	«Өзенмұнайгаз» АҚ («ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ)
6	21 947	«Шалқия Цинк ЛТД» АҚ («Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ)
7	21 969	«Samruk-Green Energy» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ)
8	21 980	«Ембімұнайгаз» АҚ («ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ)
9	21 986	«EWP» ЖШС, «БЖЭС» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ)
10	22 007	«ҚМГ-Қарашығанақ» ЖШС («ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ)
11	22 284	1. «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ) 2. «Шалқия Цинк ЛТД» АҚ («Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ)
12	46 725	«Ұ.Д. Қантаев атындағы Мойнақ СЭС» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ)

[Ерекше қорғалатын түрлердің тізбесі 4-қосымшада келтірілген.](#)

<sup>54</sup> <https://www.keybiodiversityareas.org/sites/search>

## Су ресурстарын басқару

Біз су ресурстарын жауапты басқару мен сақтаудың маңыздылығын мойндаймыз және суға қатысты тәуекелдер мен әсерлерді барынша азайтуға міндеттенеміз.

Дүниежүзілік ресурстар институтының болжамы бойынша Қазақстан су стрессінің орташа және жоғары деңгейі (20–40%) бар елдер қатарына жатқызылды және 2040 жылға қарай су стрессінің өте жоғары немесе жоғары деңгейі бар елдердің қатарына кіреді. Біз суды пайдалану тиімділігін арттыру және суды тұтынуды азайту бойынша шараларды жүзеге асырып жатырмыз. Біз қоржындық компанияларды, жергілікті қауымдастықтарды және мемлекеттік органдарды қоса алғанда, суға қатысты мәселелерді бірлесіп шешу үшін мүдделі тараптармен серіктестік пен ынтымақтастық орнатамыз.

Су ресурстарын басқару Қазақстан Республикасының Су кодексіне және Экологиялық кодекске, Қазақстан Республикасының санитарлық ережелеріне, су қорын қорғау саласындағы рұқсат беретін құжаттамаға, сондай-ақ қоржындық компаниялардағы су ресурстарын басқару жөніндегі ішкі саясат пен бағдарламаларға сәйкес жүзеге асырылады. Қоржындық компаниялардың өздері су тұтынуды азайту бойынша мақсатты көрсеткіштерді белгілейді. [GRI 3-3](#) [GRI 303-1](#) [SASB](#)

Күл қождарын тасымалдау үшін пайдаланылатындардан басқа барлық сарқынды сулар қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындау әдістемесінде айқындалған рәсімдерге сәйкес санитариялық-гигиеналық стандарттарда белгіленген нормаларға жеткенге дейін мұқият тазалаудан өтеді. Ластаушы заттардың шекті шоғырлануы және жол берілетін төгінділердің шегі рұқсат етілген ең жоғары төгінділер мен санитариялық-эпидемиологиялық және экологиялық бағалау нәтижелері туралы жобалық деректер негізінде белгіленген. [GRI 3-3](#) [GRI 303-2](#) [GRI 303-4](#)

Су ресурстарына әсерін бағалау мақсатында біз жер асты және жер үсті су объектілеріне тоқсан сайын тұрақты мониторинг жүргізіп отырмыз. Бұл мониторинг су ресурстарының сапасы мен қолжетімділігін үнемі қадағалап отыруға мүмкіндік береді. Жер асты сулары үшін арнайы қадағалау мониторингілеу ұңғымалары қолданылады. Біз сондай-ақ суды тұтынуды азайту және айналымдағы суды пайдалануды арттыру бойынша іс-шараларды жүйелі түрде жүргіземіз. Сезімтал су объектілеріне әсер ету мониторингінің нәтижелері тоқсан сайын уәкілетті органдарға ұсынылып отырады. Қоржындық компаниялардағы су ресурстарын реттеу мәселелерін экология департаменттері үйлестіреді. Қоршаған ортаға әсерді бағалауды жүргізу кезінде қоғамдық тыңдаулар өткізіліп, онда су объектілеріне әсері қаралады және барлық мүдделі тараптардың пікірлері ескеріледі. [GRI 303-1](#) [GRI 413-1](#)



Жылу және электр энергиясын өндіру секторының су алу үлесі

**69,7%**

Тапшы өңірлердегі су алу көлемі

**29,6**  
мың Мл

### Су алу

Біздің қызметіміздің ең үлкен әсері Қазақстанның батыс өңірінің Жайық және Қиғаш өзендері, Көкжиде құмдары, Пятимар су қоймалары, сондай-ақ Шарын және Бестөбе су қоймалары («Мойнақ СЭС» АҚ), Сырдария өзені мен Шардара су қоймасы, Қ. Сәтбаев атындағы арна, Шідерті арнасы (Үлкен Алматы көлі және Үлкен Алматы өзені бассейні – СЭС-тер каскады), Қапшағай су қоймасы (Қапшағай СЭС), сондай-ақ Шу-Сарысу бассейні сияқты су айдындарына тиеті. Бұл объектілер ерекше экологиялық, экономикалық, тарихи, мәдени және рекреациялық құндылықты білдіреді. [GRI 303-1](#)

2023 жылы Қордың су алу көлемі 63 924 мың мл құрады (СЭС су тартуды және ілеспе-қатпарлы суды есептемегенде - 331 мың Мл). Суды алу өткен жылмен салыстырғанда 0,3%-ға өсті, бұл негізінен электр энергиясын өндіру үшін жер үсті суларынан алудың артуы есебінен орын алды. Қор Тобындағы компаниялар арасында ең көп су алу электр энергиясын өндіру секторынан (63 686 мың Мл). Су электр станцияларымен электр энергиясын өндіру үшін су алынады, сондай-ақ «Богатырь-Көмір» ЖШС-де электр станцияларындағы және көмір өндіру кезіндегі технологиялық үдерістер үлкен көлемдегі суды алуды мемлекеттік органдар рұқсат еткен көлемде қатаң түрде жүзеге асырады. Электр энергиясы мен жылуды өндіру секторындағы СЭС-тен (Шүлбі СЭС, Өскемен СЭС, Мойнақ СЭС, Бұқтырма СЭС және т. б.) су алу бөлек есептеледі және 63,5 млн Мл құрайды. Бұл көлем толығымен дерлік жер үсті суларына қайтарылады. [GRI 303-3](#) [SASB](#)

Мұнай және газ өндіру, өңдеу секторы 217,4 мың Мл алды (ілеспе-қатпарлы суды есептемегенде - 80,5 мың Мл), өткен жылмен салыстырғанда 1% - ға төмен. «ҚазМұнай-Газ» ҰК» АҚ-да 2023 жылы 10 жылдық кезеңге арналған

су ресурстарын басқару бағдарламасы әзірленді. Бағдарлама экожүйелерді сақтау, экономиканың жоспарланған өсуін қамтамасыз ету, сондай-ақ су ресурстарын басқару жүйесін жетілдіру үшін су ресурстары тапшылығының алдын алу мәселесін шешуге бағытталған. Бағдарлама 2024 жылы бекітіледі деп күтілуде. 2020 жылдан бастап Компания өзінің су ізін есептейді және су қауіпсіздігі сауалнамасы аясында Carbon Disclosure Project алаңында суды басқару туралы ақпаратты орналастырады.

Уранды қайта өңдеу секторында су тарту 9,1 мың Мл құрады. 2023 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесі су ресурстарын басқарудың 2023-2030 жылдарға арналған стратегиясын бекітті. Құжат компанияның өндірістік қызмет үдерісінде суды ұтымды және ұқыпты пайдалануға деген міндеттемесін көрсетеді.

Барлығы 63 735 мың Мл-ден астам тұщы су алынды, бұл жалпы су қабылдаудың 99%-дан астам құрады. [GRI 303-3](#) [SASB](#)

Біз су тапшылығы жоғары өңірлердегі су тартуды ескереміз, WRI Aqueduct су стрессінің көрсеткішіне сәйкес оларға Каспий теңізінің, Арал теңізінің, Балқаш көлінің, Сырдария және Орал өзендерінің бассейндері жатады. Тапшы өңірлердегі су алу көлемі - 29,7 мың Мл, бұл жалпы көлемнің 1% - дан азын құрайды. Су тапшылығы бар өңірлерде Тұщы су алу көлемі осы жердегі су тартудың жалпы көлемінің 44% құрайды. [GRI 303-3](#)

<sup>55</sup> Wri Aqueduct мәліметтері бойынша: жоғары санат-жалпы су жүктемесі 40-80 %, өте жоғары санат > 80 %.



### Су тұтыну

Қордың технологиялық үдерістеріндегі секторлар арасында су ресурстарының ең маңызды тұтынушысы электр және жылу энергиясын өндіру секторы болып табылады – қордың жалпы су тұтынуының 64%. Мұнай мен газды өндіру және өңдеу секторы 31% құрайды. Уранды өндіру және өңдеу 2% тұтынады.

2023 жылы қайтарымсыз су тұтынудың жалпы көлемі 240,8 мың Мл, су тапшылығы бар өңірлерде – 26,4 мың Мл (11%) құрады. [GRI 303-5](#), [SASB](#) Қайта пайдаланылатын судың көлемі 22,3 мың Мл құрайды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 22% - ға артық. Айналымдағы судың көлемі 3,9 млн мл құрады, оның ішінде жылу және электр энергиясын өндіру секторы 3,5 млн Мл, ал мұнай мен газды өндіру және өңдеу секторы 0,44 млн Мл қайта пайдаланды.

Суды тұтыну және алу мониторингі үшін деректерді жинау үдерісі өндірістік объектілердің түрлеріне байланысты жүзеге асырылады:

- экологиялық есептілік нысанына сәйкес жыл сайын;
- тәулік сайын, суды есептеудің автоматтандырылған аспаптарынан;
- күн сайын өндірістік объектілердің жедел персоналы және т. б. [GRI 303-3](#)

### Суды бұру

Су бұрудың жалпы көлемі 94,7 мың Мл құрады. 99% - дан астамы электр энергиясын өндіру кезінде жер үсті су объектілеріне СЭС су бұруды құрайды. Қысымды ұстап тұру үшін қабаттарға 133 мың Мл, 73,3 мың Мл жылу және электр энергиясын өндіру секторы күл-қож қалдықтарын күл үйінділеріне бұру үшін пайдаланылады. [GRI 303-4](#)

Қоржындық компаниялар сарқынды сулардың сапасын зертханалық өлшеуді үнемі жүргізеді. Табиғат қорғау заңнамасымен және әсерді бағалау кезінде су сапасының экологиялық нормативтері белгіленеді. [GRI 303-2](#)


Қоршаған ортаға эмиссия нормативтерін анықтау әдістемесіне сәйкес концентрациясы сарқынды суларда өлшенетін негізгі ластаушы заттар: мұнай өнімдері, фосфаттар, тоқтатылған заттар, нитраттар, нитриттер және т. б. [GRI 303-4](#)

Жер үсті су айдындарына су бұру өнеркәсіптік аумақтардан және технологиялық процеске қатыспайтын сулардан нөсер суларын бұруды қамтиды. Тазартылған су нөсерлі кәріз жүйелері арқылы ағызылады. Сарқынды сулар су объектілеріне немесе жер бетіне шығар алдында заңнамалық нормативтерге сәйкес тазартылуы керек.

Мұнай мен газды өндіру және қайта өңдеу секторының су бұруы 144,1 мың Мл құрады, оның 10,4 мың Мл жасанды су объектілеріне бөлінді (буландырғыш тоғандар, сақтау тоғандары және сүзу өрістері).

Уран өндіру және қайта өңдеу секторында су бұру көлемі 3,9 мың Мл құрады. Қайта пайдаланылатын су көлемі (тазартудан кейін) 6,1 мың Мл құрады, бұл өткен жылдан 13% - ға артық және сектордың су бұру көлемінен асып түсті. [GRI 303-4](#)

Қордың су теңгерімі, мың Мл (млн м³)





## Қордың су теңгерімі, мың Мл (млн м³)

Көрсеткіш	2020	2021	2022	2023
<b>Су алудың жалпы көлемі, соның ішінде:</b>	<b>68 870,7</b>	<b>64 077,6</b>	<b>63 762,2</b>	<b>63 923,7</b>
Қордың өндірістік компанияларының қажеттіліктері: <sup>56</sup>	297,8	315,9	316,1	331,3
Жер үсті су объектілері	185,1	202,5	200,9	219,3
Жер асті су объектілері	49,0	45,9	40,9	40,1
Қалалық сумен жабдықтау жүйелері	41,1	45,8	50,6	52,6
Бөгде ұйымдар сулары	0,9	1,0	2,6	2,8
Өзге сумен жабдықтау жүйелері	21,7	20,7	21,1	16,5
<b>СЭС гидрогенераторларын іске қосу үшін су алу:</b>	<b>68 447,9</b>	<b>63 630,6</b>	<b>63 309,6</b>	<b>63 455,5</b>
Жер үсті су объектілері	68 447,9	63 630,6	63 309,6	63 455,5
<b>Жол бойында өндірілген су</b>	<b>125,0</b>	<b>131,1</b>	<b>136,5</b>	<b>137,0</b>
<b>Су бұрудың жалпы көлемі, оның ішінде:</b>	<b>68 661,4</b>	<b>63 859,4</b>	<b>63 541,2</b>	<b>63 682,9</b>
Қабылдаушы объектілер бойынша Қордың өндірістік компанияларынан: <sup>57</sup>	89,8	99,2	96,6	94,7
Жер үсті су объектілері	1,1	1,1	1,3	1,7
Жасанды жер үсті объектілеріне (сүзу өрістері, тоған-жинақтаушы, тоған-буландырғыш және т. б.)	17,7	19,7	18,1	16,5
Тазалау үшін үшінші тараптарға берілді	3,5	3,6	2,3	3,2
Басқа (күл үйіндісі)	67,5	74,9	74,7	73,3
<b>СЭС-тен су бұру</b>	<b>68 447,8</b>	<b>63 630,5</b>	<b>63 309,5</b>	<b>63 455,4</b>
Жер үсті су объектілері	68 447,8	63 630,5	63 309,5	63 455,4
<b>Су бұру (айдау) илеспе-қатпарлы су</b>	<b>123,8</b>	<b>129,7</b>	<b>135,2</b>	<b>132,9</b>
<b>Су тұтынудың жалпы көлемі, оның ішінде:</b>	<b>68 870,7</b>	<b>64 077,6</b>	<b>63 762,2</b>	<b>63 923,7</b>
Өндірістік қажеттіліктерге <sup>58</sup>	149,0	156,1	146,8	167,0
Шаруашылық-ауыссу қажеттіліктеріне	11,4	11,2	11,5	10,7
Пайдаланусыз үшінші тараптарға берілген	131,3	143,8	148,0	145,7
СЭС гидрогенераторларын іске қосу үшін	68 447,9	63 630,6	63 309,6	63 455,5
қабат қысымын сақтау	125,0	131,1	136,5	137,0
өзгелері	6,1	4,8	9,9	7,9

<sup>56</sup> СЭС Су алуын есепке алушы.<sup>57</sup> СЭС-тен су бұруды есепке алмағанда.<sup>58</sup> СЭС есебінсіз.

Суды қабылдау және ағызуды есепке алу үшін қоржындық компаниялар есептегіштер мен суды есепке алудың автоматтандырылған жүйелерін орнатты. Жасанды су объектілеріне ағызудың алдында сарқынды сулар сапа стандарттарына сәйкес тазартудан және зертханалық бақылаудан өтуі тиіс<sup>59</sup>. Сарқынды суларды тазарту физика-химиялық, механикалық және биологиялық әдістермен жүзеге асырылады. Тоқсан сайын сарқынды суларды тазарту сапасын тек аккредиттелген зертханалар ғана бақылап отырамыз, яғни нәтижесіне сенуге болады.

Көптеген еншілес Компаниялар су ресурстарына айтарлықтай кері әсер етпесе де, суды ұтымды пайдалануға ұмтылуда. Электр энергиясын тасымалдау секторында суды тұтыну шамалы, бірақ трансформатор майы суды ластаудың ықтимал көзі болуы мүмкін. Осыған байланысты жабдықты

таңдаған кезде жер асты сулары мен топырақтың ластануын болдырмайтын мұнайды пайдаланбай, анағұрлым экологиялық таза технологияларға артықшылық беріледі. Уран өндіру және өңдеу секторында уран жер асты ұңғымаларын шаймалау арқылы өндіріледі, бұл қызметтің ол жұмыс істейтін аймақтардың биоалуантүрлілігіне және су ресурстарына әсерін айтарлықтай төмендетеді.

«Атырау МӨЗ» ЖШС-де мұнай және газ өндіру және өңдеу секторындағы «Тазалық» жобасы аясында «Атырау МӨЗ» ЖШС-тің стандартты тазартылған сарқынды сулар арнасын қайта құру және булану кен орындарын қалпына келтіру» кіші жобасы бойынша құбырды қосу, зауыттың нормативтік тазартылған сарқынды суларын Атырау қ. ГКСС-ке жеткізу аяқталды. Жоба бойынша сарқынды суларды бақылаудың автоматтандырылған жүйесін орнату жүргізілуде.

<sup>59</sup> Ластаушы заттардың шығарындыларының нормативтері Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 10 наурыздағы №63 бұйрығымен бекітілген «Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындау әдістемесіне» сәйкес есептеледі

GRI 303-4

## Қалдықтарды басқару

Қалдықтарды азайту мәселесін шешу арқылы біз қоршаған ортаға әсерімізді азайтып қана қоймай, ресурстарды тұтынуды азайту, ақшаны үнемдеу және жаңартпаларды енгізу мүмкіндіктерін аламыз.

Қалдықтармен айналысу – қайта өңдеу және кәдеге жарату тәжірибесінен тыс шығатын көп қырлы мәселе. Ол компаниялардың қызметінде қолданылатын материалдардың барлық өмірлік циклін қамтиды - сатып алу мен өндіруден тұтыну мен кәдеге жаратуға дейін. Қалдықтарды азайту мәселесін шешу арқылы біз қоршаған ортаға әсерімізді азайтып қана қоймай, ресурстарды тұтынуды азайту, ақшаны үнемдеу және жаңартпаларды енгізу мүмкіндіктерін аламыз.

Өндірістік және коммуналдық қалдықтарды басқару, уақытша сақтау, тасымалдау, қайта өңдеу және кәдеге жарату Қазақстан Республикасының заңнамалық нормаларына сәйкес жүзеге асырылады және қоршаған ортаға, жұмыскерлер мен жергілікті тұрғындардың денсаулығына қауіп төндірмейді. Мемлекеттік органдар қалдықтарды қауіпсіз басқару бойынша тұрақты тексерулер жүргізеді. Коржындық компанияларда Экологиялық кодекске сәйкес әрбір өндірістік нысан үшін қалдықтарды басқару бағдарламалары әзірленген. [GRI 3-3](#)

**ҚОРЖЫНДЫҚ КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ҚАЛДЫҚТАР ТҮЗІЛЕТІН БАРЛЫҚ ОБЪЕКТІЛЕРІНДЕ ОЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ, САНЫ ЖӘНЕ ҚАСИЕТТЕРІ БОЙЫНША ӨНДІРІС ЖӘНЕ ТҰТЫНУ ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ ЕСЕБІ ЖҮРГІЗІЛЕДІ, ҚАУІПТІ ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ТӨЛҚҰЖАТТАРЫ ӘЗІРЛЕНЕДІ.**

Арнайы қалдықтар тізіліміне толтырылады, өйткені қалдықтар пайда болады және кәдеге жаратуға немесе кәдеге жаратуға жіберіледі. Қалдықтарды есепке алу нәтижелері қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға мынадай құжаттама нысанында ұсынылады: өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері туралы есептер (тоқсан сайын), қалдықтарды түгендеу туралы есептер (жыл сайын), қауіпті қалдықтар төлқұжаттары. [GRI 306-2](#)


Қор Тобы компанияларының қалдықтарының көп бөлігін одан әрі өңдеу/пайдалану/ кәдеге жарату үшін мамандандырылған ұйымдар шығарады, бұл қоршаған орта құрамдастарының ластануын азайтады немесе толығымен жояды. Оларды түпкілікті кәдеге жарату және кәдеге жарату орындарына әкеткенге дейін қалдықтар кәсіпорындардың аумағында 6 айдан аспайтын мерзімге уақытша жинақталады. [GRI 3-3](#)

Көптеген коржындық компаниялар макулатураны, пластмассаны, шыныны, пайдаланылған аккумуляторларды, пайдаланылған кеңсе техникасын, пайдаланылған автокөлік шиналарды одан әрі қайта өңдеу үшін мамандандырылған ұйымдарға беру үшін бөлек жинауды жүргізеді. «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ банкәлемі мен пластик бөтелкелерді қабылдауға арналған фондаттарды (бөтелкелерді қабылдауға арналған мамандандырылған аппарат) орнатты. [GRI 306-2](#) [GRI 3-3](#)

# 99%

Қор қалдықтарының негізгі бөлігі жылу және электр энергиясын өндіру секторына тиесілі

Қалдықтардың қалыптасуы, млн тонна [GRI 306-3](#)



Қор қалдықтарының негізгі бөлігі жылу және электр энергиясын өндіру секторына тиесілі-жалпы көлемнің 99% немесе 98 496,1 мың тонна. Қызметтің ерекшелігін ескере отырып, қалдықтардың жалпы көлеміндегі негізгі үлес «Богатырь Көмір» ЖШС көмір разрездерінің аршылған жыныстарына және қауіпті емес болып табылатын көмірді жағу нәтижесінде пайда болатын күл-қож қалдықтарына тиесілі. [GRI 3-3](#)

Мұнай-газ өндіру және өңдеу секторында 435,9 мың тонна қалдық (жалпы көлемнің 0,4%-ы) түзіледі. Осы секторда қалдықтардың келесі түрлері түзіледі: бұрғылау қалдықтары (бұрғылау ерітінділері мен шламдар), құрамында мұнай бар қалдықтар (түб шөгінділері, мұнаймен ластанған топырақ, мұнай шламы, ұңғымаларды кері шаю қалдықтары), пайдаланылған катализаторлар мен химиялық реагенттер және т.б. [GRI 306-1](#) Бұл сектор қауіпті қалдықтардың ең үлкен көлемін құрайды – 383 мың тонна (қауіпті қалдықтардың жалпы көлемінің 97%-ы). Майлы қалдықтар қауіпті қалдықтарға жатады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ құрамында мұнайы бар тарихи қалдықтарды кәдеге жарату және мұнаймен ластанған жерлерді тазарту жөніндегі міндеттемелеріне сәйкес «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ-ның тарихи түрде мұнаймен ластанған аумақтарын тазарту шараларын жүргізуде. 2023 жылы 1,1 мың тонна кәдеге жаратылып, олар орналасқан аумақтар қалпына келтірілді.

